

“SDU UNIVERSITY” мекемесі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
Тілдік білім беру кафедрасының жетекшісі
А.Ноғайбаева



маусов



Қазақстан Республикасы Алматы қаласы
Қаскелең ауданы Каскелең қ. а. ж. б. № 10
EST. 1992
FACULTY OF EDUCATION AND HUMANITIES
SDU UNIVERSITY
DHN 960240000330

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Орындаған:

«7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»


Білім беру бағдарламасының

2- курс магистранты


Магистранттың қолы

Шайзарат Нарғыз

Ғылыми жетекші:


Жетекшінің қолы

М. Жолшаева
ф. ғ. д., SDU professor

Қаскелең, 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 372.881.1

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың коммуникативтік
құзыреттілігін дамыту (септік категориясы негізінде)**

7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша

Шайзарат Нарғыз

Қаскелең, 2025

“SDU UNIVERSITY” мекемесі
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
Тілдік білім беру кафедрасының жетекшісі
_____ А.Ногайбаева
«_____» _____

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Орындаған:

«7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының

2- курс магистранты

Магистранттың қолы

Шайзарат Нарғыз

Ғылыми жетекші:

_____ М. Жолшаева

Жетекшінің қолы

ф. ғ.д., SDU professor

Қаскелең, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....	6
1.1 Педагогикалық парадигмадағы коммуникативтік құзыреттілік ұғымы.....	6
1.2 Коммуникативтік құзыреттіліктің білім беру жүйесіндегі маңызы.....	17
1.3 Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың жолдары.....	23
2 СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУДАҒЫ ОРНЫ.....	31
2.1 Қазақ тіліндегі септік категориясының зерттелуі: құрылымдық семантикалық аспект.....	31
2.2 Қазақ тіліндегі септік жалғауларының функционалды семантикалық ерекшеліктері.....	39
2.3 Септік жалғауларының қолданыстағы мәнмәтіндік мағыналары және олардың прагматикалық аспектісі.....	52
3 СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН МЕҢГЕРТУДЕГІ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ.....	67
3.1 Септік жалғауларын меңгертудегі тиімді әдістер мен тәсілдер.....	67
3.2 Септік жалғауларының мағыналарын меңгертудегі деңгейлеп оқытудың маңызы.....	73
3.3 Септік жалғауларды тиімді оқыту бойынша эксперименттік жұмыстың мазмұны мен нәтижесі.....	78
ҚОРЫТЫНДЫ.....	85
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	87

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы: Бұл зерттеу жұмысы қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту жолдарын қарастырады. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі септік категориясын меңгерту арқылы оқушылардың тілдік қатысым дағдыларын жетілдірудің тиімді жолдары ұсынылады. Зерттеу мектеп бағдарламасына сәйкес қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері мен тәжірибелік әдістеріне сүйенеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның тілдік, мәдени және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін құзыреттіліктерді дамыту. Осы орайда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – қазақ тілі пәнінің өзекті міндеттерінің бірі. Септік жалғаулары арқылы сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс орната білу – оқушылардың сөйлеу, жазу, түсіну қабілетін жетілдіруге негіз болады. Осыған байланысты септік категориясы негізінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту – теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе.

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның тілдік, мәдени және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін құзыреттіліктерді дамыту. Осы орайда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – қазақ тілі пәнінің өзекті міндеттерінің бірі.

Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның өз ойын ауызша және жазбаша түрде еркін, түсінікті жеткізе алуы, пікір алмасу барысында тілдік бірліктерді орынды қолдана білуі, әртүрлі тілдік жағдаяттарда тіл табыса алуы. Бұл құзыреттілікті дамыту – оқушының өмір бойы білім алуға, ақпаратпен жұмыс істеуге, қоғаммен еркін араласуға мүмкіндік береді. Сондықтан тілдік білім мазмұнын коммуникативтік мақсатқа бағыттап, оқушының практикалық тілдік әрекетін жетілдіру – қазіргі білім берудегі басым бағыттардың бірі.

Септік жалғаулары арқылы сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс орната білу – оқушылардың сөйлеу, жазу, түсіну қабілетін жетілдіруге негіз болады. Себебі септік формаларын меңгеру – сөйлем құраудың, ойды байланыстырып жеткізудің, тілдік қатынастың грамматикалық негізі. Септіктерді орынды қолдану арқылы оқушы коммуникативтік жағдаятта нақты әрі толық жауап бере алады, өз ойын жүйелейді, дәлелдейді, әрі сұхбат барысында логикалық құрылым сақтайды.

Осыған байланысты септік категориясы негізінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту – теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Себебі оқушылардың тілдік қатысымдық дағдылары мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда грамматикалық білімнің, соның ішінде септіктер жүйесін меңгертудің рөлі зор. Сонымен қатар, бұл тілдік бірліктердің мағыналық қызметін түсіну – мәтінмен жұмыс, диалог құру, пікір білдіру, ауызша және жазбаша сөйлеу сияқты негізгі әрекеттерге тікелей ықпал етеді.

Демек, оқытуда теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра отырып, септік жалғауларын деңгейлік тапсырмалар және коммуникативтік әдістер арқылы меңгерту – қазіргі білім берудің басым бағыттарымен үндес келеді. Осыған байланысты аталған мәселені терең зерттеу мен әдістемелік жүйе ұсыну – ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Қазақ тіліндегі септік категориясы негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту жолдарын анықтау, тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну және оларды оқу үдерісіне енгізу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

коммуникативтік құзыреттілік ұғымының ғылыми-теориялық негіздерін анықтау;

қазақ тіліндегі септік жалғауларының грамматикалық және мағыналық ерекшеліктерін талдау;

септік категориясын меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдерді саралау;

коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін құрастыру;

жұмыстың нәтижесін оқу үдерісінде тәжірибеден өткізу және тиімділігін бағалау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

Септік категориясын оқыту арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған әдістемелік жүйе ұсынылды;

Септік жалғауларының оқушы сөйлеу әрекетіне тигізетін ықпалына талдау жасалып, тапсырмалар үлгілері жасалды;

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мен грамматиканы үйлестіре оқытуға бағытталған интегративті тәсілдер ұсынылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы:

Зерттеу барысында алынған ғылыми тұжырымдар мен қағидалар қазақ тілін оқыту теориясын дамытуға, септік категориясын меңгертудің тиімді жолдарын айқындауға негіз болады. Бұл жұмыс тілдік құзыреттілік пен грамматикалық білімнің байланысын нақтылай түседі. Коммуникативтік дағдыны дамытуда грамматиканы, әсіресе септік жүйесін функционалдық және практикалық тұрғыда меңгеру – теориялық және әдістемелік тұрғыдан маңызды. Бұл мәселе тілдік білім мен коммуникативтік әрекетті ұштастыра отырып, оқушының тілдік, әлеуметтік және мәдени құзыреттерін қатар дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан тақырыптың теориялық маңыздылығы – тілдік білімді қарым-қатынас құралына айналдыруда септік категориясының әлеуетін ашуда жатыр.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

Зерттеу нәтижесінде әзірленген әдістемелік ұсыныстар, тапсырмалар мен жаттығу үлгілері жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі пәні мұғалімдеріне, сонымен қатар болашақ қазақ тілі мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарына әдістемелік көмекші құрал бола алады. Жұмыс нәтижелері оқыту үдерісінде нақты қолдануға лайықталған.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

Коммуникативтік құзыреттілік – оқушылардың қазақ тіліндегі сөйлеу әрекетінің барлық түрінде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) тілдік бірліктерді орынды қолдана алу қабілеті ретінде қарастырылуы тиіс.

Септік категориясы – тілдегі сөздердің синтаксистік және мағыналық байланысын жүзеге асыратын маңызды грамматикалық құрылым ретінде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда тиімді құрал бола алады.

Септік категориясын меңгерту мен коммуникативтік құзыреттілікті дамытуды интеграцияланған әдіс арқылы үйлестіре оқыту – оқу үдерісінің тиімділігін арттырады.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындап, теориялық тұрғыда дәйектеуде септік жалғауларының теориялық негіздерін айқындаған А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, А. Ысқақов, М. Балақаев М., Т. Сайрамбаев, А. Қалыбаева А., Н. Оралбаева, С. Исаеваның және тағы басқалардың зерттеулеріндегі ой-тұжырымдарға сүйенсек, қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасы бойынша зерттеушілер – С. Рахметова, Н. Оралбаева, З. Бейсенбаева, К. Жақсылықова, Ф. Оразбаева, А. Жапбаров, Н. Оразақынова, З. Күзекова, Ж. Балтабаева, Ж. Дәулетбекова, Т. Аяпова, Р. Рахметова, және т.б. өз еңбектерінде қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйеледі.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-теориялық, әдістемелік еңбектерді талдау, зерделеу, сараптау мен талдап-қорыту, озық іс-тәжірибелерді пайдалану, т.б. әдістері қолданылды.

Зерттеудің байқаудан, сыннан өтуі, тәжірибеге енгізілуі. Магистрлік диссертациялық жұмыстың нәтижесі «Тілдер мен әдебиеттерді зерттеудің теориялық және әдіснамалық аспектілерінің қазіргі парадигмасы» II халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында (2025, сәуір) жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспе, негізгі үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Педагогикалық парадигмадағы коммуникативтік құзыреттілік ұғымы

Мұғалім мәртебесін көтеруге бағытталған маңызды шешімдердің бірі – «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы болды. Бұл заң мұғалім беделін арттырып, олардың қоғамдағы рөлін заң жүзінде бекітті. Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» [1,20] деген сөзі мұғалімге деген құрметтің қаншалықты жоғары екенін білдіреді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 31 тамызда № 645 қаулысымен бұл идеяны жаңғыртып, педагог мәртебесін заңмен бекітті [2,4]. Осы заң мұғалімдердің құқықтарын, беделін, әлеуметтік жағдайын қорғауды қамтамасыз етеді және оларға қойылатын кәсіби талаптардың жоғарылауына ықпал етеді.

Бұл өзгерістер білім берудегі коммуникативтік құзыреттіліктің маңызын да арттырып отыр. Енді мұғалімдерге тек білім беруші рөлін атқарып қана қоймай, оқушылармен, ата-аналармен және қоғаммен тиімді қарым-қатынас орнату да міндеттеледі. Мұғалімдердің кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігі олардың білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуіне мүмкіндік береді. Осы орайда, «құзыреттілік» ұғымының маңызын түсіну қажет, өйткені ол адамның белгілі бір салада терең білімі мен осы салаға қатысты маңызды шешімдер қабылдау қабілетін сипаттайды. Латын тіліндегі «competens» сөзі осы мағынада қолданылып, құзыреттілік пен құзырлылық арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді [3,78]. Сөздіктерде «құзыретті» ұғымы «білімді, білгір, беделді маман» деп түсіндірілсе, «құзыреттілік» белгілі бір саладағы білім мен тәжірибені меңгеруді және қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас құра аруды білдіреді [4,51]. Ал К.С. Құдайбергенованың пікірінше, «құзырлылық» түлектің білімін тиімді түрде қолдану қабілетін көрсетеді. Осылайша, «құзыреттілік» білім, білік және дағдылар жиынтығын білдірсе, «құзырлылық» осы білімді өмірде дұрыс қолдана білу қабілетімен байланысты.

«Құзыреттілік» ұғымын ХХ ғасырдың ортасында алғаш рет американдық ғалым Н. Хомский енгізген. Бастапқыда бұл терминді шет тілінде белгілі бір тілдік қызметті жүзеге асыруға қажетті қабілеттер ретінде түсіндірген және оны адамның дағдылары мен тәжірибесімен байланыстырған. Нақтырақ айтқанда, 1965 жылы Массачусетс университетінде Н. Хомский «компетенция» ұғымын тіл теориясына қатысты қолданған. Ол бұл терминнің психолингвистикалық зерттеулерде мағынасын айқындағаннан кейін, «құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында да қолданыс тапты. Америкада құзыреттілікке негізделген білім беру жүйесі (competence-based education – CBE) қалыптаса бастады, оның басты мақсаты – еңбек нарығында табысқа жетуге қабілетті мамандарды

даярлау болды.

Н. Хомскийдің көзқарасы бойынша, «құзыреттілік» – білім мен біліктіліктің ең жоғарғы деңгейі. Оның түсіндіруінде бұл ұғым тек нақты білімдер жиынтығын емес, сол білімді қолдана алатын қабілетті қамтиды [5, 27].

W. Nutmacher «құзырет» ұғымын «не білуді» емес, «қалай жасауды» білдіреді деп түсіндіреді және оны іс-әрекеттегі құзыреттілікті пайдалану деп атап көрсетеді. Осы тұжырымға сүйене отырып, теориялық білім мен дағдыларды практикада тиімді қолдану маңызды екені айқындалады [6,11].

Э.Ф. Зеер болса, құзырлылықты кәсіби қызметтің нәтижелі орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттің жалпыланған әдістері ретінде сипаттайды, яғни адамның өз құзыреттіліктерін жүзеге асыру қабілетін көрсетеді [7, 35].

Ал В.А. Болотов пен В.В. Сериковтің пікірінше, құзыреттілік – бұл тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететін дағдылар мен білімді меңгеру әдісі [8, 19].

А.В. Хуторской құзыреттілікті адамның тиісті құзыреттерді игеруі, оның жеке тұлғалық және іс-әрекет субъектісі ретіндегі көзқарасы деп сипаттайды [9,54]. Ал В.В. Краевский құзыреттілікке өзінің саласында ақылмен ойлай отырып, тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін білім мен қабілеттердің болуы деп анықтама берген. Біздің көзқарасымыз бойынша, құзыреттілік – бұл адамның белгілі бір саладағы білімі мен қабілетін тиімді қолдану қабілеті [10, 22].

Құзыреттілік ұғымы түрлі зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылады, бұл ұғымның кең ауқымды және көп қырлы екенін көрсетеді. Н. Хомский «құзыреттілікті» білім мен біліктіліктің ең жоғары деңгейі деп санап, оны білімді қолдана білу қабілетімен байланыстырады. W. Nutmacher бұл ұғымды «не білуден» гөрі, «қалай жасау» деп түсініп, іс-әрекетте қолданылатын дағдыларға баса назар аударады. Бұл теориялық білімді тәжірибеде тиімді қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Э.Ф. Зеер құзыреттілікті кәсіби қызметтің нәтижелі орындалуын қамтамасыз ететін жалпыланған әдістер ретінде сипаттайды, яғни адамның өз қабілеттерін кәсіби тұрғыдан жүзеге асыруын білдіреді. В.А. Болотов пен В.В. Сериков құзыреттілікті адамның өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететін білім мен дағдыға қол жеткізу жолы ретінде қарастырады, бұл тұлғаның жеке дамуы үшін маңызды фактор.

А.В. Хуторской құзыреттілікті адамның жеке тұлға және іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасуы деп түсіндіреді, ал В.В. Краевский оны белгілі бір салада ақылмен ойлай отырып, тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін білім мен қабілеттер жиынтығы деп анықтайды.

Жоғарыда келтірілген көзқарастарды қорытындылай келе, құзыреттілік – адамның нақты салада жинақталған білімін, дағдыларын және қабілеттерін тиімді пайдалана алу мүмкіндігі деп айтуға болады. Құзыреттілік адамның кәсіби және жеке өміріндегі табысты әрекеттеріне қол жеткізуге, сонымен қатар өзін-өзі үздіксіз дамытуға мүмкіндік беретін маңызды қасиет болып табылады.

Құзыреттілікті ғылыми тұрғыда зерттеу Л.А. Петровскаяның еңбектерінде басталса, жалпы білім беру саласындағы құзыреттілік мәселесін зерттеуде И.А. Зимняя еңбектері айрықша орын алады. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру дегенде, ең алдымен оның оқу және танымдық мәселелерді шешудегі біліктілігі маңызды рөл атқарады. Мұндай құзыреттілік келесі жағдайларда қажет:

1. Қоршаған ортаны түсіну мен талдауда;
2. Заманауи техника мен ақпараттық құралдарды пайдалану кезінде;
3. Адамдармен қарым-қатынаста, этикалық нормаларды сақтауда және өзінің іс-әрекетін бағалауда;
4. Күнделікті өмірде әртүрлі рөлдерді (отбасы мүшесі, сатып алушы, көрермен, қала тұрғыны) атқаруда;
5. Құқықтық және әкімшілік құрылымдармен байланыста, өз мүдделерін білдіруде және эстетикалық тұрғыда баға беруде;
6. Еңбек нарығында өз орнын анықтауда, өмір сүру мақсаты мен стилін таңдауда, сондай-ақ келіспеушіліктерді шешудің тиімді жолдарын табуда [11,10].

Бұл құзыреттіліктер болашақ маманның жеке өмірінде де, кәсіби іс-әрекетінде де маңызды рөл атқарады.

Әдебиетте кездесетін «құзыреттілік» ұғымдарының бірқатар анықтамаларын біріктіріп, олардың негізгі сипаттамалары 1-кестеде көрсетуді жөн көрдік.

Кесте 1 - «Құзыреттілік» ұғымының анықтамалары мен сипаттамалары

Анықтама авторлары	«Құзыреттілік» ұғымының анықтамасы	Құзыреттіліктің негізгі Сипаттамалары
Сөздік	1. «құзыретті» - «білімді, білгір, кез келген салада беделді»[4]. 2. құзыреттілік - «құзыреттілікке ие болу, яғни белгілі бір саладағы білімі мен тәжірибесі»[4] 3. «құзыреттілік жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті» [4].	білімі, хабардар болу; құзыреттілікке ие болу, яғни білімі, тәжірибесі.
Н. Хомский	«құзыреттілікті» білімнің жоғарғы деңгейі деп есептейді. Құзыреттілік «жеткілікті дәрежеде білікті, оқыған, белгілі бір іс- әрекет түріне қабілетті» мағынасын үстейді[5].	білімнің жоғары деңгейі, белгілі іс-әрекет түріне қабілетті.
У.Хатмахер	«құзырет» ұғымы «не білуді» емес, «қалай жасауды» білдіреді және ол «қолдану іс- әрекеттегі құзырет	іс-әрекеттегі құзырет.

	екендігін» атап өтті [6].	
Э.Ф.Зеер	Құзырлылық - кәсіби қызметтің нәтижелі орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттің жалпыланған әдістері. Бұл адамның өз құзыреттіліктерін іске асырудағы қабілеттері [7].	кәсіби қызметті жүзеге асырудағы іс-әрекет тәсілдері; құзыреттілікті жүзеге асыру мүмкіндігі.
В.А.Болотов, В.В.Сериков	Құзыреттілік - бұл тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін дағдыны, білімді алу тәсілі [8].	білім, білік, дағды; тұлғаның өзін-өзі іске асыруы.
А.В.Хуторской	Құзыреттілік - адамның өзіне тиісті құзыреттілікке ие болуы, оның жеке және іс-әрекет субъектісіне көзқарасы [9].	құзыреттілікке ие болуы; - құзыреттілікке жеке көзқарасы;
В.В.Краевский, А.В. Хуторской	Белгілі бір саладағы құзыреттілік - бұл «осысаланы ақылға қонымды бағалауға және онда тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін тиісті білім мен қабілеттердің болуы» [10].	- бағалау, тиімді әрекет ету туралы білім, қабілет.
И.А.Зимняя	Құзыреттілік - бұл адамның білімге, интеллектуалдық және жеке басының әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетіне негізделген [11].	- білім; - зияткерлік сала; - жеке сала; - адам өмірінің әлеуметтік-кәсіби саласы.

Қорыта айтқанда, құзыреттілік – адамның өз құзыреттілігін практикада пайдалану мүмкіндігі, яғни білім мен тәжірибеге негізделген іс-әрекет қабілеті. Білім мен дағдылар құзыреттілікті дамытуға негіз болып табылады және оларды көрсету формасы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, құзырлылық – бұл құзыреттілікке жету құралы, ол белгілі бір объектілер мен процестерге бағытталған жоғары сапалы іс-әрекет үшін қажетті жеке тұлғаның қасиеттерінің жинағы.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, жоғары педагогикалық білім берудегі құзыреттілік тәсілі – бұл жеке тұлғаның қалыптасуына, заманауи сын-тегеуріндер мен мәселелерге жауап беру ретінде қарастырылатын маңызды аспект. Бұл тәсіл кәсіби құзыреттілікте базалық, негізгі және арнайы құзыреттердің жиынтығы ретінде көрініс табады.

Заманауи әлемде адамның жетістіктеріне байланысты негізгі құзыреттіліктер кез келген кәсіби қызмет үшін қажетті болып табылады. Бүгінде негізгі құзыреттіліктер ақпараттық технологияларды пайдалану,

қарым-қатынас дағдылары және шет тілінде кәсіби мәселелерді шешу қабілеті сияқты аспектілер арқылы өзекті болып отыр.

Сондықтан, негізгі құзыреттіліктер әмбебаптық қасиетке ие және кең ауқымда қолданылатын құзыреттіліктер болып табылады. Олар түрлі жұмыстардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Құзыреттіліктің нақты шарттарын жүзеге асыру барысында оны оқшаулау мүмкін емес, өйткені олар бір-бірімен тығыз байланысты.

Отандық зерттеуші Г.Ж. Ниязова өз зерттеуінде құзыреттілікті студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруға қажетті анықталған объектілер шеңберіндегі тәжірибелерінің жиынтығы ретінде қарастырады [12,9]. Осыған байланысты, білімгерлер оқу орнында алған теориялық білім, дағдылар мен біліктерін еңбек, тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетінде жүзеге асырады.

Бүгінгі күні білім беру саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық құзыреттілігін дамыту – басты мәселелердің бірі. Қазіргі заман талабына сай, педагог тек пәндік білімді жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оқыту процесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың әлеуметтенуіне ықпал ететін тұлға ретінде қарастырылады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі әртүрлі білімдер мен дағдылар жиынтығынан, сондай-ақ оларды күнделікті тәжірибеде қолдану қабілетінен тұрады.

Ш.Т. Таубаева болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруды зерттей отырып, «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» және «мұғалім құзыреттілігі» терминдерінің мән-мағынасын талдаған. Оның пікірінше, «құзыреттілік» қазіргі білім беру және маман даярлау саласында кеңінен қолданылатын, тұлғаның оқыту және әлеуметтену барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген кіріктірілген қасиеті болып табылады. Бұл қасиет адамның жалпы қабілеттерін және іс-әрекетке даярлығын айқындайды [14]. Таубаева құзыреттілікті тұлғаның белгілі бір салада ғана емес, әртүрлі өмірлік жағдаяттарда да әрекет етуге қажетті білім мен дағдылардың үйлесуі ретінде сипаттайды.

Б.Т. Кенжебеков білімгерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда теориялық және практикалық білімнің бірлігін маңызды деп санайды. Оның пікірінше, «кәсіби құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындық пен қабілеттілігінің бірлігі» [15]. Яғни, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін білім алушылар теорияда меңгерген білімдерін практикада тиімді қолдана алуы тиіс. Бұл болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің негізі – олардың теориялық және практикалық дайындығының үйлесуі екенін көрсетеді.

Педагогикалық жүйеде құзыреттілік жеке тұлғаның кәсіби және әлеуметтік әрекеттеріндегі білім, білік, дағдыларды тиімді қолдана білуі ретінде қарастырылады. Бұл анықтама адамның білімін практикалық қызметте қолдануға қабілеттілігін көрсетеді. Сонымен бірге, құзыреттілік жеке тұлғаның дамуына, өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететін басты фактор ретінде де түсініледі.

Құзыреттіліктің бір тармағы ретінде коммуникативтік құзыреттілік – адамның әлеуметтік ортада, кәсіби және күнделікті өмірде тиімді қарым-қатынас орнатуға қабілеттілігімен байланысты. Қарым-қатынастың әртүрлі деңгейлерінде бұл қабілет сөйлеу, жазу, тыңдау және түсіну дағдыларын қамтиды. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту адамның өз ойын, пікірін еркін, нақты әрі жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілік туралы ойды нақтылау үшін айта кету керек, бұл ұғым білім беру саласында тұлғааралық қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеттерін меңгеру дағдыларын қамтиды. Болашақ педагог үшін бұл құзыреттілікті меңгеру маңызды, себебі ол оқушылармен тиімді байланыс орнатуға, оқу процесін дұрыс басқаруға ықпал етеді.

Ал Ф.Ш. Оразбаеваның айтуынша, «коммуникация» термині «жалпы қарым-қатынас», «араласу», «хабарласу», «байланыс» деген мағыналарды қамтиды. Бұл адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесі, тілдесу ерекшеліктері, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметі, адамдар арасындағы қарым-қатынас және өзара түсіністік болып табылады [16]. Автор «коммуникация» сөзін «қатысым» деп түсініп, қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңа терминдерді енгізді, мысалы, «тілдік қатынас», «тілдік қарым-қатынас», «тілдесім», «жазылым», «оқылым», «айтылым». Зерттеу жұмысымызда жоғарыда аталған сөйлеу әрекеттерін оқу үдерісінде қолдануға назар аудардық.

Отандық зерттеушілердің пікірінше, коммуникацияның екі түрін атап көрсетуге болады: тілдік коммуникация мен техникалық коммуникация. Техникалық коммуникация – ақпараттарды қабылдауға және оларды жіберуге мүмкіндік беретін құралдар жиынтығы. Коммуникацияның компоненттері мыналар:

- хабарлама жіберуші;
- хабарлама жеткізуші;
- байланыс арнасы;
- қабылдаушы;
- хабарлама алушы.

Тілдік коммуникацияға хабар жіберуші, хабар алушы, олардың әңгімелесу барысы және тілдік компонент ретінде хабарлама кіреді. Бұл жағдайда байланыс арнасы – тілдік әрекеттің ағымының талаптарына сай, ал хабарлама жеткізуші мен қабылдаушы – қарым-қатынасқа түсушілердің (немесе әңгімелесушілердің) тілдік механизмінің қасиеттеріне сәйкес келеді. М.Я. Демьяненко мен К.А. Лазаренконың пікірінше, коммуникацияның бес негізгі компоненті бар:

- қарым-қатынас жағдайы;
- хабар жіберуші;
- хабар алушы;
- сөйлеу барысының шарттары;
- тілдік хабарлама [17,26].

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда аталған

компоненттердің толық қамтылуы маңызды деп есептейміз. «Коммуникативтік құзыреттілік» термині 1970 жылдары қолданыла бастады. Бұл термин бастапқыда даму психологиясы, когнитивті психология және социолінгвистикамен байланысты болды. Коммуникативтік құзыреттілікті Дж. Уаймен «қарым-қатынас контексінде әлеуметтік білім мен әлеуметтік дағдыны прагматикалық ретті пайдалану» деп анықтады [18, 20].

К.Данцигердің айтуынша, коммуникативтік құзыреттілік – бұл адамның өз коммуникативті қызметін тиімді орындау қабілеті. Бұл құзыреттіліктің негізінде серіктес орнына өзін қоя білу, қарым-қатынасты әңгімелесушіге түсінікті әрі қабылдауға қолайлы етіп ұйымдастыру іскерлігі жатыр [19,10]. Біз автордың пікірін қолдай отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің коммуникативтік құзыреттілігі кәсіби қызметінде аса маңызды рөл атқаратынын атап өтеміз. Студенттердің басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда өз пікірлерін еркін, нақты және жүйелі түрде жеткізе алуы, сонымен қатар серіктесін тыңдай білуі керек.

В.А. Кан-Калик педагогикалық коммуникативтік қарым-қатынасты «тәрбие мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал ететін, мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара әсер етуді қамтамасыз ететін әдістер мен құралдар жиынтығы» ретінде анықтайды. Ол оқытушының коммуникативтік дағдыларына аудитория алдында сөйлеу, қарым-қатынас орнату, түрлі жағдайларды ұйымдастырып, оқу мен тәрбие процесінде тиімді байланыс орнату және оны басқару қабілеттерін жатқызады.

Сонымен қатар, оның пікірінше, оқытушының іс-әрекеті, жүріс-тұрысы және сөйлеу мәнері оқушыларға сенімді тірек болуы тиіс. Коммуникативтік дағдылардың нәтижесінде мұғалімнің сөзі нақты әрі түсінікті, дауысы жағымды, дауыс ырғағы мен сөздері тартымды әрі мейірімді болуға тиіс. Осының бәрі оқытушының студенттерге тигізетін оң әсерін күшейтеді. [20, 88]. Біз оқытушының коммуникативтік іскерлігінің мәні, оның сөзінің нақтылығы мен түсініктілігінің студентке ықпал етуінде зор рөл атқаратынын атап өтеміз.

Ал Е.Ы.Бидайбекова «коммуникативтік құзыреттілік – белгілі бір коммуникативтік міндеттерді шешіп, алға жылжуға қабілеттілік» деп көрсетеді. Бұл құзыреттілік коммуникативтік мақсатты анықтау, жағдайды дұрыс бағалау, серіктестің қарым-қатынас мүмкіндіктерін ескеру, қарым-қатынастың табыстылығын бағалап, өз коммуникативтік әрекеттерін түзетуді қамтиды. Басқаша айтқанда, бұл болашақ маманның қолда бар коммуникативтік ресурстарды тиімді пайдалану қабілеті болып табылады. Бұл құзыреттілік тілдік білімді меңгерумен қатар, әлеуметтік рөлдерді орындау, топта жұмыс істеу және қоршаған ортамен байланыс орнату дағдыларымен байланысты. Барлық бұл дағдылар оқу процесінде жүзеге асырылуы тиіс; білім алушылар сауалнамаларға жауап беру, хат жазу, өтініш дайындау, сұрақ қою, әңгімелесу және басқа да қарым-қатынас формаларын меңгеруі қажет [21,57]. Зерттеу тақырыбымыз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту болғандықтан, автордың тұжырымдамасын қолдай отырып, ішкі коммуникативтік

ресурстарды кез келген жағдайда субъект-субъект қатынасын орнатудың тиімді жолдарын меңгеру маңызды деп санаймыз. Осылайша, коммуникативтік құзыреттілік екі адамның ой-пікірі мен ақпарат алмасуына негізделген өзара түсіністікке жетуге ықпал етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл коммуникативтік мәдениеттің негізгі іргетасы. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту қазіргі қоғам талаптарына жауап беретін өзекті міндет болып табылады. Оқыту барысында жоғары деңгейдегі коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру үшін бұл құзыреттілікті үнемі жетілдіріп отыру маңызды, себебі құзыреттілік қазіргі білім беру мазмұнының басты аспектілерінің бірі саналады.

Тілдік құзыреттілік пен коммуникативтік құзыреттілік өзара тығыз байланыста. Тілдік құзыреттілік педагогтердің тіл туралы базалық білімі мен оны дұрыс қолдану қабілетін дамытса, коммуникативтік құзыреттілік – осы тілдік білімді түрлі жағдайларда тиімді пайдалану мүмкіндігі. Мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктердің үйлесуі балалармен, ата-аналармен және әріптестермен сәтті қарым-қатынас орнату, сөздік қорды байыту, нақты әрі түсінікті тілмен жеткізу қабілеттерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Осылайша, тілдік құзыреттілікті дамыта отырып, педагогтер коммуникативтік құзыреттілікті тереңірек игереді және өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдіреді.

Білім беру жүйесі келесі тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді:

- Тілдік құзыреттілік – тіл туралы базалық білім, тілдің құбылыстары мен фактілерін тану, дағдыларды меңгеру, әдеби тіл нормаларына сай сөздерді қолдана білу, синонимдік қорларды пайдалану, алынған нәтижелерді бағалау дағдылары.

- Коммуникативті құзыреттілік – сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін меңгеру, тілді түрлі салаларда және жағдайларда қолдану дағдылары.

Педагог зерттелетін тіл жүйесі туралы түсінікке ие болса және оны тәжірибеде қолдана алса, үштілдік құзыреттілікке қол жеткізеді. Бұған қоса, болашақ педагогтың үштілдік құзыреттілігі тек тілдік білім, білік және дағдылармен шектелмей, оқу-тәрбие үрдісінде оқу

материалдарын пайдалану тұрғысынан коммуникативтік, тілдік және сөйлеу аспектілерін де қамтиды.

Жоғарыда аталған теориялық тұжырымдамалар негізінде біз болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін былайша анықтаймыз: «ол – кәсіби қызметінде үш тілде еркін сөйлей алатын және мектеп жасына дейінгі балалардың үштілділік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға даяр тұлға».

Педагогикалық парадигма тұрғысынан қарағанда, коммуникативтік құзыреттілік білім алушылардың мәдениеті мен әлеуметтенуінде маңызды рөл атқарады, сондай-ақ оларды ұлттық мәдениетке бейімдеуге көмектеседі. Осылайша, педагогикалық практикада коммуникативтік құзыреттілікті

қалыптастыру білім алушылардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік ортада тиімді әрекет етуіне және кросс-культурлық коммуникация дағдыларын меңгеруіне ықпал етеді.

Коммуникативтік құзыреттіліктің педагогикалық аспектісі білім алушылардың дамуына және олардың ұлттық мәдениетке бейімделуіне ықпал етеді. Педагогтар зерттеліп жатқан тіл жүйесі мен мәдениетін терең меңгерген жағдайда, олар мектеп жасына дейінгі балалардың үштілділік қарым-қатынас дағдыларын тиімді қалыптастыруға дайын болады.


Педагогикалық практикада коммуникативтік құзыреттілікті дамыту оқыту үрдісінде қарым-қатынас мәдениетін арттыруға, әлеуметтік ортада өзара түсіністік орнатуға және кросс-культурлық коммуникация дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл процесс болашақ педагогтердің тұлғалық және кәсіби дамуына, сондай-ақ балалардың көптілділікке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.


Осылайша, педагогикалық парадигма тұрғысынан қарағанда, коммуникативтік құзыреттілік – бұл білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуында, ұлттық мәдениетті түсінуде, және көптілді қарым-қатынас орнатуда маңызды рөл атқаратын фундаменталды білім мен дағдылар жиынтығы.

Берілген ақпараттарды қорытындылай келе, **құзыреттілік** пен **коммуникативтік құзыреттілік** ұғымдарын сызба түрінде қорытындылауға болады. Бұл сызба арқылы құзыреттіліктің жалпы мағынасын және оның коммуникативтік құзыреттілікпен байланысын көрсету мүмкіндігі туады.

Құзыреттілік – бұл адамның білім мен дағдыларын тиімді қолдану қабілеті, ол кәсіби, әлеуметтік және жеке өмірде кездесетін әртүрлі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Ал **коммуникативтік құзыреттілік** – қарым-қатынас дағдыларын, яғни тілдік және әлеуметтік тәжірибені меңгеруді талап етеді, бұл әсіресе білім беру және кәсіби ортада маңызды рөл атқарады.

Кесте 2 - «Құзыреттілік» және «коммуникативтік құзыреттілік» ерекшеліктері





Қорытындылай келе, құзыреттілік туралы ғалымдар келтірген түсініктемелерді ортақ тұстары мен айырмашылықтарын жинақтауды жөн санадық.

Ортақ ұқсастықтар:

1. Құзыреттіліктің көп қырлылығы: Н. Хомский, Э.Ф. Зеер, В.А. Болотов

пен В.В. Сериков, А.В. Хуторской, және басқа да зерттеушілер құзыреттілікті көп қырлы ұғым ретінде қарастырады. Олар құзыреттілікті тек білім мен біліктілікті меңгеру ғана емес, сонымен қатар сол білімді тиімді қолдану қабілеті ретінде сипаттайды.

2. Теория мен тәжірибенің үйлесуі: W. Nutmacher және Б.Т. Кенжебеков құзыреттілікті тек теориялық білімге сүйену ғана емес, сонымен бірге оны практикада қолдану арқылы жүзеге асыру керектігін атап көрсетеді. Бұл ғалымдардың тұжырымдары құзыреттілік ұғымын теория мен тәжірибенің бірлігі ретінде сипаттайды.

3. Өзін-өзі дамыту: В.А. Болотов пен В.В. Сериков және А.В. Хуторской құзыреттілікті адамның өзін-өзі жетілдіруі мен тұлғалық дамуының негізі деп қарастырады. Бұл көзқарас бойынша, құзыреттілік тек кәсіби білік емес, сондай-ақ жеке тұлғалық даму арқылы көрінеді.

Айырмашылықтар:

1. Құзыреттілікті анықтаудағы басымдықтар: Н. Хомский құзыреттілікті білімнің ең жоғарғы деңгейі ретінде сипаттап, оны белгілі бір саладағы білім мен біліктілікке негізделген қабілет ретінде көреді. Ал, W. Nutmacher «құзырет» ұғымын «не білуді» емес, «қалай жасау» деп, іс-әрекеттегі қолдануға назар аударады.

2. Кәсіби құзыреттілікке назар аудару: Э.Ф. Зеер құзыреттілікті кәсіби қызметті табысты орындауға қажетті дағдылар ретінде қарастырып, адамның өз құзыреттілігін жүзеге асыру қабілетін ерекшелесе, ал И.А. Зимняя құзыреттілікті жеке тұлғаның әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан дамуының негізі ретінде қарастырады.

3. Құзыреттіліктің психологиялық және педагогикалық аспектілері: В.А. Кан-Калик және В.Б. Кашкин құзыреттілікті психологиялық-педагогикалық аспектіде қарастырады. В.А. Кан-Калик оқытушының коммуникативтік дағдыларына ерекше назар аударып, оларды білім беру процесінде маңызды деп санаса, В.Б. Кашкин коммуникативтік құзыреттілікті белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталған қабілет ретінде көреді.

Жалпы, құзыреттілік ұғымы әр ғалымның зерттеу бағытына және ғылыми ұстанымына байланысты түрліше түсіндірілгенімен, олардың пікірлері құзыреттілікті білім, білік, тәжірибе мен оларды практикада қолдану қабілеті ретінде сипаттау тұрғысынан үйлеседі. Ғалымдар құзыреттілікті жеке тұлғаның кәсіби, әлеуметтік, әрі жеке өміріндегі табысты әрекеттерге жету жолындағы маңызды қасиет ретінде қарастырады.

1.2 Коммуникативтік құзыреттіліктің білім беру жүйесіндегі маңызы

Мәдениеттің даму кезеңінің негізі ретінде коммуникативтік қатынастар «коммуникация қоғамның барлық салаларын қамтып, барлық қоғамдық құбылыстарды біріктіретін факторға» айналып, педагогика, психология, психолингвистика, социология, мәдениеттану, философия сияқты

ғылымдарды біріктірді [22, 8]. Қазіргі қоғамда коммуникация әлеуметтеніп, болып жатқан оқиғаларға тірі үн қосу ретінде көрініс табады, ал білім беру ортасы қоғаммен тығыз байланысқан ашық жүйе екендігін білеміз.

Білім беру ортасында пайда болатын коммуникативтік қатынастарды полифониялық сипат, ақпараттың тез өзгеруі, жаңаруы және ескіруі, сондай-ақ білім алу мен қолдануға арналған ақпаратты пайдалану ерекшелейді. Білім берудегі коммуникативтік тәсілді іске асыру коммуникация теориясына негізделеді [23; 24; 25; 26; 27; 28], оның идеяларын қолдану арқылы қазіргі қоғам талаптарына сай келетін білім беру жүйесін құруға, коммуникация педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігі болатын білім беру жүйесінің коммуникативтік моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілік тұлғаның жалпы дамуымен құрылымдық тұрғыдан байланысты және адамның мінез-құлық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Осы зерттеу аясында коммуникацияның ең маңызды құрамдас бөліктері мектеп оқушыларына қойылатын міндеттермен анықталады: сөйлеу қарым-қатынас жағдайын меңгеру және мәтін құру заңдылықтары, монологтық және диалогтық сөйлеуді жетілдіру, мәтінді ақпараттық өңдеу, функционалды-мағыналық түрлердің, стильдер мен жанрлардың әртүрлі мәтіндерін жасау дағдылары мен іскерліктерін жетілдіру, өз мәтінін өңдеу, коммуникативтік сәтсіздіктердің себептерін талдау және жою, оқу-ғылыми және іскерлік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру (ауызша және жазбаша түрлері), сондай-ақ көпшілік алдында сөйлеу, күнделікті қарым-қатынас және жазбаша сөйлеуден тұрады.

Коммуникацияның негіздерін талдау мектеп оқушыларының оқу - танымдық үдерістері барысында қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін нақтылау үшін қажет. «Коммуникативтік құзыреттілік» ұғымын Ю.Н. Емельянов, Л.А. Петровская, М.А. Холодная және басқалар қалыптастырған [29; 30; 31]. Сонымен қатар, коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынас типологиясынан тыс аморфты немесе әмбебап ұғым ретінде қарастырылмайды. Осы зерттеу аясында қарым-қатынастың бір түрі ретінде қызметті бөліп көрсетіп, оқу-танымдық қызметі ұғымын нақтылау қажет. Түрлі авторлар ұсынған қарым-қатынас типологияларында қызмет «адамдардың белгілі бір ортақ (немесе бірдей) мақсатқа жету үшін бірігетін бірлескен жұмысы» ретінде айқындалады [32, 72]. Бұл анықтаманы оқу-танымдық қызметі ұғымымен байланыстыруға болады, оны «ізденіс белсенділігінің механизмдері арқылы пайда болатын және зерттеу мінез-құлқы негізінде құрылатын ерекше интеллектуалды-шығармашылық қызмет түрі» ретінде қарастыру керек. Егер ізденіс белсенділігі белгісіз жағдайларда ізденіс фактісінің болуымен ғана анықталса, ал танымдық тұрғыда мінез-құлқы осы жағдайдағы субъектінің сыртқы контекстін сипаттаса, онда зерттеу қызметі осы қызметтің құрылымын сипаттайды. Бұл қызмет өзін жүзеге асыру механизмін және ізденіс белсенділігін қамтитын мотивтеуші факторларды логикалық тұрғыдан қамтиды.

Субъект-объектілік парадигма негізінде қарым-қатынас мынадай элементтерге (коммуникация моделі, үлгісі, жүйелі түрде қайталанатын,

тұрақты элемент) бөлінеді: субъект-объектілік (S-O) және субъект-субъектілік (S-S). Субъект-объектілік қарым-қатынас серіктестердің бірінің үстемдік рөлін білдіреді; ол жағдайда субъект рөліндегі серіктес өз ықпалын объект ретінде қарастырылатын серіктесіне жүргізеді. Ал субъект-субъектілік қарым-қатынас тұлғалық сипатқа ие болып, коммуниканттар арасындағы серіктестік қатынастарды көрсетеді және оның негізгі сипаттары өнімділік пен тереңдік болып табылады [33]. Өнімділік әр қатысушыға өздерінің шығармашылық әлеуетін тең дәрежеде көрсетуге мүмкіндік береді, ал тереңдік коммуниканттардың қарым-қатынаста өздерінің тұлғалық құрылымдарын – мотивтерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын, мүдделерін, мақсаттары мен міндеттерін – пайдалану тұрғысынан ұйымдастырады.

Шынайы педагогикалық үдерісте ерте жастық кезеңге жататын профильдік сынып оқушыларына қатысты, бір ғана қарым-қатынас түрі туралы айту мүмкін емес, себебі психологтар субъект-объектілік және субъект-субъектілік деңгейлердің – бұл коммуникация поллюстері екенін мойындайды, ал нақты коммуникация өтпелі формаларда болады. Ғылымда осындай аралық формаларды айқындауға талпыныстар болған. Мысалы, В.И. Кабрин коммуникативті кеңістікті төрт өлшемді

- интракоммуникация;
- экстракоммуникация;
- интеркоммуникация;
- транскомуникация ретінде қарастырады, әрқайсысы белгілі бір деңгейдегі қарым-қатынасты білдіреді:

1. Интракоммуникация (байланыс) – импульсивті қарым-қатынас (қасақана емес, тікелей, бақыланбайтын тілектер, ойлар, жоспарлар, сезімдермен алмасу).

2. Экстракоммуникация (әңгіме) – нормативті қарым-қатынас (қоғамдық қабылданған нормалар мен әдептілік ережелеріне сәйкес қарым-қатынаста болуға тырысу).

3. Интеркоммуникация (пікірталас) – рөлдік, проблемалық қарым-қатынас (әр адам өзіне қабылдаған рөлге сәйкес әрекет етуге тырысады – оқушы немесе мұғалім, ата-ана немесе бала, басшы немесе бағынышты және т.б. – өз құқықтары, міндеттері және серіктесінен күтілетін нәрселер мәселесін келісу).

4. Транскомуникация (қатынастар: достық, махаббат) – рухани қарым-қатынас, онда серіктестер бір-бірінде ортақ рухани құндылықтар, талғамдар мен сезімдерді сақтап, дамытуды мақсат етеді (солидарлық, әділеттілік, түсіністік, сенім, махаббат, әсемдік, шындық және т.б.) [34, 26-28 бб.].

О.И. Муравьева коммуникация мен өзара әрекеттесу формаларын талдап, сипаттауға мүмкіндік беретін негізгі сипаттамаларды бөледі:

- 1) коммуникативті позициялардың теңдігі-теңсіздігі;
- 2) серіктестердің жабықтық-ашықтығы;
- 3) орталықтандыру-конгруэнттілік;
- 4) коммуникацияның жалпы бағыты сақталуы немесе дамуы [35, 31 б.].

Ол сондай-ақ коммуникация деңгейлерінің және негізгі

коммуникативтік стратегиялардың жіктелуін ұсынды. Оларды тұлғаның әлеуметтік бейімделу деңгейін және оқу-танымдық қызметі процесінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды анықтауға қолдануға болады.

Педагогикада коммуникативтік құзыреттіліктің өз ерекшелігі бар, ол мақсатты түрде ұйымдастырылған процестің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның қатысушылары мұғалімдер мен оқушылар, олар өзара жанама әрекеттеседі. Мұндай өзара әрекеттесу тек білімдерді кеңейтуге, коммуникацияға қатысуға ғана емес, сондай-ақ оқушылардың оқу, тану процесіндегі коммуникативтік әрекетін нақты бағалау мен түзетуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық процестегі коммуникативтік кейстер де қоғамнан оқшауланған емес. Оқу процесінде қарым-қатынасқа түскен коммуниканттар оқиғалық контексттің ықпалын сезінеді, ол педагогикалық және әлеуметтік коммуникациялардың кең ауқымын қамтиды. Демек, педагогикалық процестегі коммуникациялық құзыреттіліктің синонимдері ретінде «өзара байланыс, өзара әрекеттесу, өзара тәуелділік және өзара шарттылық» ұғымдары болуы мүмкін [22, 11 б.].

Оқу процесінде коммуникацияның негізінде дискурс жағдайы жатыр. Ол оның қатысушылары арасындағы өзара түсіністік қатынастарын болжайды. Құрылған дискурсивті кеңістікті «жалпы тілдік және жалпы коммуникативті кеңістік ретінде қарастыру керек. Бұл субъект пен адресаттың коммуникация механизмдерінің өзара түзетуінің нәтижесінде пайда болады және олардың бір-бірін түсінгендігін көрсетеді» [36, 253 б.]. Жалпы коммуникативті кеңістіктің пайда болуына маңызды шарт – ақпараттық ағымның әлеуетті қажеттілігі, қатысушылар арасындағы саналы мағыналық және рефлексивті ақпарат алмасу, тек оның берілуі емес. Коммуникативті тәсілдер аясында зерттеумен кезең-кезеңмен жұмыс жасау педагогқа коммуникацияны ұйымдастыру мен үйлестіру мүмкіндігін береді, бұл оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді жоюға, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға, қарым-қатынас барысында туындайтын қиындықтарды жеңуді үйретуге, әртүрлі коммуникациялық әдістер мен тактикаларды пайдалануға, өз мәтінін құруға және қарым-қатынаста өз позициясын қорғауға мүмкіндік береді.

Коммуникативті құзыреттілік оқу-тану процесінде субъект-субъект деңгейінде диалогтық қатынастардың пайда болуын болжайды. Мұндай деңгей коммуникаторларға жоғары талаптар қояды, себебі оларды «тең» жағдайға қояды. Қатысушылар арасында коммуникативті кеңістік пайда болады, ол әр қатысушының әлеуметтік мәртебесі, коммуникативті рөлі, сөздік әрекеттердің мотивтері, ақпараттың мағыналық қажеттілігі сияқты тұлғаның сипаттамаларын белгілеуге мүмкіндік береді. Өңгімелесушінің сипаттамаларына байланысты оқушылар коммуникативті мінез-құлық моделін таңдайды, оны табиғи ортадағы нақты жағдайға жақындату үшін құрады. Нәтижесінде оқушылар әлеуметтік қарым-қатынас саласына, ал кейін кәсіби салаға көшіруге болатын коммуникативті дағдыларды игереді.

Коммуникация теориясына сүйене отырып, педагогикалық коммуникацияны келесі құрамдас бөліктерден тұратын ұйымдастырылған құрылым ретінде қарастыруға болады:

- адресант,
- адресат,
- байланыс,
- референт,
- код.

Педагогикада оқу-танымдық әрекетінде оқушы коммуникацияның адресанты да, адресаты да бола алады, бұл оған қарым-қатынасты бастау және ұйымдастыру, жаңа білімді «тұтыну», сөздік қызметтің өнімі ретінде өз мәтінін ұсыну құқығын береді. Педагогикалық ұйымдастырылған коммуникация кеңістігі субъектілердің өзара әрекетін коммуникативтік құзыреттілік актісінің пайда болуы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Егер «сөздік акті әрекет деп түсінілсе», онда «коммуникативті акті – өзара әрекет» деп түсініледі [24, 20 б.]. Осы жұмыстың аясында педагогикалық коммуникациядағы және таным шекараларын кеңейтетін диалогтың негізі зерттеу болып табылады, оның құрылымы қозғалмалы және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін пайдалануды ұсынады. Коммуникациядағы келесі мінез-құлық моделі қажеттіліктерге, әрекеттерге, эмоционалды күйге, қол жеткізу қажет соңғы мақсатқа байланысты түзетіледі. Когнитивті тәжірибе, қызығушылықтар, қарым-қатынас стилі, игерілген практикалық қарым-қатынас үлгілері коммуникацияны түстермен бояп, тұлғаның өзіндік практикалық базасын құрайды.

Оқу-танымдық процесінде коммуникация процесі әрекеттің сипатында болады, бұл оқушының коммуникативті тұлғасын қалыптастыруға белсенді әсер етуге мүмкіндік береді. Мұндай тұлға әрқашан қарым-қатынасқа ұмтылады, бірақ ол өткен, қазіргі және болашақ коммуникацияның әртүрлі уақыт тәжірибесін ескере отырып әрекет етеді, яғни бұл «бір уақытта өткенде қарым-қатынас жасаған адам (алдыңғы коммуникацияның өнімі), қазіргі уақытта, нақты уақытта қарым-қатынас жасайтын адам және болашақта қарым-қатынас жасауға дайын адам» [24, 29 б.]. Мұндай коммуникативті тұлға белгілі бір сипаттамаларға ие, олар қоғамда сұранысқа ие және әлеуметтік ортада табысты жүзеге асу үшін қажетті бейнені қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикадағы коммуникациялық құзыреттілік пен оқу-танымдық қызмет тығыз өзара байланысты. Коммуникативті компетенцияны жоғары деңгейде меңгеру оқушыларға зерттеуді өз бетінше жобалауға, қоғамда сәтті бейімделу мен социализация үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Оқу-танымдық қызметінің дағдыларын меңгеру, өз кезегінде, коммуникативті қатынастарды құруға, коммуникативті компетенцияны қалыптастыруға ықпал етеді, пәнаралық категорияларды іске қосады, бұл тұлғаның жалпы дүниетанымына ғана емес, дүниетанымына да әсер етеді.

Педагогикалық коммуникация оқу-тану процесінде оқушылардың коммуникативті әрекетінің құрылымы тұрғысынан келесі ретпен

қарастырылады: қарым-қатынас мотивінің пайда болуы, ол қажеттілікке айналып, кейін коммуникацияның саналы мақсаты ретінде бекітіледі. Қарым-қатынас мақсаты сөйлеу әрекеттерін анықтайды, оларға сыртқы жағдайлар, әңгімелесушілердің психологиялық және эмоциялық жағдайлары әсер етеді. Коммуникативті әрекеттің психологиялық құрамдас бөліктері (мотив, қажеттілік, коммуникацияның мақсаты) оқушылардың сөйлеу әрекеттерін анықтайды.

Оқушының оқу-тану процесінде сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыруы коммуникативті стратегия мен коммуникативті тактика сияқты өзара байланысты ұғымдарды қолдануды болжайды. Коммуникативті стратегия коммуникативті тактиканы қамтиды, оның міндеті жоспарланған стратегияны жүзеге асыру болып табылады. Бұл ұғымдарды коммуникацияның теориялық жоспары (коммуникативті стратегия) және жоспарды жүзеге асыру бойынша практикалық әрекеттер (коммуникативті тактика) ретінде көрсетуге болады.

Коммуникативтік стратегия мен коммуникативтік тактиканың құрамдас бөліктерін толығырақ қарастырайық. Стратегияны «соңғы нәтижеге қол жеткізу үшін икемді құрылымы бар когнитивті жоспарлардың қасиеті» ретінде қарастыру керек [37, 272 б.]. Коммуникативтік жағдай нақты өзін-өзі таныту мен өзін-өзі жүзеге асыру үшін стратегияларды қолдану жөніндегі өзіндік нұсқаулықты ынталандырады. Коммуникативтік стратегиялардың ерекшелігі – олар сөйлеу жағдайында бастапқы жоспардың бұзылуы немесе ауытқуы орын алған кезде іске қосылады, яғни бастапқы мақсат жүзеге аспайды.

Коммуникативтік стратегияның өзегі болып коммуникативтік мақсат пен коммуникативтік интенция табылады, олар коммуникациялық актіні бағыттап, үйлестіреді. Егер коммуникативтік мақсат – бұл оқушының осы коммуникативтік-сөйлеу жағдайында қол жеткізгісі келетін қалаған нәтижесі болса, онда коммуникативтік интенция теориялық қадамдарды оқушының белгілі бір мінез-құлқына біріктіреді. Мұндай мінез-құлықтың сызығы нақты жоспарланған стратегияны көрсетеді, онда оқушының тұлғасы практикалық қарым-қатынас дағдыларын меңгеру деңгейін қадағалауға мүмкіндік беретін бағдарға айналады. Мұғалім осы қызметте оқушының коммуникативтік ниеттерін (коммуникативтік тапсырмаларын), коммуникативтік тәжірибесін анықтай алады, бұл туындаған қиындықтарды жоюға және оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Коммуникативтік актінің нәтижесі тек коммуникативтік мақсаттың жүзеге асырылуы ғана емес, сонымен қатар оқушыға коммуникативтік перспективаны белгілеуге мүмкіндік береді, ол «ақырында қажет нәтиже алу мүмкіндігін тудыратын болашақтағы жағдайды болжайды» [38, 11 б.].

Коммуниканттың бірінің әрекетіне жауап ретінде жасалатын реакцияны коммуникативтік қадам деп атайды. Коммуникативтік актіні жоспарлау тақырып туралы ақпараттық хабардарлыққа, когнитивтік деңгейге, алынған ақпараттың стратегия мен тактикада бейнеленуін көрсететін интерпретацияға, қарым-қатынас әдебі нормасына, мақсат пен мотивтерге

бағытталған предпозициялық құрамдас бөлікке сүйенеді. Қарым-қатынас процесінде коммуникант үнемі зерттеу қызметін жүзеге асырады, коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды пайдаланып, соңғы мақсатқа жетудің жолдарын жобалайды. Маңыздысы, «қазіргі кезеңдегі коммуникативтік өзара әрекеттесуде мотивация мен мақсаттардың иерархиясы тұрғысынан ең маңызды стратегия» негізгі деп аталады, ал «диалогтық өзара әрекеттесуді тиімді ұйымдастыруға, адресатқа оңтайлы әсер етуге ықпал ететін стратегиялар» қосымша (прагматикалық, диалогтық, риторикалық) болып табылады [39, 106 б.].

Шынайы коммуникативтік-сөйлеу жағдайында оқушы коммуникативтік тактиканы жүзеге асырады, ол қарым-қатынастағы жеке практикалық әрекеттер тізбегінен тұрады. Мұнда оқушы кездесетін негізгі түсініктер – коммуникативтік тапсырма (коммуникативтік ниет) және коммуникативтік тәжірибе. Қарым-қатынас стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған барлық тактикалық әрекеттер коммуникативтік мақсатқа жетуге бағытталған біртұтас коммуникативтік тапсырмалар жүйесін құрайды. Мұндай жүйені құру оқушылардан алдыңғы қарым-қатынас тәжірибесін талап етеді, ол әртүрлі коммуникативтік стратегиялардың нұсқаларын меңгеруге мүмкіндік береді, оның ішінде сәтті және сәтсіз стратегиялар да бар. Педагогикалық коммуникацияда коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды қолдану оқушылардың жүйеленген практикалық қызметінде жүзеге асырылады және мұғаліммен үйлестіріледі.

Оқушылар коммуникативтік стратегияны жүзеге асырудың нұсқаларын қарым-қатынастың мақсаты мен осы коммуникативтік акте қолдануға болатын ақпаратқа байланысты таңдайды. Ақпарат адресатқа да, адресатқа да түсінікті болуы тиіс, оның шекаралары қабылдаушы тұлға мен оның алған ақпаратты қабылдап, өңдеуге дайындық деңгейіне бағытталуы қажет. Мұғалім қарым-қатынас барысында жобалайтын педагогикалық тапсырмалар білім беру процесіндегі коммуникативтік тапсырмалармен сәйкес келеді. Оқушының қызметі тек жаңа ақпаратты қабылдаумен шектелмей, оқу-зерттеу қызметі мен коммуникацияға белсенді қатысуды қамтитын модель бойынша құрылады.

Қорытындылай келе, коммуникативтік құзыреттілік тұлғаның жан-жақты дамуы мен оның мінез-құлық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде құрылымдық тұрғыда тығыз байланысты. Оқу-танымдық қызметі – интеллектуалды және шығармашылық белсенділіктің ерекше түрі, ол ізденіс механизмдерінің жұмыс істеуі нәтижесінде қалыптасып, зерттеу дағдылары мен мінез-құлқын дамытуға негіз болады.

Білім беру саласында коммуникативтік құзыреттілік ерекше орын алады, себебі бұл – оқу процесінде мақсатты түрде ұйымдастырылатын және оқушылардың арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз ететін дискурстық кеңістікті құрайтын маңызды элемент. Мұғалім мен оқушылар арасындағы диалог білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол тек жаңа білімді меңгеру ғана емес, сонымен бірге оқушылардың коммуникативтік қызметін зерттеу және түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Коммуникативтік

құзыреттіліктің дамуы оқушыларға өзара түсіністікке қол жеткізуге, олардың ойларын еркін білдіру қабілетін нығайтуға және көпшілік алдында, күнделікті өмірде және кәсіби ортада қарым-қатынасты табысты жүзеге асыруға септігін тигізеді.

1.3 Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың жолдары

XX-XXI ғасырларда қоғамдық санадағы өзгерістер мектептегі білім беру стратегиясын қайта қарастыруды қажет етті. Білім философиясында антропоцентрилік парадигмаға ауысу нақтыланды, яғни мұның негізінде субъект принципі жатыр. Гуманитарлық білім берудің мәні – адамды, оның әлемге деген дүниетанымын, көзқарасын, танымын тану. Гуманитарлық білім беру – «адамның әлеуметтік-мәдени тұрпатын сомдау тәсілі ретінде көрінеді, өйткені ол жеке тұлғаның дамуындағы сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеруге жәрдемдеседі, сол арқылы оның ішкі әлеуетін ашуына деген мүмкіндігін кеңейтеді» [40].

Болашақ – білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейі және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі», – деп, айқын көрсетілген [40]. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау қажет.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихын сараптай келе, алғашқы кезден-ақ қазақ тілінің жай-күйі мен мәртебесін көтеруді аңсап, оның қоғамдық және әлеуметтік орнына көп көңіл бөлген. Қазақ тілін оқыту дидактикасы А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов секілді қазақ халқының маңдайына біткен ұлтжанды азаматтардың еңбектерінен бастау алғандығын көруге болады.

А. Байтұрсынов өзінің «Әліппе – астар», «Баяншы», «Қай әдіс жақсы?» атты еңбектерінде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін ұсынады. Ғалым: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиетті өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халық оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса да, өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істемегіміз келмесе, осы бастан тіл,

әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті. Түсініп отырғанымыздай, қанша уақыт өтсе де, бұл пікір әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтпаған [41].

Қазақ тілін оқыту әдістемесіне отандық ғалымдар біраз еңбек сіңірді. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесінде Н. Оралбаеваның, З. Бейсенбаеваның, Ф. Оразбаеваның, Р. Шаханованың, А. Қыдыршаевтың, Н. Құрманованың, Ж. Балтабаеваның, Қ. Қадашеваның, К. Жақсылықованың модульдік оқыту әдістемесі, А. Сатбекованың жобалай оқыту технологиясы, Р. Рахметованың синтаксисті қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі және т.б. ғылыми жұмыстар әдістемелік жүйеге өз үлесін қосады.

Қазақ тілін орта мектепте оқыту әдістемесіне С. Рахметованың оқушылардың тілін дамыту әдістемесі, А. Жапбаровтың тіл дамыту әдістемесі, Н. Оразақынованың сатылай кешенді талдау технологиясымен оқыту әдістемесі, Ж. Дәулетбекованың сөз мәдениетіне арналған зерттеу жұмыстары құндылығымен бағалануда.

Жоғары сыныптарда қазақ тілін оқыту бағдарламасының мазмұны бүгінгі таңда бұрынғыдан әлдеқайда өзгеше. Мұның басты себебі қазақ тілінің қазіргі қоғамдық мәнімен байланысты. Қай қоғамда да тіл проблемасы болатыны белгілі шындық десек, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленуіне орай, шешімін табуға тиісті күрделі мәселелер әлі де баршылық. Бұл жағынан білім беру саласында да атқарылуға тиісті ауқымды істер жетерлік.

Септік жалғауларды жоғары сыныпта оқытудың маңызы біріншіден, оқушыларға грамматикалық біліммен қаруландыру. Қазіргі уақыт – ақпараттың тасқындап келу уақыты. Ал осы ақпаратты оқушылардың жөнді-жөнсіз пайдаланып, адамдар арасындағы тілдесімнің күрт төмендеп, оның орнына «техникалық тілдесім» етегін кең жаюда. Оқушылар тілінің жұтаңдығы, проблемаларын шеше алмауы, сөз қадірін білмеу – бәрі тілдесімнің, әрекеттің жоқтығы. Сөз мәдениетін сан қырынан зерттеп жүрген ғалым Ж. Дәулетбекова сөз мәдениетінің аса маңызды бөлігі қатысымдық сапасы екендігін айта келіп, сөздің қатысымдық сапасы мен мазмұнына әсер ететін факторларға сөз шыншылдығы, тіл көркемдігі, өзіндік тіл ерекшелігі, сөз байлығы, сөз тазалығы жататындығын анықтайды.

Екіншіден, қазіргі қоғамда «сауаттылық» ұғымы мазмұнының айтарлықтай тез қарқынмен дамып жатуы. Адамның оқи алу, жаза білу және арифметикалық есептер шығара алу қабілетін сипаттайтын сауаттылықтың дәстүрлі түсінігімен қатар «функционалдық сауаттылық» ұғымы белсенді пайдаланыла бастады. Қазіргі білім беру жүйесінде барлық пәндердің міндеттері оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталуы тиіс. Өйткені функционалдық сауаттылық – «оқушының сөйлеу жағдаятына қарай қазақ тілінің құралдарын таңдап қолдана алуы, түрлі әлеуметтік өмір жағдаяттарында өз проблемасын шешеуде қазақ тілін тілдік нормаларды сақтай отырып, қатысымға түсе алу біліктілігі» [42]. Яғни бұл бағыт жоғары сынып оқушысының әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану

дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы тұлғаның үнемі жетіліп отыруына септігін тигізеді. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Қазіргі нарық заманы білім беру жүйесіне елеулі өзгерістерді кіргізуді талап етіп отыр. Сонымен бірге кез келген өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай алатын, белсенді, интеллектуалды әлеуеті жоғары, креативті ойлай білетін ұрпақ тәрбиелеуге басымдылық беруді қажет етуде. Осымен байланысты мектептегі білім беру жүйесін жандандыруға, оқу сапасын арттыруға мән беріліп, білім беруді құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру жолға қойылды. Білім беру жүйесінде оқушының білім, білік, дағдысын оның құзыреттілігімен сабақтастыру мәселесі алға шықты. Құзыреттілік, құзыретті тұлға мәселесі жан-жақты зерделене бастады. Жалпы «құзыреттілік» терминін ғалымдар мен әдіскерлер әртүрлі түсіндіріп жүр. «Құзыреттілік», «құзырет» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланыста айтылып, педагогикада «құзырет» және «құзыреттілік» терминдерімен қатар «түйінді құзыреттіліктер», «кәсіби құзырет», «кәсіби негізгі жеке қасиеттер» және т.б. терминдер синоним ретінде қолданылып келеді. Пікір әр түрлі болғанмен олардың барлығы түпкі нәтижені құзыреттілік тұрғысынан айқындау деген тұжырымға келіп тіреледі.

«Құзыреттілік» термині ең алғаш өндірістік мекемелерде қолданылып, ол менеджерлік ұғыммен байланыста қаралды. Себебі көптеген ғалымдар құзыреттілікті білімге, тәжірибеге, негізделген оқу барысында жинақталған қабілеттердің жиынтығы ретінде қарастырады.

С.Е. Шишов: «...умения представляются как компетенция в действии. Компетенция – это то, что порождает умение, действие. Компетенцию можно рассматривать как возможность установления связи между знанием и ситуацией или, в более широком смысле, как способность найти, обнаружить процедуру (знание и действие), подходящую для проблемы», – деп, құзыреттілікті қабілетпен байланыстырады [43].

Р.С. Рахметова: ««Құзырет» және «құзыреттілік» термині көбінесе бір-біріне синоним ретінде қолданылып жүр. Ал «біліктілік» термині белгілі адамның бір мамандықты игеруінің деңгейін байқатады», – дей келіп, оған мынандай анықтама береді:

Сонымен, «құзырет» және «құзыреттілік» терминдері өзара сабақтас, мағыналас. «Құзырет» кең мағынадағы ұғым да, «құзыреттілік» – осы құзыретті қолдана білуі, іске асыруы, білімі, білігі, дағдысы:

- білім жүйесінің іске асуы;
- тұлғаның өзіндік ерекшелігі мен тұлғалық сапасы;
- кез келген қызметке даяр болу критерийі;
 - қажетті міндеттерді шешу мен белгілі нәтижеге жету жолындағы қабілеттілігі;

- кәсіби қызметті қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылар жүйесінің бірлігі;
- адамның практика жүзінде өзінің құзыретін жүзеге асыратын қабілеттілігі;
- міндеттерді шешудегі білімі мен тәжірибесінің көрсеткіші;
- кез келген практикалық жағдаятты шешуі мен іске асырудағы өзіндік әлеуеті;
- әлеуметтік және кәсіби ортада кез келген қызметтің әлеуметтік мәнін түсініп, өзінің жауапкершілігін сезініп, шығармашылықпен жүзеге асыруы [44].

Психологтер құзыреттілікті индивидтің басқа адаммен тілдесімге түсуі кезінде қалыптасатын қызметі тұрғысынан қарастырады. Қалай десек те, құзыреттілік адамның өміріне қажетті білім, білік, дағдыларды игеруі болып табылады. М.В. Кондурар білім беру жүйесіндегі «құзырет» және «құзыреттілік» терминдеріне талдау жасай келіп, оның көбінесе төмендегідей түсінілетінін айтады:

- образовательного результата, выражающегося в подготовленности, в реальном владении методами, средствами деятельности, в возможности справиться с поставленными задачами;
 - такой формы сочетания знаний, умений и навыков, которая позволяет ставить и достигать цели по преобразованию окружающей среды;
 - совокупность характеристик (мотивы, убеждения, ценности), обеспечивающая выполнение профессиональной деятельности и достижение определенного результата;
 - соответствие специалиста предъявляемым требованиям компетенции [45].
- Яғни құзыреттілік жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін, индивидтің алдында кездескен мәселелерді шешу қабілетін, кәсіби қызметіне қажетті білім, білік, дағдысын қамтиды.

Қазіргі таңда ғалым-әдіскерлер құзыреттіліктің бірнеше түрлерін айтып жүр. Құзыреттілік білімнің түпкі нәтижесі ретінде түсініледі. Жаһандану заманына дендеп енген қазіргі қоғамда оқушыға ұлттың мәдениетін тілдегі септік жалғауларды меңгерте отырып оқыту және оның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері өзекті болып отыр. Бұл мәселенің екі қыры бар, бірінші – тілдік мәдениетті білу, екінші – тілдік-мәдени және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Тілдік мәдениетті жетік білмей коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан бұл екі мәселе бір-бірімен сабақтасып, астарласып жатады. Себебі тілдік мәдениеттің түпкі тамырында сол тілдің дамуы мен қалыптасуына әсер ететін, тілдің өзіндік ерекшеліктері мен әдеби тіл нормасын танытатын тілдік, мәдени бірліктер жатады. Ғалым Г. Қосымова айтқандай, «халықтың тіршілігі мен тұрмысында сөз өнері шешуші рөл атқарады. Атысқандарды да бітістірген, жауласқандарды да татуластырған, қиюы кеткен істі бүтіндеген, бұра тартқандарды түзу жолға салған, тентекті телі еткен, қалғығандарды оятқан, тұралағандардың еңсесін көтерген – ақылды сөздің арыны, қуатты сөздің құдыреті» [46]. Тіл мәдениаралық

қарым-қатынаста ерекше рөл атқарады. Қоғамның тілі мен жеке адамның тілі кез келген ұлттың мәдениеті мен деңгейін танытады. Тілдік мәдениет қоғамның мәдениетін, жеке адамның сол қоғамның мәдениетін дамытудағы рөлін байқатып тұрады.

Бүгінгі таңда мектеп тәжірибесіне кезең-кезеңімен енгізілген негізгі жалпы білім берудің реформалары оқушының коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру міндеттілігін алға шығарды, ол «басқа адамға, оның пікіріне, дүниетанымына, мәдениетіне, тіліне, сеніміне, азаматтық ұстанымына саналы, құрметпен және мейірімділікпен қарауға дайын және қабілетті болып табылады. Білім алушының бұл құзыреттілігі алғаш рет білім беру бағдарламасын игерудің жеке нәтижесі ретінде қарастырылды. «Оқу барысында оқушылар меңгеретін оқу-танымдық және оқу-практикалық міндеттерді табысты орындау үшін қажетті» коммуникативтік оқу іс-қимылдары жүйесін меңгеруде» [47, 10]. Стандарттың негізгі талаптарында сондай-ақ, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін оятуға және олардың сыныптастарының ортасында және әртүрлі жастағы ортада ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруды негіздейді, олар одан әрі табысты білім беру мен болашақ мамандығын бағдарлаудың негізі.

Педагогикалық сөздік құзыреттілікті «өкілеттік шеңбері, адамның қажетті білімі мен тәжірибесі бар қызмет саласы» деп түсіндіреді; ал құзыреттілік – «белгілі бір саладағы қызметке дайындық деңгейі, білімді меңгеру дәрежесі, дұрыс және тиімді шешімдер қабылдау үшін қажетті қызмет тәсілдері» ретінде [14, 41]. Оқушының коммуникативті құзыреттілігі, біздің түсінігіміз бойынша, оның тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынаста өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін, құрдастарымен және ересектермен ынтымақтастық және ынтымақтастық қабілетінде көрінетін және этикалық нормаларға сәйкес келетін және ауызша және вербалды емес түрде ұсынылған коммуникативті өнімдермен (мәтіндермен) көрінетін жеке қасиеттердің жиынтығы [47,5].

Құзыреттіліктің тікелей және кері болатындығын ғалым В. В. Нестеров пен А. С. Белкиннің еңбектерінен көруге болады: «Құзыреттілікке қызмет барысында адам қол жеткізеді»; «құзыреттілікті жүзеге асырудағы жетістіктер жетістікке, сипатқа, құзыреттілікті қалыптастыру жылдамдығына әсер етеді» [48, 4-5]. Сонымен білім алушының белгілі бір құзыреттілігін дамыту үшін мұғалім мектепте оқу барысында тиісті құзыреттерді тиімді игеру үшін жағдай жасауы керек. Кенжебеков Б.Т. ғылыми еңбектеріне және т.б. әдіскерлердің тұжырымдарына сүйене отырып, біз оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қажетті келесі құзыреттерді бөліп көрсетеміз [15, 28]:

-перцептивті коммуникацияның құзыреттері оқушыға тұлғааралық қатынастарда өзін-өзі анықтауға, өзінің және басқа біреудің құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді; қарым-қатынастағы позициялар игеру байланыс өзара әрекеттесу ретінде;

-интерактивті коммуникацияның құзыреттілігі, оқушының топта өзін-өзі анықтау мүмкіндігі, қоғамда нақты мәселелерді шешуде ынтымақтасу,

яғни кооперация дағдылары мен дағдыларын игеру;

-оқушыға әртүрлі ақпарат көздерін қолдану негізінде өз ойларын ана тілінде ауызша және жазбаша түрде білдірудің коммуникативті-сөйлеу құзыреттілігі.

Оқыту үдерісінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру мектептегі оқыту кезең-кезеңмен, деңгейлік іс-әрекеттерден тұрады, мысалы, «бірлескен қызмет немесе ақпарат алмасу серіктестерімен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу»; «басқаның позициясын ескере отырып әрекет ету және өз іс-әрекеттерін үйлестіре білу қабілеті»; «ұйымдастыру және мұғаліммен және құрдастарымен оқу ынтымақтастығын жоспарлау»; «қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың моральдық-этикалық және психологиялық принциптерін ұстану»; «сөйлеу әрекеттері өз қызметін реттеу құралы ретінде» [15, 57-59].

Біздің көзқарасымыз бойынша, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру логикасы келесідей құрылуы керек:

1) мақсат қою – коммуникация құндылықтарын қабылдау, оның мақсаты ретінде коммуникативті мақсатты қалыптастыру, қажетті нәтиженің субъективті-идеалды бейнесі, коммуникативті іс-әрекеттің объективті-нақты нәтижесіндегі коммуникативті мақсатты жүзеге асыру –құндылық мінез-құлқы;

2) жоспарлау – жағдайды проблемалық талдау, ресурстар мен мүмкіндіктерді есепке алу және нақты сипаттама, белгіленген мақсаттарды іске асыруға әкелетін бөлінген бағыттардағы болжамды іс-қимылдар;

3) бастамашыл ынтымақтастықты жүзеге асыру:

а) мәлімдеме – оқушыларда қалыптасқан жеке тұлғаларды көпшілік алдында ұсыну мағыналары мен құндылық бағдарлары;

б) дәлелдер, дәлелдер туралы хабарлама, топтық коммуникациядағы мағыналарды іздеуді белсендіреді және бағыттайды;

в) құндылық коммуникациясына қажетті мағыналар мен түсініктерді іздеу векторын белгілеу үшін сұрақ қою;

г) сұраққа жауап-мағыналарды бекіту және коммуникацияның мәнін түсіну көрсеткіші;

д) қалыптасқан жеке тұлғаға негізделген нақты дәлелдерді, логикалық байланыстарды іздеуге түрткі болатын күмән мағынасы;

е) өзінің құндылығы мен маңыздылығын көрсете отырып, саналы түрде өз көзқарасын білдіру қабілетін дамытуды көздейтін теріске шығару;

4) коммуникативті рефлексия – адамның қабілеті, әдістер мен нәтижелерді объективті бағалау басқалармен өзара әрекеттесу; басқалардың оны қалай қабылдайтынын түсіну қабілеті, ең алдымен ол қарым-қатынас процесінде кіммен байланысады.

Мектептегі коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі құралы – сөйлеуші де, тыңдаушы да жүзеге асыратын коммуникативті міндет. Ол коммуникативті әрекеттердің сипатын анықтайды, білім беру процесінде игеру керек. Коммуникативті негізгі топтарға арналған стандарт тапсырмалар сипаттаманы, түсіндіруді, дәлелдеуді және сендіруді қамтиды.

Біз бұл тізімді кеңейттік, орта үшін бүкіл оқу кешенін әзірлеу жалпы білім беретін мектептің буындары және онда функционалдық бағыты, пәндік мазмұны бойынша ерекшеленетін міндеттер бар, оқушылардың жасына және дайындық деңгейіне байланысты қызметті ұйымдастырудың қиындық деңгейі мен формалары.

Функционалдық бағыты бойынша міндеттер төрт түрге бөлінеді: тақырыпты анықтау, мәселелер, мәтіннің авторлық позициясы, сондай-ақ оны білдіру құралдары.

Пәндік мазмұнға байланысты зерттелетін пән бойынша білімді түсінуге бағытталған коммуникативті пәндік міндеттер және қоғамдағы әртүрлі жағдайларда бағдарлау үшін қажетті пәннен тыс міндеттер бөлінеді.

Қызметті ұйымдастыру формаларына сәйкес міндеттерді жеке, жұпта немесе әр түрлі топтарда шешуге болады.

Коммуникативті есептерді шешу әдістемесі кумулятивтік шкала қағидаты бойынша құрылады: әрбір келесі тапсырма түрін шешу бұрын игерілген коммуникативті әрекеттерге сүйенуді қамтиды [49].

Мысалы, жоғары сыныптарда тақырыпты, проблеманы, мәтін авторының оған деген көзқарасын және оны білдіру үшін жүгінетін құралдарды анықтау үшін «детерминирленген» және «тұжырымдалған» тапсырмаларды қолдану ұсынылады; жеке, жұпта және топта шешілетін пәндік және пәндік есептер. Коммуникативті міндеттердің мазмұны «бастапқы» мәтіндер (оқулық, аудио және бейне жазбалар және т.б.) немесе «қарсы» мәтіндер (мұғалімнің сөзі, сыныптастарының сөйлеген сөздері және т. б.) деп аталады. Бұл сипаттама немесе баяндау немесе пайымдау болуы мүмкін. Гуманитарлық цикл сабақтарында (тілдер, әдебиет, тарих, әлеуметтік зерттеулер) бастапқы мәтіндерді талдау, өз мәтіндерін жобалау және таныстыру орындалады. Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін (математика, биология, география және т.б.) зерттеу барысында топта жұмыс істеу, өз көзқарасын алға жылжыту және дәлелдеу дағдылары жетілдіріледі.

5-7 сыныптарда жұмыстың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар күрделене түседі. Игерілгендермен қатар «детерминистік» және «тұжырымдалған» тапсырмалардың түрлері «ықтималдық» болып табылады және мазмұны бар «тұжырымдалмаған» тапсырмалар сендіру сипаты. Жоғары сынып оқушылары танысу қайта өңдеудің және ұсынудың жаңа тәсілдері мен оқу ақпаратын (рецензия, кері байланыс, пікірталас, дау-дамайдағы репликалар, баяндама, жолдастың мәлімдемесін талдау және т. б.) әр түрлі топтарда ынтымақтастықты ұйымдастырудың ұтымды тәсілдерін үйренеді, саны, процестерді бағалау әдістері және коммуникация өнімдері.

Жоғары сыныпта негізінен пәннен тыс шешімдер қабылданады әр түрлі күнделікті коммуникативті жағдайларда бағдарлау үшін қажет міндеттер және қоғамда. Оқушылардың практикалық жобалық қызметіне, өлкетану мұражайы базасындағы оқу пікірталастары мен семинарларына бейнелеу өнері мұражайы, жасөспірімдер кітапханасы, филармония және т.б. ерекше назар аударылады.

2 СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДАҒЫ ОРНЫ

2.1 Қазақ тіліндегі септік категориясының зерттелуі: құрылымдық-семантикалық аспект

Септік категориясы – есім сөздердің грамматикалық категорияларының ішінде басты қызмет атқаратын және сөйлемнің құрылымын, мағынасын құрайтын көрсеткіш. Септік жалғаулары синтагматикалық тұрғыдан көбіне етістікпен байланысатындықтан, тілдік қатынастың, яғни коммуникацияның оларсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Себебі сөз сөйлемнің құрылыс материалы болады, сөйлемде түрлі тұлғада түрленіп келіп жұмсалады. Синтаксистік тұрғыдан септік жалғаулары сөйлемнің синтаксистік категориясы ретінде танылады, олардың белгілі бір мағыналары оның парадигмалық тұлғаларында емес, сөйлемді құрайтын сөзформалар қатынасында қарастырылады.

Септік жалғауы қазақ тіл білімінде морфологиялық әдебиеттерде, синтаксистік әдебиеттерде жан-жақты талданып келеді. Қазақ тіл білімінің

негізін салушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» еңбегінде жалғауларды жалғаулықтармен байланыстыра қарастырады. Жалғаудың екі түрін атайды: 1) септік жалғау 2) көптік жалғау. Септік жалғаулар сөздердің үйлесуіне сеп болады. Септік жалғау бесеу:

1. Ілік жалғау «-дың»;
2. Барыс жалғау «-ға»;
3. Табыс жалғау «-ды»;
4. Жатыс жалғау «-да»;
5. Шығыс жалғау «-дан» [50, 200 б.].

Ал қазір қазақ тілінде жеті септік көрсетіліп жүр.

Септік категориясының мағыналық құрылымын Сәрсен Аманжолов «Септік жалғауларының қызметі» атты мақаласында қозғап, жеті септікке тоқталады. Әрқайсысының сөйлемдегі мағынасын қарастырады. Ғалым, негізінен, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріне тоқталады. Көмектес септікті құралды септік деп атайды. С.Аманжолов: «Негізгі барыс жалғаудың қызметі: «Заттың бет алысын көрсету» дейтін болсақ, оны барлық бірдей барыс жалғау тұлғасы атқара бермейді. Міне, сол жақтарын түгел айқындап шығу үшін бірнеше жікке бөлеміз. Жатыс жалғауының негізгі тұлғасы – да/-де, -та/-те. Бұлар заттың мекенін жалпы түрде көрсетеді. Ал заттың мекенін жалпы көрсетпей, айқынырақ басқалардан жіктеп көрсету болса, олардың үстінен –ғы/-гі жалғауы қосылып, мекеннің ішкі жағын тұрақты етіп көрсетеді. Мысаы: қаладағы бала, үйдегі бала, т.т. Жатыс жалғауының негізгі екі мағынасы бар: бірі – тік мағына, екіншісі – көлденең. Шығыс жалғаудың негізгі қызметі – бір заттың екінші заттан шыққандығын, бет алғанын көрсету. Негізгі сұраулары: «қайдан, неден, кімнен?». Оның барлық түрі бұл сұрауға жауап бермегендіктен, ондайларды көлденең мағынада қосамыз. Сөйтіп, мұның да тік, көлденең мағыналары бар екен. Құралды жалғаудың негізгі қызмет – істің нендей құралмен істелгендігін көрсету. Бірақ барлық құралды жалғау ол міндеттен шыға бермейді. Негізгі сұраулары «кімнен? неден? Сондықтан бұларда тік мағына, көлденең мағына дегендер болады [51, 24-34].

Ғалым септік жалғауларының мағыналарын нақты деректермен тиянақтай келе, мынадай қорытынды жасайды:

«1. Септік жалғаулары тек жалғау үшін жүрген жоқ, олар сөз бен сөз арақатысындағы мағынаны ашады;

2. Сөз бен сөздің орнына қарай (сөз таптарының сөйлем ішіндегі орнына қарай) әрбір жалғау бір ғана емес, 1-ден 22-ге дейін мағынаға ие болады (мысалы, шығыс жалғауы);

3. Септік жалғауларының тұлғасына лайық түпкілікті тік (прямое или вертикальное) мағынасынан басқа, тұлғасына сай емес көлденең (горизонтальное или косвенное) мағынасы да барлығы байқалады.

Әрбір жалғаудың беретін мағынасын санағанда мынадай есеп шығады:

1. Барыстың 8 тік, 9 көлденең мағынасы бар – 17;
2. Жатыстың 2 тік, 4 көлденең мағынасы бар – 6;
3. Шығыстың 13 тік, 9 көлденең мағынасы бар – 22;

4. Құралдың 2 тік, 4 көлденең мағынасы бар – б» [51, 34].

Табыс жалғауының бұл түрі кімді? нені? деген сұрауға жауап беруі арқасында әңгімеге объект болған затты қадалап айқын көрсетеді дейді. Ілік септігінің түсіріліп қолданылуы сөз мағыналарының белгісіздігіне, жалпылануына әсер етсе, ілік септігінен басқа табыс септігі де жалғаусыз қолданылса абстрактілікті немесе белгісіздікті білдіреді (ұғымды нақтылау қажетсіз болған кезде). Мысалы: Құрғақ қасық ауыз жыртар [51,230].

Септік жалғауы дегендегі септік деген термин сеп (жәрдем, көмек, дәнекер, септігін тигізу) деген ұғымды білдіреді. Осы сөзден туған септеу деген сөз екі түрлі мағынада жұмсалады. Мысалы, бірі – екі нәрсені (жіпті) жалға, ұластыру; екіншісі – сөздердің септік жалғауларын қабылдап өзгерту жүйесі. Септіктердің сұрақтары алғашқы кім? не? деген негізгі сұрақтардан туындайды. Сондықтан осы сұрақтардың соңына қосылып тұрған жалғау сөздерге де қосылады, бірақ бұлардың варианттары түрліше болып келеді. Септік жалғауларының құрылымдық-семантикалық аспектісі сөздерді бір-бірімен байланыстыратын, оларға грамматикалық мағына беріп, септестіріп, жалғап тұратын қосымшалардың қызметінде анықталады.

Құдайберген Жұбанов қазақ тіліндегі септелу парадигмасындағы нөлдік морфема мен нөлдік формаларға тоқталады, олардың сөйлемдегі қызметі мен семантикасына тоқталады. Бұл парадигма нөлдік морфемаға бай және ерекшеліктері де бар екендігін атап өтеді. Негізгі септік делінген атау септігінің 4 қызметін көрсетеді: 1) бастауыш, 2) белгісіз толықтауыш, 3) анықтауыш, 4) баяндауыштың есім бөлімі. Мұнда табыс, ілік септіктерінің нөлдік формалары негізгі септікте қаралған, сондықтан оның синтаксистік қызметі атау септікке қосылып, басқа септіктердің қызметімен сай келіп тұр [52, 65].

Септік категориясының құрылымдық-семантикалық аспектісі әр септіктің мағынасынан тұратыны белгілі. Осы жүйедегі атау септіктің де басқа септіктерден өзінше мағынасы мен атқаратын қызметі бары сөзсіз. Тек оның мағынасы басқа септіктердің қосымшасыз формаларының мағына жиынтығы емес.

А. Қалыбаева мен Н.Оралбаева: «Атау септік – парадигманың бір мүшесі, оның өзіндік мағынасы мен қызметі бар. Оны анықтау үшін атау септік мағынасы саналып жүрген мағыналарды алып қарайық. Анықтауыш қызметіндегі зат есімдерді (тас үй, ағаш үй, т.б.) ғылымда атау септікке жатқызады» [53,111]. Осылайша қарау дұрыс па деген сұраққа жауап берудің атау септіктің мағынасы мен қызметін айқындауға қатысы бар. Бұл қызметте зат есім сын есімнің орнына қолданылады. Сондықтан септелмейтін сөз табының орнына қолданылған зат есімді септік парадигмасының бір формасында танудың негізі жоқ. Ал грамматикалық еңбектерде айтылып жүргендей атау септік деп зат есімнің басқа септіктерге түрленбей тұрғандағы қалпын танудан шыққан. Сондықтан тас үй деген тіркестегі үй тас сөзі атау септікте тұрған сөз емес, сын есімдер сияқты түбір қалпында тұрған анықтауыш болады. Ол сөздің септік категориясына қатысы жоқ.

Қазақ тілінде жай септелу, тәуелді септелу, есімдіктің септелу

ерекшелігіне байланысты олардың қосымшалары бірнешеге дейін барады дей келіп, ғалым барыс септіктің төрт қосымшасы -ға (ауыл-ға), -ған (осы-ған), -а (анам-а), -на (анасы-на) бар деп атап өтеді [53,114]. Осы айырмашылықтарына қарамастан, олар тек барыс септігінің жалғаулары болады, бәрі осы септіктің мағынасын білдіреді.

Септіктердің мағынамен қызметінің алатын орны ерекше екені бәрімізге мәлім. Атау септіктің өзіне тән белгілі мағынасы бар, ол мағына септік парадигмасының басқа ешбір мүшесі білдіре алмайды, атау септіктің белгілі тұрақты қызметі бар, оны қалған септіктегі сөздердің ешқайсысы атқара алмайды, өйткені атау септік шартты түрде алынған, сөздің басқа септіктерге түрленбей тұрғандағы қалпы ғана емес. Ол септік парадигмасының бір мүшесі, септік жүйесіндегі сөз формаларының бірі, ол сөйлемдегі сөздермен белгілі қатысқа түседі, синтаксистік қызмет атқарады, тұрақты мағынасы бар. Атау септікке таңылып жүрген түрлі мағыналардың біреуі ғана оған қатысты. Ол – атау септік сөйлемде кім және не туралы айтылатынын білдіреді. Бұл – атау септіктің бірден-бір мағынасы.

Ілік, табыс, шығыс, көмектес септіктерде қосымшалы формалар мен нөлдік формалар қатарласа қолданылады, сондықтан бұл септіктер қос формалы септіктерге жатады. Мысалы: Қысқы емтихан (емтиханның) сессиясы басталған. Орыс (орыстың) тарихында Салтычиха деген де болған (М.Мағауин). Ойдан-қырдан қарап билеттегі сұрақтың үшеуіне де жауап (жауапты) таптым. Сахара (сахараның) заңы да бар қаталдық (қаталдығымен), бар надандық (надандығымен), жұлымдылығымен молаша мызғымай қалғандай (М.Әуезов). Осы сөйлемдердегі ілік, табыс, көмектес септіктері сөзге жалғанбай, жасырын, нөлдік формада берілген. Оларды ауыстыруға болатын қосымшалы формалары жақшаның ішінде берілді. Септіктердің қосымшасы бола тұра сөйлемде не сөз тіркесінде бірде жалғанып, бірде түсіріліп айтылуы туралы да заңдылықтар бар. Олар, негізінен, мағыналық ерекшелікке байланысты. Мысалы, мағынаның белгілілік, белгісіздігі, заттың белгісін білдіретін сөзге айналу, кейде сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы байланысуы да көрсетіледі.

Ғалым А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» еңбегінде септік жалғауына, жай және тәуелді септеуге, қызметі мен мағыналарына тоқталады. Автордың еңбегінде де жеті септік тұлғасы көрсетіліп, әрқайсысының сөз тіркесін құраудағы және сөйлем мүшесі қызметіндегі ерекшеліктеріне талдау жасайды. Сонымен бірге, ғалым атау септігінің қызметі басқа септік формалары мен мағыналарын салыстырып ажырату үшін қабылданған негізгі форма және белгілі бір затты атау үшін ғана емес, одан әлдеқайда кең грамматикалық қызмет атқаратын, арнайы талдайтын негізгі форма ретінде қарастырады [54,61].

Сейілбек Исаев септік жалғауларының қызметі мен мағыналық сипатына қарай тоқталып, атау септігінің өзіне тән мағынасы бар, сөйлеу үдерісінде басқа септіктер сияқты өзге сөздермен синтаксистік байланысқа түсіп, белгілі бір қызмет атқаратындығына тоқталады. Ілік септігінің меншікті заттың иесін білдірудің көрсеткіші ретінде зат есімнің тәуелдік

жалғауының III жақ тұлғасымен тығыз байланысты болатындығын атап өтеді. Қалған септіктердің тіркесте жалғаулы не жалғау түсіріліп қолданылатын орнын, ерекшеліктерін анықтайды. Септік жалғауларының мағыналары мен қызметтері, септік жалғауларын грамматикалық және көлемдік септіктерге бөлудің мәні қарастырылады [55,87].

Қазақ тіліндегі септіктердің сөйлемде атқаратын қызметтері мен сұрақтары біркелкі емес. Септік жалғаулары зат есімге тән категория, дегенмен септік қосымшалары басқа сөз таптарына жалғанғанда заттық мағына тудырып, оларды заттандырады. Бұл септік категориясының басты белгісі, сонымен бірге біріншілік қызметі болып табылады. Дегенмен, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары заттық мағынадан бөлек бағыттық, мекендік, мезгілдік, амалдық, жалпы көлемдік мағына білдіріп, пысықтауыштық қатынаста да жұмсалады. Ал атау, ілік, табыс септіктері үнемі заттық мәнде жұмсалады. Атау септігінде тұрған сөз бастауыш қызметін, ілік септігінде жұмсалған сөз анықтауыш, ал табыс септігін қабылдаған сөз тура толықтауыш қызметін атқарады. Септік тұлғаларының осындай екі жақты мағыналық, қызметтік ерекшелігіне байланысты түркологияда септік жалғаулары екі топқа топтастырылған:

- 1) грамматикалық септіктер – атау, ілік, табыс септіктері;
- 2) көлемдік септіктер – барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері.

Септік жалғаулары синтаксистік еңбектерде сөздердің меңгеріле байланысу формасына қатысты мәселеде қаралатыны белгілі. Яғни, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері (табыс септігі де) толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастарда меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін ұйымдастырады. Ғалым М. Балақаев септіктердің синтаксистік қызметтері мен синтаксистік қатынастарын сөз тіркесі құрамында қарастырған. М.Балақаев есімдердің етістіктермен меңгеріле байланысып, әртүрлі қарым-қатынаста жұмсалуды үшін табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері жалғауларының бірінде айтылатынын, сондай-ақ жалғаулар сөздердің синтаксистік қызметтерін саралайтын да тұлғалар екенін ескертеді.

«Аталған септік жалғауларының синтаксистік қызметі, негізінде, етістіктердің лексикалық мағыналарымен байланысты болады да, сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларына септік жалғауы басыңқы сөздердің ыңғайына қарай жалғанады. Мысалы, *шық, түс, қара, жібер* етістіктері, барыс, шығыс, көмектес жалғауларындағы сөздерді керек етіп, оларды өздеріне бағындырып (меңгеріп) тұрады:

Шық – тауға шық, үйден шық, сатымен шық;

Түс – суға түс, аттан түс, арқанмен түс;

Қара – балаға қара, терезеден қара, бинокльмен қара;

Жібер – жолдасыңа жібер, қаладан жібер, почтадан жібер». Автор септік жалғауларының өздері тіркесетін етістіктердің мағыналарымен байланысты екенін айтады.

М. Балақаев меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерді бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай былай бөледі:

– табыс жалғаулы сөз тіркестері;

- барыс жалғаулы сөз тіркестері;
- шығыс жалғаулы сөз тіркестері;
- жатыс жалғаулы сөз тіркестері;
- көмектес жалғаулы сөз тіркестері [56,70-71].

М. Балақаев: «Объектілік қатынастағы сөз тіркестері қимыл процесінің кімге, неге арналғанын, бағытын, қандай затпен үстемеленгенін, қандай затпен түйіскенін, неге қамтылғанын білдіреді. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері қимыл процесінің бағытын білдіреді және мекендік, мезгілдік, мақсаттық мағыналарда жұмсалады», – деп мағыналық қатынасын анықтайды [56,84-85].

2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» барыс жалғаулы сөз тіркесінің мағыналық сипатының толығы түскенін байқаймыз: «Толықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерімен салыстырғанда пысықтауыштық қатынаста қолданылатын сөз тіркестері тілімізде жиі қолданылады, соған орай мағыналық жағынан алуан түрлі болып келеді.

Объектілік қатынаста жұмсалатын барыс жалғаулы сөз тіркестерінің мағыналары, негізінен, мынадай:

1. Қозғалыс әрекетінің кімге, неге бағытталғандығын білдіреді.
2. Қозғалыс әрекетінің бағыт, бағдарын білдіретін етістіктердің бірқатары барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, аттану, жорыққа шығу, тартысу мағынасында қолданылады.
3. Қозғалысқа түскен заттың адресатын білдіреді.
4. *Соқтығу, тию, сүріну, сүйену, жамбастау, жантаю* тәрізді қозғалыс мәнді етістіктер барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, қақтығыс пен сүйкеніске түскен заттарды атап көрсетеді.

Пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын барыс жалғаулы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

Көлемдік. Мұндай мағынаны білдіретін сөз тіркестері *жер, көл, аспан, жол, үй, қасы, жаны* тәрізді көлемдік ұғымы бар сөздердің қозғалыс мәнді етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады.

Мезгілдік. Мезгілдік мағынаны білдіретін сөз тіркестері уақытты, мезгілді, шақты меңзейтін есімдердің қозғалыс әрекетін білдіретін есімдермен тіркесуі арқылы жасалады.

Объектілік қатынастағы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

1. Біреуге сенім артқандықты білдіреді.
2. Ұнағандықты, сүйсінгендікті білдіреді.
3. Реніш, күйінінің біреуге, бір нәрсеге бағытталғандығын білдіреді» [57, 273 б.].

Шығыс жалғаулы сөз тіркестері. М. Балақаевтың грамматикалық еңбегінде шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің толықтауыштық қызметтегі төрт мағынасы және пысықтауыштық қатынастағы төрт мағынасы беріліп, мысалдармен дәйектелген. «Шығыс жалғаулы сөз тіркестері жанама толықтауыш, пысықтауыш қатынастарда жұмсалады. Толықтауыштық қызметте жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің бірнеше

мағыналары бар:

- 1) заттың басқа заттан істелу тегін білдіреді;
- 2) мағлұматтың әрекеттің шығу көзін білдіреді;
- 3) шығыс жалғаулы зат есімдер айрылу, құтылу, айығу, жазылу, қашу, тазару, тазарту, безу сияқты етістіктермен тіркесіп, бірденеден арылу, құтылу мағынасында жұмсалады;

4) сан есім не болмаса сан есімнен анықтауышы бар зат есім шығыс жалғауда тұрып етістікпен тіркескенде, сөз тіркесі заттың сандық бөлшегін не даралаған мөлшерін білдіреді.

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің мағыналары:

- 1) көлемдік, көбіне қимыл процесінің орнын көрсетеді, енді бірі қимылдың басталу, болу орнын білдіреді;
- 2) мезгілдік;
- 3) себеп-салдар;
- 4) қимылдың амалын білдіреді» [56,86-88].

«Қазақ грамматикасы» академиялық еңбекте шығыс жалғаулы сөз тіркесінің синтаксистік қатынастағы мағыналары кеңінен сипатталған:

«I. Тек шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін қозғалыс мәнді етістіктер: Мұндай топқа жататын етістіктер саны көп емес. Олардың қатарына *асу* (белден), *өту*, *озу*, *бөлініп шығу* тәрізді сөздер жатады. Шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің алуан түрлілігіне қарай мағыналық жағынан да әр жақты болып келеді. Солардың негізгілері мыналар:

1. Қимыл-әрекеттің белгілі бір нәрсені жанай өткендігін білдіреді.
2. Мезгілдің мөлшерлі уақыттан өтіп бара жатқандығын білдіреді.
3. Жарыста озып шығу, ілгері кету мағынасын білдіреді.
4. Кісінің жас мөлшерін білдіреді. *Ал мен сізді отыздан асқан болар деп ойлап едім* (Ә. Нұрпейісов).

II. Негізінен шығыс жалғаулы сөздерді тілеп тұратын қозғалыс мәнді етістіктер. Бұлардың қатарына *қашу*, *шығу*, *түсу* (*аттан*), *секіру*, *аттау*, *қарғау*, *еру* тәрізді етістіктер жатады:

1. Бірыңғай шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін қозғалыс мәнді етістіктер қимыл-әрекеттің не басталған орнын, не тірелер жерін білдірмей, тек белгілі бір нәрсені жанай өткендікті білдіреді.
2. Негізінен шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін қозғалыс мәнді етістіктер қимыл-әрекеттің басталған орнын, тірелер жерін және қалай іске асқандығын білдіреді.

Толықтауыштық (объектілік) қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

1. Қимыл-әрекеттің кімнен басталғандығын атап көрсетеді.
2. Еңбектен қашу, сырт қалу мағынасын білдіреді.

Пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

1. Көлемдік қатынасты білдіреді.
2. Себебін білдіреді.
3. Кездесу, кезігу, күтіп алу мағынасында.

4. Ұрлану, жасырыну, көзге түспеу мағынасында жұмсалады» [57,284].

Жатыс жалғаулы сөз тіркестері. Толықтауыштық қатынаста қимыл процесінің қандай заттың үстінде не қандай затпен байланыста болатынын, бірдеңенің кімде екенін білдіреді. Пысықтауыштық қатынастағы жатыс жалғаулы сөз тіркестері мекендік және мезгілдік мағынада жұмсалады [56, 88].

«Қазақ грамматикасында» жатыс септігі табиғатында мекенді, орынды білдіретіндіктен, мұндай септік жалғауы арқылы қалыптасқан сөз тіркестері, ең алдымен, көлемдік қатынасты білдіретіндігі айтыла келіп, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынастағы мағыналары сипатталған.

«Объектілік қатынастағы сөз тіркестері мынадай мағыналарды білдіреді:

1. Қимыл процесіне жанама объект болатын *заттар мен нәрселерді* атап көрсетеді.

2. Қимыл-әрекеттің нендей нәрсеге қатысты екендігін атап көрсетеді.

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

1. Көлемдік. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында көлемдік мәні бар зат есімдер қолданылып, қимыл-әрекеттің болған орнын атап көрсетеді.

2. Мезгілдік. Мезгілдік мағынаны білдіретін сөз тіркестері бағыныңқы сыңарлардың лексикалық мағынасымен тікелей байланысты. Бұлар мезгілді, кісінің немесе жан-жануарлардың жас мөлшерін білдіретін есімдер мен есімшелер болып келеді» [57,291].

Көмектес жалғаулы сөз тіркестері. Ғалым М. Балақаев еңбегінде көмектес жалғаулы есімдер етістіктерге меңгерілу арқылы объектілік және пысықтауыштық қатынастарда түрлі-түрлі мағынада жұмсалатыны айтылған. «Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалыады:

1) құралдық, құрал-сайманның атын білдіретін көмектемтегі зат есімдер кісінің қимыл-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, құралдық мағына білдіреді; материалдық, етістікті сөз тіркесінің құрамындағы көмектес жалғаулы зат есімнің істелетін істің неден, қандай заттан істелетінін білдіреді;

2) заттық, бірқатар зат есімдер көмектес жалғаулы етістіктермен тіркескенде, олар қимылдың заттық объектісі ретінде жұмсалады;

3) бірлестік, көмектес жалғаулы кісі атары және кім? Деген сұрақ қоюға болатын бала, студент, әкем сияқты сөздер көбінесе ортақ етіс тұлғалы салт етістіктермен тіркесіп, бірлестік мағынада жұмсалыады. Көмектес жалғаулы сөз тіркестері пысықтауыштық қатынаста мезгілді, мекенді, себеп-салдарды және қимылдың істелу амалын білдіреді» [56,89-90].

«Қазақ грамматикасында» көмектес жалғаулы сөз тіркесінің тілдің ішкі даму мүмкіншіліктеріне байланысты жұмсалыу өрісінің көбейгендігі айтылады, соның негізінде мағыналық қатынасының кеңейгендігі тұжырымдалған. «Қазақ тіліндегі көмектес септігінің *-мен* жалғауы арқылы

құрылған сөз тіркестері тілдің ішкі даму мүмкіншіліктеріне қарай қолданылу өрісін барынша кеңейтті. Мұндай ерекшеліктерді мынадан байқауға болады:

1) көмектес жалғаулы сөз тіркестері табиғатында құралдық, бірлестік мағыналарын (*балтамен шабу, өкесімен келу*) білдіретін болса, кейіннен осы мағыналардың негізінде қимыл-әрекеттің іске асу тәсілін (*самолетпен келу*); материалын (*былғарымен қаптау, тақтаймен қоршау*); мезгілін (*қолға тиісімен хабарлау*); себебін (*тапсырмамен келу, қайғы-қасіретпен жүдеу*) білдіретін қосымша грамматикалық мағыналар қалыптасты;

2) көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің қолданылу өрісінің кеңейіп, жанарып толыға түсуіне орыс тілі де айтарлықтай ықпал етті. Мәселен, *күресу* етістігінің *Әлимен күресу, Кажымұқанмен күресу* тәрізді көмектес жалғаулы сөз тіркестерін құрауы қазақ тілінде ертеден-ақ кездесетін болса, ал оның *аштықпен күресу* (борьба с голодом), *ішкілікпен күресу* (борьба с пьянством), *тенлектікпен күресу* (борьба с хулиганством), *тап жауларымен күресу* (борьба с классовыми врагами), *қоғамдық тәртіп бұзушылармен күресу* (борьба с нарушителями правопорядка) тәрізді сөз тіркестерін құрауға ұйтқы болуы – орыс тілінің ықпалына байланысты кейін барып қалыптасқан құбылыстар.

Басыңқы сыңары етістіктер болып келетін көмектес жалғаулы сөз тіркестері тіркес құрамындағы сөздердің әр түрлілігіне әрі мағынасы жағынан әр қилылығына байланысты объектілік (толықтауыштық) және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалып, олар одан әрі мағыналық тұрғыдан іштей сараланады.

Объектілік қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында зат есімдер мен есімдіктер қолданылады:

1. Құралдық. Құрал-сайманның атын білдіретін көмектес жалғаулы сөздер кісінің қимыл-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, құралдық мағынаны білдіретін сөз тіркестерін құрайды.

2. Материалдық. Басыңқы сыңары етістіктер болып келетін көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің бірқатары істелетін істің неден, қандай заттан немесе ненің қатысымен істелетінін білдіреді.

3. Толықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің бірқатары іс-әрекеттің объектісі болатын затты атап көрсетеді.

Пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері әр түрлі мағыналарда жұмсалады, олардың негізгілері мыналар:

1. Мұндай қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің көпшілігі *қимылдың істелу амалын білдіреді*.

2. Көлемдік мәні бар көмектес жалғаулы сөздер қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, мекендік мағынаны білдіреді. *Жолмен келдім, мұздың үстімен жүрдім, орманның арасымен келдім, арықтың жағасымен келе жатыр, бұлттың арасымен ұшып келеді*.

3. Осы типтес сөз тіркестерінің бірқатары қозғалыс-әрекетінің тәсілін білдіреді. Мұндай сөз тіркестері транспорт (көлік) атауларының қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады.

4. Мезгіл мәнді есімдер көмектес жалғаулары арқылы етістікпен

тіркескенде, қимыл-әрекеттің мезгілін білдіреді.

5. Көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің бірқатары қимыл-әрекеттің себебін білдіреді» [57,302].

Сонымен, септік категориясы – есімдердің жалпы грамматикалық категориялар ішінде маңызды рөл атқаратын әрі тілдің грамматикалық құрылымын зерттеуде басты мәселенің қатарынан орын алатын күрделі тілдік жүйе. Өйткені бұл категория – сөйлемде сөздерді байланыстыратын басты грамматикалық көрсеткіш. Сонымен қатар, септік жалғаулары синтагматикалық тұрғыдан көбіне етістікпен байланысатындықтан, тілдік қатынастың оларсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Септік категориясын лингвистер әр қырынан қарастыруда. Септік жалғаулары морфологиялық, синтаксистік және мағыналық тұрғыдан зерттеліп келеді. Септіктің мағынасы, түрлену парадигмасы, оның дамып қалыптасуына көп көңіл бөлінуде.

2.2 Қазақ тіліндегі септік жалғауларының функционалды-семантикалық ерекшеліктері

Тіл – қоғамдағы адамдардың практикалық қатынасының құралы. Тілді бір адам өзі үшін ғана қолданбайды, басқа адамға өзінің ойын білдіру, жеткізу үшін қолданады. Қоғамдық өмір өзгерісіне сәйкес, қазақтың әдеби тілі де дамып келеді. Тілдің сатылап, бірте-бірте дамуының нәтижесінде грамматикалық категориялардың қайсысы болса да дамып, бір жүйеге түсті. Сол грамматикалық категорияларды функционалды-семантикалық аспектідегі тілдік бірліктердің түрлі тіл деңгейі тұрғысынан зерттеу қазіргі таңда біл білімінде, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі ең басты әрі маңызды мәселе болып табылады.

Функционалды-семантикалық ерекшелік деген терминді түсініп алу үшін қос сөздің әр сыңарының мағынасына тоқталып, қалыптасқан ұғымды анықтау керек. Грамматика мен логика арасындағы байланыс, сөйлеудің ерекшелігі, грамматикалық құрылым мен жүйе сараланады. Біріншіден, грамматика принциптеріне сәйкес, оның семантикалық инварианты болуы керек, ол варианттар жүйесінде қызмет етуі керек. Мысалы, жатыс септігі грамматикалық мағынасы жағынан іс-әрекеттің, қимылдың жүзеге асу уақытын, мезгілін, мекенін, көлемін білдірсе (тоғызда басталады, жұмыс орнында жоқ), шығыс септігі іс-әрекеттің, қимылдың бастапқы орнын, себебін, өлшем-мөлшерін білдіреді. Екіншіден, оның тілдік жүйенің кемі екі деңгейін қамтыған өзіндік берілу жолдары болуы тиіс. Мысалы, әр септіктің өзінің меншікті жалғаулары (ілік септік жалғауы –ның, -нің, барыс септік жалғауы –ға, -ге, т.б.). Үшіншіден, семантикалық даралау белгілері тілдің түрлі деңгейлерінде көрініс табуы керек. Мысалы, әр септіктің сөйлемдегі семантикалық мағынасы (табыс септігінің тура нысанды білдіріп, сөйлемде сабақты етістікті меңгеретіндігі) және септеулік шылаулармен байланысы (мен үшін қолайлы, саған дейін орындалған, т.б.). Сондықтан септік категориясы өзіндік ерекшеліктерге бай функционалды-семантикалық

категория болып табылады.

Септік жалғауларының сөйлемде жалғануы не түсіріліп қолданылуының себебі көп. Ол бұл жалғаулардың функционалды-семантикалық ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы: Күмәнді дүние ретінде тергеу, тексеріске түседі, қияметтің қыл көпірінен дн қиын, адалың, әділіңмен санаспайтын, бір емес, әлденеше отты орам, шайтан көпірден өтіп барып, ес кетті, жан шықты дегенде жарыққа әрең жетеді (М.Мағауин). Бұл сөйлемдегі бірыңғай мүшенің алдыңғысы (тергеу) барыс септіктің нөлдік формасында, адалың сөзі көмектес септігінсіз қолданылған. Осы сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің әрқайсысын жіктеу, даралауға мән бермей, олар бірлікте алынған, сондықтан оның бәрінде айтылуға тиісті септік жалғауы тұтас топ ретінде беріледі.

Табыс септігі мен ілік септігінің түсіп қалуын профессор А. Омарова ауыспалы нөлдік морфемаға жатқызып, ол септіктерінің жалғауларының түсіп қалуын атау септікке қарсы қояды. Ғалым табыс септігі мен ілік септік қосымшаларының уақытша түсіп қалуының өзіндік себептері бар екенін айта келіп, оны атау септік тұлғасымен шатастыруға болмайтынын айтады: «Атау септіктің нөлдік морфемасы тұрақты, ал ілік пен табыс септіктің нөлдік морфемасы ауыспалы. Демек, атау септік – тұрақты нөлдік морфемалы, тұрақты нөлдік тұлғалы септік. Ал ілік, табыс септіктері – ауыспалы нөлдік морфемалы, ауыспалы нөлдік тұлғалы септіктер [58,102].

Табыс септік пен ілік септік жалғауларының түсірілмей, ашық келуі заттың, денотаттың белгілігінен хабардар етеді. Мысалы: Сол қапалықты жеңілдеткісі келген оймен, кескіні күреңденіп шыпши терлеген Байжан, купесінің күн жаққа қараған терезесінің жабық пердесін ашты да, сырғымалы қос-қабат терезенің бірінен соң бірін жоғары көтерді (С.Мұқанов). Қапалықты, кескіні, купесінің, терезесінің, пердесін – табыс және ілік септік жалғаулары ашық қолданылған. Олардың ашық не жасырын келуі белгілік не белгісіздік категориясының морфологиялық көрсеткіші деуге негіз бар. Белгілік не белгісіздік категориясының көрсеткіштері алмаса беретінін, бірінің орнына бірі қолданылуы мүмкін екендігі жайлы түрколог-ғалымдар Н.Ф.Катанов, П.М. Мелиоранский, Н.К. Дмитриев өз еңбектерінде айтып кеткен болатын [59].

Табыс септігінің ауыспалы нөлдік сипаты жөнінде ғалым А. Омарова деректі зат атаулары қимылдың объектісі қызметінде нөлдік тұлғада қолданылатынын айта келіп, объектінің келешек мағынасында дерексіз мәнді зат есімдер қолданылатындығын көрсетеді: ақыл бер, айла жаса, жәрдем көрсет, тілек тіле, үлгі көрсет, тәрбие бер, салмақ сал, жауап бер... [58,174]. Ғалым табыс септігінің жасырын келу себептерін былайша түсіндіреді: «Табыс септігінің ауыспалы нөлдік тұлғасы (морфемасы) стильдік қажеттілікті өтеу үшін де қолданылады. Табыс септігінің нөлдік формасының мәтінде қайталануды болдырмау үшін, стильдік қолайсыздық тудырмау үшін, ақындардың өлең сөзінде ұйқас үшін, өлең жолының буын санына сәйкестік іздеумен байланысты, мақал-мәтелдерде ойды қысқа жеткізу мақсатында қолданылатыны айқындалады. Бұл мәселе септік тұлғаларының қолданылуына ортақ заңдылық екені байқалады. Сондай-ақ, табыс септігінің

нөлдік тұлғасы ойды қысқа айтуға да қызмет етеді. Ол сөйлеуде, оқуда уақытты үнемдейді, жазуда орынды үнемдейді және түсінуді жеңілдетеді. Тілдің дамуында да ол заңдылық үлкен қызмет атқарған. Міне, тілдің тарихи дамуында да, тілдің күнделікті қолданысында да үлкен қызмет атқаратынын ықшамдау заңдылығының табалына сай табыс сертігінің нөлдік тұлғасы қызмет етеді [58,177].

Бірыңғай мүшелердің алғашқыларының септік жалғауынсыз қолданылуында тұтастық, бірлік мәні күшті болады. Мысалы: Тәкежан, Майбасар, Ысқақтармен ақылдасып, Шұбар жаңа сайлау алдында ел аңғарын түймек болған (М. Әуезов). Осы сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің бәрінің жекеше мәні түсінікті, бірақ соңғы сөзде (Ысқақ-тар) көптік жалғауы жалғауы бар, оның қолданылуы да осы адамдардың рухани жақындығына, тұтастығына, бірлігіне негізделіп, соны аңғартудың бір тәсілі ретінде алынып, септік жалғауы да осы тұтастықтың жалпы тұлғасы ретінде соңғысына жалғанған. Керісінше, әр ойды даралап, нақтылап, әрқайсысына мән берілсе, септік жалғаулары түспей қолданылады. Мысалы: Балжан жалғыз қазақ қызы, бірақ Әлия Молдағұлова да қазақ қой, мектеп соның атында, тәрбиешілерге де, оқушыларға да түгел сыйлы, әрі үздік оқиды (М.Мағауин). Барыс септікті зат есімдерге да, де жалғаулық шылаулары тіркесіп келгендіктен, бұл жерде бөлу, даралау мәні күшті болып тұр, сондықтан ол қолданылған жерде септік жалғауы түспейді, өйткені онда әр сөздің мәнін бөліп көрсету күшті, әрқайсысына көңіл бөлінеді.

С.Исаев септік жалғауларының мәнін ашатындай тұжырымды бір анықтама беру қиын деп есептейді, өйткені септік жалғаулары зат пен қимыл, зат пен зат, зат пен сын арасындағы субъекті-предикаттық, тура және жанама объектілік, меншіктілік, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық тәрізді алуан түрлі қатынастарды жүзеге асырады. Бұл қатынастарды кейде өзі тікелей ұйымдастырса, кейде тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауымен байланысып барып атқарады. Осы қызметтеріне орай, С. Исаев қазақ тілі грамматикаларында септік жалғауына берілген анықтамаларды сараптай келе былайша түйіндейді: «...септік жалғауларына (категориясына) зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілікқатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп, мақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы деген анықтама беруге болады. Септік жалғау жүйесінің басқа жалғаулардан күрделілігі де осында» [55,120-121].

Тіл дегеніміз – функционалды жүйе, белгілі бір мақсат үшін қолданылатын тілдік таңбалардың жүйесі, тіл білімінің міндеті осы жүйені тілдің барлық қабатынан – фонологиядан, морфологиядан, синтаксистен, лексикадан, әрқайсысының өзіндік семантикалық сипатынан айқындалады. Функционалды-семантикалық ұғым – белгілі бір семантикалық қызметті орындау үшін өзара байланыс жасауға қабілетті әр түрлі тілдік құралдардың жүйесі. Арнайы функционалды-семантикалық өріс теориясын зерттеген орыс ғалымы А.В.Бондарко: «Функционалды-семантикалық өріс – тілдегі грамматикалық көрсеткіштердің лексикалық, лексика-грамматикалық әрі сөз

тудырушы, сөз түрлендіруші лексемалардың екіжақты қырынан (мазмұн – форма) үндесе әрі үйлесе бірігіп келіп белгілі бір семантикалық ортада көрініс табуы. Семантикалық категориялар негізінде әр түрлі деңгейдегі әрекеттес тілдік құралдардың функцияларының ортақтығына байланысты қалыптасқан жүйе» [59,390].

Белгілі ұлттық ұжымда қалыптасқан тілді тұтынушының санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді, сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасауда грамматикалық категориялар маңызды болады. Осындай ерекшелігі мол категория қатарына септік категориясы жатқызылады. Септік категориясы болмыстағы нысандардың арақатынасы туралы білімдерге негізделеді, өйткені септік категориясы адамның қарым-қатынас барысындағы түрлі қатынастарды зерделеп құруы нәтижесінде пайда болады. О.Жұбаеваның пайымдауынша, септік категориясының мазмұны тілдік қатынастардың қалай пайда болғанын білдіріп, ғалам туралы білімді, олардың тілде қалай көрініс тапқанын, морфологиялық септік категориясында тоғысатын грамматикалық мағыналар мен көрсеткіштерді қамту, морфологиялық жолмен берілетін қатынас туралы энциклопедиялық білімдердің тілде қалай кодталатынын көрсету [60,258-259].

Септік категориясы қазақ тіл білімінде грамматикалық категория болып табылады. Категория дәрежесіне жету үшін тіл білімінің заңдылығы бойынша категориялық үш негізгі белгіге ие болу керек. Септік категория дәрежесіне жетті, өйткені үш белгіге жауап береді. Біріншісі, арнайы грамматикалық формаға ие, ілік септігінің –ның, –нің жалғауы, барыс септігінің –ға, –ге, табыс септік жалғауы –ды, ді, т.б. Екінші белгісі – грамматикалық мағынаға ие болуы, атау септік нөлдік формада, затты атап, басқа септіктерге негіз болады, ілік септік тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесіп, заттың меншіктілік қатынасын білдіреді, барыс септігі – орын, мезгіл, жанама бағытты білдіреді. Сол сияқты жеті септіктің контексте өзіне тән грамматикалық мағыналары болады. Үшінші белгісі – қарама-қарсылық. Ол септіктердің мағыналарының әр түрлілігінен байқалады. Мысалы, барыс септікке шығыс септік, атау септіктен басқа септіктер грамматикалық қарама-қайшылықта құралады. Атау септігі септік тұлғаларына негіз болатын форма, сол себепті барлық грамматикалық еңбектерде негізгі септік деп беріледі. Бірақ тек белгілі бір затты атау үшін ғана емес, онан әлдеқайда кең грамматикалық қызмет атқаратындықтан, арнайы талайтын негізгі форма ретінде қаралады.

Септік жалғаулар өзіне тән грамматикалық тұлғалар арқылы белгілі грамматикалық мағына білдіріп, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады. Морфологиялық тұрғыдан септік категориясы грамматикалық мағыналары бар септік категорияларының жүйесі ретінде грамматикалық категория болып табылады.

Септік жалғауларының функционалды-семантикалық ерекшелігіне көркем шығармалардан мысал келтіре отырып, әрқайсысының сөйлемдегі мағынасын қарастырылады. Септіктердің жекелеген мағыналары сөз

тіркесіне қатысты. Сондықтан талдау жүргізген уақытта, олардың сөз тіркесінде келуі және сөйлемдегі орнына қарай анықталады. Негізгі нөлдік формада қолданылатын септік – атау септігі. Сұрақтары – кім? не? кімдер? нелер? Атау формадағы сөздер жекеше де, көпше де және тәуелді түрде де қолданыла береді. Бұл формадағы сөздердің өзіне тән жалғауы болмайды. Осы атау септігінде тұрған сөздер арқылы басқа септіктердің формалары мен мағыналарын ажыратамыз. Мысалы: *Сіз сусап тұрған сияқтысыз, бұл араның ең жақсы сусыны қарбыз, менде қарбыз бар* (С.Мұқанов). *Байжан* кідіріп қарай қалды, оны сезгендей *қыз* да жалт қарады (сонда). Олимпиадаға келген өзге *қыздар мен жігіттер* бір-біріне соқтығысып, әзілдесіп, шуласып өлең айтып жатқанда, *Гүлнар екеуі* олимпиаданың программасын басқаруға сайланып үлгерді (сонда). Осы сөйлемдердегі *сіз, қарбыз, Байжан, қыз* сөздері атау септіктің *кім? не?* деген сұрақтарына жауап беріп, нөлдік формада қолданылған. *Қыздар мен жігіттер* – көпше түрде, *Гүлнар екеуі* тәуелді түрде берілген.

Ілік септік жалғауы сөздерге ашық түрде жалғанып та, жасырын жалғанбай да келе береді. Мысалы: ауылдың маңы, үй шаруашылығы. Ілік септік жалғаулы сөз үнемі тәуелдік жалғаулы сөздермен байланысып тұрады. Мұндай жағдайда ілік жалғаулы сөз иемденуші, меншіктенуші болып жұмсалады. Мысалы: *Шешесінің* жайын айтқан *кеңесінің* соңғы жағында, *Гүлнар* оны өткен *дәуірдің* кісісі сияқтандырып сөйлеген соң, *Байжан* ішінен «шешесі өлген болар ма *мұның*» деп жорамалдай бастаған. *Байжанның* өлең-хатын *Гүлнар* оқып көрсе, сарыны аумаған *Онегиннің* Татьянаға жазған хаты сияқты (С.Мұқанов). Осы сөйлемдердегі ілік септігіндегі сөздер тек тәуелдік жалғауының III жағында тұрған сөзімен тіркесіп, иемденуші қатынасты білдіреді: шешесінің жайы, кеңесінің соңғы жағы, дәуірдің кісісі, мұның шешесі, Байжанның өлең-хаты, Онегиннің хаты.

Ілік жалғауы арқылы байланысқан сөз тіркестерінің басыңқы бөлігі тәуелдік жалғауын қабылдай отырып, меншіктілік мәнге ие болады. Осы тектес сөз тіркестерінің өзара арақатынасына орай тілде бұлардың бағыныңқы бөлігін меншіктелуші, ал басыңқы бөлігін меншіктеуші деп атаушылық қалыптасқан. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының толық сипатта келуі арқылы тілімізде туынды сөздер де қалыптасқан. Бұл септік жалғауының функционалдық қызметінің толығымен бір сөзді атауға көшкен сипаты деп түсіндіріледі. Мысалы: Терминдік сипаттағы туынды мағыналы атаулар: шарттың күші, өнімнің ассортименті, әдебиеттің тәрбиелік мәні, т.б. «Жаудың жері емес, мына менің жерім!» деген Жұманның даусынан өзге отырғандар елендеп қалса да, *Игілік көзінің қиығын* да бұрған жоқ (Ғ.Мүсірепов). Халықаралық беделі аса зор Еуропадағы қауіпсіздік пен *ынтымақтастық ұйымына* төрағалық жасау міндетін абыроймен атқарған *Алаш жұрты* осынау тарих көзімен қарағанда мейлінше қысқа көрінетін уақыт аралығында өзінің тағдырын анықтайтын саяси-экономикалық реформалармен қатар, рухани кеңістігімізді жаңа айдындарға алып шығар батыл-батыл қадамдарды жасады (Т.Әлімқұлов). Ең алдымен, сырмінез деп жүрген Қараштың өзінің *өмір тарихын* жетік білмей келгенін енді-енді ғана

аңғара бастағандай болды (Т.Әлімқұлов). Мәселен, неге ғана сол алпауыт елдер өздерінде бар *атом бомбасын* өзге жетілген ел жасай қалса, неге ғана ер тоқымын бауырына алып тулап шыға келеді?! (сонда)

Мекен атауы: кітапхананың балалар бөлімшесі. *Игіліктің аулы* естісін деп, қатты ақырып айтты (Ғ. Мүсірепов). Бұл *сахараның жаны*, шынында да, жылқы екен (Т. Әлімқұлов). Олар және біреулерді ертіп келіп, Екінші *Алматы вокзалының* кәдімгідей той-томалақ боп тарқады (сонда). *Аудан орталығынан* түп қиянда орналасқан, мына қилы заманда да ата-жұртын тастамай тас түйін болып отырған бір қауым ел-жұрт, келіп жеткен сайлау атты науқанда бас қосып бақұлдасты (Б. Садыр).

Қызмет атауы: өрт сөндірудің кезекші қызметі, газ-түтіннен қорғау қызметінің өрт сөндірушісі, т.б. Өйткені, өзі де жақын арада *Индия императрицасы* деп аталуға әзірленіп жүрген кезі еді (Ғ. Мүсірепов). – Оны капиталистік *баспасөздің тілшісіне* сөйле (Т. Әлімқұлов). *Совхоз басшылары* шопандарды кіналап, жеке меншігіндегі ұсақ малдарын сыпырып алады (Т.Әлімқұлов). Көрші Шаға ауданының Киров атындағы *колхозының жылқышысы* Нұрша атышулы Ақбоздың нәсіліне ынтық боп, *совхоздың директоры* Жүніс Олжабаевтың қағазымен кеше кешке келіп, жылқышы Біркімбайды тосып жатқан еді (сонда). Гүлнәш өзі *ферма меңгерушісі* бола тұра, жылқы түлігіне келгенде әкесінің ризалығынсыз бір малды не етке өткізіп, не басқа шығасыға шығарып көрген емес (сонда). *Заң қызметкерлерінің, кәсіподақ қызметкерлерінің, артистердің* отбасын көргені Елеусіздің әлі есінде (сонда).

Ілік септігі мен тәуелдік жалғауы толық болып, матаса байланысып келгенде меншіктілік, қатыстылық мағына айрықша көрінеді де, нақтылық мән иеленіп тұрады. Айталық, Қазақстанның халық әртісі, Кеңес Одағының Батыры дегенде осы нақтылық басым. Сондай-ақ, толық матасу түрімен болған туынды сөздердің өзіндік сипаты, ерекшелігі де болады.

Сонымен, ілік септігінде сөз өзінен кейінгі тәуелдік жалғаулы сөзбен қосылып, күрделі сөз құрауы әбден мүмкін екен.

Ілік жалғауы жалғанған сөз әр уақытта бір нәрсенің иесі болады. Егер жалқы есім мен жалпы есім қатар келсе, жалқы есімге ілік септігі жалғанбайды, ал жалпы есім тәуелдік жалғауынын үшінші жағында тұрады. Мысалы: – *Орта Азия халықтарын* семьялық өмір жағынан мен екіге бөлем, – дейтін ол сырластарына (С.Мұқанов). *Патша үкіметі* бұрынғы *Ақмешіт атын* Перовскіге ауыстырған (сонда). 1925-28 жылдары *Қазақстан үкіметі* тұрған кезде, шығысына екі-үш этажды нелер көркем үйлер салынып, төңірегі бақшамен безенген (сонда).

Барыс септігінің жалғауының негізгі қызметі – заттың бет алысын көрсету: *Қызылордаға* келгеннен бір жұма кейін, канал құрылысының материалдарымен шұғылданып кетті (С.Мұқанов). Секретарь *столға* қарай барды да, *креслоға* отыра кетіп, екінші креслодан Байжанға ыммен орын нұсқады (сонда). Бірақ барлық жағдайда бұл тұлға осы мағынаны атқара бермейді. Сол жақтарын түгел айқындап шығу үшін бірнеше жікке бөлеміз.

Барыс жалғаулы сөз етістікпен тіркескенде қимылдың бағытын,

мақсатын білдіреді. Мысалы: *Қашқанға* қуған жетсе, шапалақпен арқаға шапылдатады (С.Мұқанов). Бұл сөйлемдерде – мақсат мәнін білдіреді. Екіншісі – оқуын бітіріп кеп, қалалық *больницаға қызметке* келеді деген (сонда). Кімге арналғанын көрсетеді: – Мынауың рас болса, – деді нағашы *жиеніне* (сонда). Тапа-тал түсте *суға* шомыламыз деп кетуі ақылға сыймастай еді. Ол *кітапханаға* кітап *алуға кетті* (мақсат). Кейде ауызекі сөйлеуде: Ол *дүкенге нанға, сүтке, айранға* кетті (*сатып алуға* сөзі айтыла бермейді).

Барыс септігі етістіктермен тіркескен кезде күрделі атау тудырады. Ол меңгеріле байланысқан етістікті тіркестен пайда болады. Үлгі төмендегідей:

Барыс септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *тіске басар, апатқа қарсы басқару, қалаға шоғырлану, жерге қосу, жеуге жарайтын, аңызға айналған, дауысқа салу, жеке басқа табыну, қарыққа шығару, тәртіпке келтіру; т.б.* Мысалы: *Бостандықты бағалау, азаттықты ардақтау, тәуелсіздікке тәу ету* біздің қазіргі бақытымыз («Егемен Қазақстан» газеті). Қоғамдық қабылдаулар тұрғындар арасында сайлау заңнамасын, *сайлауға қатысу* мен дауыс беру тәртібін түсіндірді («Егемен Қазақстан» газеті). Түсті *біліктіге жорыту* осыдан қалған деседі (Т. Әлімқұлов).

Барыс септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *еңбекке жарамдылық, жалға беруші, жалпыға ортақ, пұтқа табынушы, монополияға қарсы комитете, әскерге шақырылушы, бәсекеге қабілетті, құзға өрлеуші, т.б.* Мысалы: «Атамекен» қалалық сайлауалды штабының тұсаукесерлеріне осы құрылымның төрағасы Николай Черновол, оның орынбасары, штаб мүшелері, *депутаттыққа үміткерлер* қатысты. Бұл *қылмысқа күдікті* ретінде облыс орталығының тұрғыны, бұрын алаяқтық үшін сотталған әйел адам ұсталды («Егемен Қазақстан» газеті).

Табыс жалғаулар да кейде ашық, кейде жасырын түрде келе береді. Табыс септікті сөз үнемі етістікпен байланысып, амалмен, іспен тікелей қатынаста болады. Мысалы: Осынша әзірлігі бола тұра, күйеуінің келуін күтпей, *тойын жасамай*, елге шығып кеткені несі (С.Мұқанов). Олардың ісін басқаратын адам *тілін де, әдет-ғұрпын да* жақсы білуі керек (сонда). Жасырын қолданылғанда, оқушылар кім деген сұрақ қойып, бастауышпен шатастырады. Мысалы: Жаңа *канал* қазсақ жүз мың гектар *күріш* еге аламыз... *үш платина* құрған соң, миллион жарым *гектар* игереміз (сонда).

Септік жалғаулары тек сөз бен сөзді байланыстырып қана қоймайды, олар күрделі сөздерді жасауға да қатысады. Әуел баста еркін сөз тіркесінен туынды сөз құрамында келеді. Осы күрделі сөздерді меңгеріле байланысқан есімді және меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінен пайда болғандар деп қарастырамыз.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінен пайда болған атаулар да тілімізде баршылық. Мысалы: Табыс септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *тіл ашар, тұсаукесер, итжеккен, ауыз ашар, ұлтабар, т.б.* Мысалы: «Доп» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Вячеслав Гуменный жасөспірімдер арасында саламатты *өмір салтын насихаттау*, спорт ғимараттарының барша үшін қолжетімділігі, №23 пектеп ата-аналар комитетінің мүшесі М.Каланова Шухов көшесіне асфальт төсеу, Қайырбек Жолдасбаев Семашко 2-ші қысқа

көшесінен №3 қалалық емханаға дейін *электр шамдарын орнату*, Петропавл құрылыс-экономика колледжінің оқытушысы Е.Васильева осы оқу орны *спорт алаңын жөндеу*, М.Ахметова Я.Гашек көшесіндегі үйдің ауласына ағаш көшеттерін отырғызу мәселелерін көтерді («Қызылжар нұры» газеті). Оқиға орын алған аумақты бүге-шүгесіне дейін білетіндігі себебінен осы *қылмысты жасау* ер адамға еш қиындық туғызбапты («Егемен Қазақстан» газеті). Ондағы мақсаты – байдың Ақбоз дейтін *бәйге атын* алу (Т. Әлімқұлов). Басқосудың мақсаты – аймақтық *дін басшыларын тағайындау* екен (сонда).

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінен пайда болған атаулар: Табыс септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *пәтер жалдаушы, зейнетақыны жинақтау қоры, жүк салғыш, алжапқыш, су қоздырғыш, су салқындатқыш, т.б.* Мысалы: Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттіктің басшысы Ғабидолла Әбдірахимов азық-түлік тауарларының нарығындағы жағдайды тұрақты деп бағалай келіп, қант бағасының 11 пайызға қымбаттауы фактісі бойынша ірі *қант жеткізушілер* мен өндірушілерге қатысты тергеу амалдарын бастағандығын жеткізді («Егемен Қазақстан» газеті).

Септік жалғауының қолданыстағы мағыналары кең. Жатыс жалғау негізінде заттың орнын я мезгілін көрсетеді. Алайда жатыс жалғауының қолданыстағы мағынасы көп:

1) мекенді көрсетеді: Алдағы бірер бесжылдықтың ішінде *Сыр бойында* үш жерден платина құрылмақ, одан кейін *біздің облыста* бір жарым миллион гектар егін суарылмақ (С.Мұқанов). Орынды көрсетеді: Бір қап өрік, екі қап күріші жуырда ғана *дәлізінде* тиеліп тұрғанын көргеміз (сонда).

2) мөлшерді көрсетеді: Олардың *біразында* кітаптар, қағаз толтырған папкалар көрінеді, *қалғанында* әлдене сұйық зат құйылған бутылкалар қазқатар тізіліп тұр (С.Мұқанов).

3) істің себебін: Бұл мәселе Сырдарияның жағасындағы елдердің онымен неше мың жыл *соғысуында емес*, қашан, қалай *жеңуінде* (С.Мұқанов).

4) істің мезгілін: *Совет заманында* асау Сырдарияның мойнына бұғалақ тастау әуелі Өзбекстан өлкесінен басталып, «Мырзашөл» арқылы Қазақстан өлкесіне тараған (С.Мұқанов).

5) істің қазіргі процесін білдіреді: Қара карлығаштар, ләйлектер, бізтұмсық, шағалалар ұшып келе жатқанда шаршап қалса, ауада қалықтап келе жатып 10 минут ұйықтап алады. Әсіресе, «істің қазіргі үдерісін білдіреді» деп бөлуі көңіл аудартады. Күннің байлықтарын керегіне жарату *жолында* адам баласы басынан нелер ауыр күндерді кешірді (С.Мұқанов).

Жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің мезгілдік мағынасы көлемдік мағынаның негізінде кейін қалыптасқан деуге болады.

Жатыс жалғауының негізгі екі мағынасы бар, бірі – тік мағына (парадигмалық), екіншісі – көлденең (синтагмалық). *Далада* өскен қазақ қызына жылдың төртт мезгілі ғана емес, әр күннің өзінде әлденеше мезгіл бар (Ғ.Мүсірепов). Бұл көлденең мағынаға берілген мысал.

Жатыс жалғауының негізгі тұлғасы – да, -де, -та, те. Бұл заттың мекенін

жалпы түрде көрсетеді. Ал заттың мекенін жалпы көрсетпей, айқынырақ басқалардан жіктеп көрсету болса, олардың үстіне -ғы, -гі жұрнағы қосылып, мекеннің ішкі жағын тұрақты етіп көрсетеді. Мысалы: Одан бұрын шын *мағынасындағы* канал біздің облыста болған жоқ (С.Мұқанов).

Жатыс септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *артта қалу*; Мысалы: Ұлтымыз дамудың жаңа үлгілерімен бетпе-бет келіп, *артта қалу* қаупі жоқ екеніне бек сенімді (Т. Әлімқұлов). Құрметке бөленгендердің қатарында аталмыш салада талай жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан, *басшылық қызметте жүрген* және қатардағы мамандар бар («Егемен Қазақстан» газеті). Есік жақта *жұмыста қиетінін* саудырап ілулі тұр (Т.Әлімқұлов).

Жатыс септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *айында-жылында, артта қалушылар, т.б.* Мысалы: «*Артта қалушылар* Мәскеуде оқу тауысқан» дегенде Елеусіздің күдігі қалмады (Т. Әлімқұлов). Бұлар келе-ақ іздестіріп еді, мойны қашық ауданның «Бозтөбе» *совхозында тұратындардың* қатынайтын машинасы таң салқынымен кетіп қалғанын есітті (Т. Әлімқұлов).

Шығыс септік жалғауы заттың, үдерістің пайда болған, бөлініп шыққан объективін білдіруде қолданылады: -тан айрылып, Тәңірден жаралған, т.б. өз мысалымды сөйлемнен алу.

Шығыс септік жалғауының негізгі қызметі – бір заттың екінші заттан шыққандығын, бет алғанын көрсету. Негізгі сұраулары – қайдан? неден? кімнен? Бірақ оның барлық түрі бұл сұраққа жауап бермегендіктен, ондайларды көлденең мағыналыға қосамыз. Осы септік жалғауының тік және көлденең мағыналары бар екен. Шығыс септік жалғауының мағынасы кең, олар іс-әрекеттің шыққан орнын: Кірер-кірместен білмей бүгежектеген жұртқа кең бөлменің *түкпірінен* зілдене зекіді (Т.Сәукетаев).

Сөйлемдегі іс-әрекеттің, оқиғаның мезгілін білдіреді: Зейнеп *салден кейін* «қой, аунақшып жатып оятып алармын» деген қауіппен көрпе шетін еппен көтеріп орнынан созалаңдай тұрды (Т.Сәукетаев). Сенімі күдікке айналып, *кешеден бері* жүрегінің басына қадалып тұрып алған түйін уыстағы жентек қардай жылымшылап еріп барады (сонда). Мезгіл мәнді білдірген кезде шығыс септік жалғаулы сөз септеулік шылаулармен тіркеседі.

Сөйлемдерде шығыс септігі іс-әрекеттің, оқиғаның себебін көрсетеді: Ашуға *булыққаннан* үні шықпай кемсеңдеп, тісі-тісіне тимей, дір-дір етті (Т.Сәукетаев). Нұрбек қараңғыда біреу аяғымен қағып кетеп деген *қауіппен* тегешті қазандықтың алдына қарай ысырып қойды (сонда). Бағанағы Қазидың *дүрмегінен* кейін қаруын сайлап сақ тұрады. Не себепті сақадай сақ тұрады? Қазидың дүрмегінен кейін. Бұл жерде де шығыс септігі септеулік шылау арқылы беріліп тұр.

Көркем шығармаларда іс-әрекеттің мөлшерін, белгілі бір мөлшерін білдіруде қызмет атқарады. Бұл септік амал-әрекеттің белгілі белгілі бір затты толық қамтымай, оның белгілі бір бөлшегі ғана қамтитындығын білдіреді. Мысалы: Табақтағы қара кесектен *екі-үштен* түйір алып салды да, тегешті тазының алдына жақындатты (Т.Сәукетаев).

Шығыс септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *қашықтықтан басқару,*

өздігінен жану, істен шығу, қолдан сұрыптау, өздігінен тозаңдану, қолдан тоқылған, шектен шығу, бас бостандығынан айыру, т.б. Мысалы: Енді олар қарақшылық шабуыл жасағаны үшін 12 жылға дейін бас бостандықтарынан айырылуы мүмкін. Қасынан кету өкініш болса, одан арғысы мүлдем қараңғы болғалы отыр (Т. Әлімқұлов).

Шығыс септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *өздігінен таралушылар, шектен шыққан арсыздық, қалыптан тыс, т.б.* Мысалы: *Бас бостандығынан айырылған* нәзік жандыларға мекеменің бастығы Р.Ахметжанов жылы лебізін білдірді.

Көмектес септікті Сәрсен Аманжолов «Септік жалғаудың қызметі» (1936) мақаласында құралды жалғау деп атайды. Құралды жалғаудың негізгі қызметі – істің нендей құралмен істелгендігін көрсету. Бірақ барлық құралды жалғау ол міндеттен шыға бермейді. Негізгі сұрауы – немен? Сондықтан бұларда да тік мағына, көлденең мағына дегендер болады [51, 52].

Ағартушы-ғалым А.Байтұрсынов септік категориясы тұрғысында: «Қазақ тіліндегі септік жалғаулары сөздердің үйлесуіне сеп болады да, алты септікке бөлінеді және бес жалғауы бар: атау, ілік (-дың), барыс (-ға), табыс (-ды), жатыс (-да), шығыс (-дан)», бірақ көмектес септікті атамаған [50,203].

Көмектес септік жалғаулары: *-мен, -бен, -пен. Кейде бұл жалғаулар -менен, -бенен, -пенен* түрінде де келеді. Бұл септіктің жалғауларының жуан түрі болмайды. Бұл септіктің де мағыналары мен қызметтерінің өрісі өте кең:

1) істің қандай құралмен істелінгенін білдіреді: *Ағашты арамен кесіп, балтамен усақтады;*

2) істің, қимылдың істелу тәсілін білдіреді: *Асықпаған арбамен қоянға жетеді;*

3) істің бірлесіп істелуін білдіреді. *Сен жолдасыңмен кел;*

4) істің көлікпен орындалуын білдіреді: *Ол машинамен келді.*

Көмектес септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *ауамен салқындату, газбен жабдықтау, жұмыспен қамту, т.б.* Мысалы: Олар *сайлаушылармен кездесу* өткізуді, азаматтардан түскен ұсыныстар мен тілектерді, аманаттарды жинап, сараптама жасауды өз жұмыстарына негіз етіп алады («Қызылжар нұры» газеті). Оқу мынадай мамандықтар бойынша жүргізіледі: «Ішкі санитарлық-техникалық қондырғыларды монтаждау және пайдалану, желдету және инженерлік жүйелер» (2430 адам), «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің тазарту құрылғылары» (213 адам) («Қызылжар нұры» газеті). Екі қабатты баспананы *жылумен жабдықтау* жұмысымен танысқан облыс әкімі пәтер иелерімен кездесті (сонда). Кедейлігіне қарамай, *сәнмен киінетін* кербез екен (Т. Әлімқұлов). Ауырып төсек тартып жатқанда шақырумен келген дәрігер ешқандай сырқатының жоқ екенін айтып, *спортпен айналысуға* қосады (Т. Әлімқұлов).

Көмектес септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *бауырымен жорғалаушылар, тозаңмен қоректендіргіш, еңбекпен түзеу колониясы, т.б.* Мысалы: Бұрын деп бұрмалап емес, шынын айтар болсақ, сол кезде қаламызда автотұрақ дегенде *саусақпен санарлық* болатын («Қызылжар нұры» газеті).

Сөйлемде түрлі сөзбен тіркесіп келуіне қарай бұлардан да басқа алуан түрлі мағынаны білдіреді. Осы мағыналарына сәйкес көмектес септікті сөз сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та болады. Мысалы: *Таспен ұрганды аспен ұр. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық. Ол адыр мен жоталарды кезумен келеді.*

Сонымен, жоғарыда септік жалғаулары арқылы байланысқан тіркестерді меңгеріле байланысқан сөз тіркестері арқылы жасалған туынды сөздерге қатысты тілдік деректерді жасалу жолдарына қарай *меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінен пайда болған атаулар, меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінен пайда болған атаулар* деп бөліп қарастырдық.

Меңгеріле байланыса келіп лексикалану негізінде жасалған атаулар қазақ тіл білімінде біршама кездеседі. Меңгеріле байланыста тұрған сөз тіркестерінің атаулық сипатқа ие болып, жаңа мағынада жеке туынды сөз ретінде жұмсалуды сөздік құрамды дамытатыны даусыз. Өйткені бұл сөздердің барлығы да сөздіктерге реестр ретінде енген атаулар.

Түркі тілдері тарихи синтаксисінің даму заңдылықтары бойынша сөз тіркестері бірте-бірте атау мәнді сөздерге айналады. Мәселен: *тазы ит, түйе табан, сүт тіс* сынды тіркестер мен қазіргі қазақ тіліндегі *боз торғай, қара торғай, ащы ішек, тоқ ішек* сөз тіркестердегі *боз, қара, ащы, тоқ, тазы, түйе, сүт* сөздері соңғы сыңарлардың анықтауышы емес, олардың сынын да, сапасын да білдірмейді. Бұлардың тұтас атау ретінде жұмсалатындығы нақты тілдік дәлелдер арқылы айқындалып тұр.

С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» еңбегінде септік жалғауларының функционалдық-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты құнды пікір айтады. Ғалымның тұжырымдауынша, атау септігі – өзіне тән мағынасы бар, сөйлеу үдерісінде басқа септіктер сияқты өзге сөздермен синтаксистік байланысқа түсіп, белгілі бір қызмет атқаратын, нөлдік көрсеткіші бар септіктердің бір түрі. Сонымен, атау септігі – қимылдың логикалық субъектісі мен нысанын, субстанциясын білдіріп, сөйлемде предикатпен грамматикалық байланысқа түсетін, өз алдына дербес септіктің бір түрі [55]. Мысалы: *Көкем үндеген жоқ. Үстел басында орнынан тұра алмай қалжиып отырғандар* да баршылық. *Бәрі* менің қолымды алу үшін өре-өре тұрған сияқты, маң-маң басып жақындап келеді (Т.Сәукетаев). Осы сөйлемдердегі атау тұлғалы сөздер қимылдық субъектісін, заттанып тұрған есімшеге жалғанып, предикаттық қатынасты, жалпылау есімдігіне жалғанып, жалпылық мәнді білдіріп тұр.

Ілік септігі қазақ тілінде меншікті заттың иесін білдірудің көрсеткіші ретінде зат есімнің тәуелдік категориясымен тығыз байланысты болады. Септіктің бұл түрі, негізінен, зат есіммен немесе оның орнына қолданылатын сөзбен байланысып, меншіктілік, иелік мағынаны білдіреді. Сөйлемде ілік жалғауымен келген сөз өзі байланысатын тәуелдеулі сөздің грамматикалық мағынасын толықтырып тұрады. Мысалы, ғалымның пікірі, оның ойы, жақсының сөзі, т.б. Мысалы: *Атамның* соңғы сөзін естігенде *иығымның* үстінде жайбарақат жатқан алақаны оқыс дір етіп, тұғырды шеңгелдей қысқан *бүркіттің* тұяғындай ұстаған жерін мытып-мытып жіберді

(Т.Сәукетаев). Бұл жерде ашық қолданылған және тұяғындай сөзімен тіркесіп, теңеу қызметін де атқарады.

Ілік септігі жалғауының сөзге жалғанып я жалғанбай тұратын жағдайлары да болады. Бұл қазақ тіл білімінде нөлдік форма ұғымымен түсіндіріледі. Ілік септігінің мұндай қолданысы сөз мағынасына айтарлықтай әсер етпегенмен, ілік септігі жалғауы ашық қолданылғанда сөз мағынасы нақты, жасырын, яғни түсіріліп қолданғанда жалпы сипатқа ие болады. Мысалы, қаланың халқы, қала халқы, күннің райы, күн райы, т.б. Мысалы: *Кесек мінез кісілік, батырлық, махаббат рухы, жарқ-жұрқ қаржасқан қылыш үнімен тыныстаған мәңгі көнермес сиқырлы дүниенің төріне* қарай жетелей жөнелді (Т.Сәукетаев).

Барыс септігі етістік сөзбен тікелей немесе жанама түрде байланысып, қимылдың, істің кімге, неге бағытталғанын білдіреді. Бағыттық мағына барыс септігінің негізгі грамматикалық мағынасы ретінде анықталғанымен, сөйлемде белгілі бір сөздермен лексикаграмматикалық байланысына қарай барыс септігіндегі сөз одан өзге қосымша грамматикалық мағыналарды да білдіреді. Олар: 1) іс-әрекеттің, қимылдың барып тірелер, аяқталар жері: кітапханаға келді, мұражайға барды. Келе жатқан балалар эшелоны бүгін кешке біздің *ауданға* тоқтайтын туралы хабарын алдым (С.Мұқанов). Байжан *бөлмесіне* кірді (сонда).

2) қимылдың, іс-әрекеттің бағыты: досына қарады, сөзге құлақ асты. Әлдекімнің *жүрісі естілгенге* ол шапанын киіп, бөлмесінен шықты (С.Мұқанов). Молотов жолдастың сөзінен кейін үгітшілер *істеріне* кірісті (сонда).

3) қимылдың, іс-әрекеттің мақсаты: оқуға кетті, айтарға сөз жоқ. Сырбай мен Тәрбияға Дәулеттің *соғысқа* жаумен күресуге аттанып бара жатқанын хабарлады (С.Мұқанов).

4) мөлшер, мезгіл мағынасы: бір сағатқа сұранды, жарты жылға кетті. *Биылға* егіннің шығымы өткен дылдан да нашар (С.Мұқанов).

Табыс септігі қимылдың, іс-әрекеттің тура нысанын білдіріп, сөйлемде сабақты етістікті меңгереді. Бұл септік жалғауы да, ілік септігі сияқты, сөйлемде бірде ашық, бірде жасырын түрде қолданылады. Жалғаусыз келген жағдайда табыс септігі сыртқы тұлғасы жағынан атау септігіндегі сөзге сырттай ұқсас болады. Ал одан ерекшелігі: табыс септігінсіз келген сөз қандай тұлғада болмасын, үнемі сабақты етістікпен тіркесіп, сөйлемде тура толықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: кітап оқыды, хат жазды, досын көрді, анасын сағынды т.б. Құрылыстың барлық тармағында да солардың қатысуымен жиналыстар, митингілер өткізді (С.Мұқанов). Бірыңғай тура толықтауыштардың қызметінде тұрған жиналыстар (-ды), митингілер (-ді) табыс септігінің нөлдік формасында тұр. Сөйлемдерде тілге жатық келіп, жеңіл оқылуы үшін, стильдік ерекшеліктерге байланысты жазушылар осы тәсілді қолданады.

Жатыс септігі грамматикалық мағынасы жағынан іс-әрекеттің, қимылдың жүзеге асу уақытын, мезгілін, мекенін, көлемін білдіреді. Мысалы: тоғызда басталады, екі айда оралады, жұмысында жоқ, т.б. Бірақ

жатыс септігінің мағынасы үнемі тұрақты сипатта болмайды. Барыс, шығыс, көмектес септіктер тәрізді, жатыс септігінің де грамматикалық мағынасы түбір сөздің семантикасы мен контекстегі қолданысына қарай өзгеріп отырады. Мысалы, жазда, түнде, екіде сөздерінде түбір сөздің семантикасына сәйкес мезгілдік мағынаны білдірсе, ауылда, қалада сөздерінде мекендік мағынаны білдіреді.

Қорыта келе, қазақ тілінде септік жалғауларының сөйлемде сөз бен сөзді байланыстырудағы қызметі, функционалдық-семантикалық қызметі ерекше екендігін айта аламыз. Келтірілген тілдік деректер септік жалғаулары әрекетінің өзіндік белгілері мен ерекшеліктері бар тілдік құбылыс екендігін көрсетеді. Сөйлемдегі сөздердің түрленіп келуі осы септік тұлғаларына байланысты. Сөйлем ішіндегі сөздерді септік жалғауларынсыз қолдану мағынасыздыққа әкеледі.

2.3 Септік жалғауларының қолданыстағы мәнмәтіндік мағыналары және олардың прагматикалық аспектісі

Сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әртүрлі грамматикалық мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын зат есімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі – септік жалғауларына көбірек қатысты болатыны белгілі.

Синтаксистік тұрғыдан септік сөйлемнің синтаксистік категориясы ретінде анықталады, септіктердің белгілі бір мағыналары оның парадигмалық тұлғаларында емес, сөйлемді құрайтын сөзформалар қатынасында қарастырылады.

Прагматика термині соңғы жылдары тіл білімі зерттеулерінде жиі қолданылады. Осының мағынасын ашып алатып болсақ, «Прагматика тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғандығын зерттейді. Прагматика тілдік құралдарды коммуниканттардың сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер мақсаты тұрғысынан қарастырады», – деп Ф.З. Жақсыбаева сөз болып отырған мәселеге өз ойын қосады [61,102]. Жалпы мәтін прагматикасының тууы мынадай процестерден өтеді: мәтінге интерпретация жасау, оны қабылдау және реакцияның пайда болуы. Мәтінді кең мағынасында ақпарат тасымалдайтын бірлік деп қарастыратын болсақ, прагматика туғызушы объектілерді жазба мәтін, сөйлеу актісі кезіндегі жалғаулардың қолданысы, нақтырақ айтсақ, септік жалғауларының сөз байланыстырушылық және сөйлемдегі грамматикалық мағынасы болады.

Сөз сөйлемнің құрылыс материалы бола отырып, сөйлемде түрлі тұлғаларда түрленіп келіп жұмсалады. Мысалы, зат есім септік тұлғаларының бірінде келе алады. Бұл тұлғалар сөздің сөйлемдегі орнына (позициясына) қатысты келеді. Сөздің мұндай формасы сөзформа деп аталады. Септік категориясы зат пен заттың, зат пен қимыл-әрекеттің арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Септік жалғаулары көп мағыналық құрамнан тұрады, кейді бір септіктің өзі бірнеше мәнмәтіндік мағына білдіреді, сондықтан олардың көрсеткіштері де әртүрлі. Септіктердің

ішіндегі ең негізгісі – атау септігі.

Ілік септіктің басты грамматикалық мағынасы – меншікті заттың иесін білдіру. Сонымен бірге, бұл септіктің мәнмәтіндік мағыналары басқа сөздермен қарым-қатынасқа түскенде байқалады. Мысалы: *Рахметтің әйелі* Нәзипа Айбаршаға «біздің үйде тұр» деген ұсыныс та жасаған еді (С.Мұқанов). Енеміз марқұм өтерінде қызын шақырып алып: «*Шешемнің шешесі* таққан білезік, аманат», - деп, білегіме салып еді (Т.Сәукетаев). Бұл сөйлемдерде ілік септігі туыстық, жақындық қарым-қатынаста қолданылады. Прагматикалық тұрғыдан ілік септік жалғауларының қолданушыға қатынасын және адамға әсерін білдіру. Осы орайда О.С.Ахманованың прагматика ұғымына берген түсініктемесін де келтіріп өтуге болады: «Прагматика ұғымын тіл таңбаларын қолданушыға қатынасын және сол таңбаның адамға әсерін зерттеу тін аспектіге жатқызамыз» [64,344]. Яғни септік жалғауларының қарым-қатынаста қолданысы, білдіретін грамматикалық мағынасы – прагматикалық аспектісі болып табылады.

Ілік септігі бүтіннің бөлшегі мағынасын да жасайды: Оң босағада тұрған *кебеженің қақпағын* ашты да, ішінен сүрленген жылқы етін ала бастады (С.Мұқанов). Тәрбия оны көтеріп алды да, бетінен бір сүйіп, үйдің ішін қаракөлеңкелеп тұрған *терезенің пердесін* ашты (сонда).

Заттың сандық қатысын білдіреді: Оқуды соған жүктемек болған олар, *романның төрт томын* түгел оқып шыққанан кейін талқылауға уәделесті (С.Мұқанов). Тәрбиесіне бала алушылардың көп екенін көріп отырсыз, бұл да біздің еліміздегі ұлттар достығының айқын *бейнесінің бірі* (сонда). Соңында *қалғандардың үшеуі* үдірейіп бір-біріне қарады (Т.Сәукетаев).

Заттың сапасына қатысы: *Жұмыстың ауырлығынан* ба, әлде әр араның қысына дағдыланбауынан ба, ол көктемге қарай қазыла жүдеп, тымаудан арылмайтын күйге жетті (С.Мұқанов). Оның бұл халіне өзгеден гөрі *Гүлнардың тиышы* кетті, сондықтан ол Қызылордадан Алмалыққа қыс ортасында біржола көшіп кетті (С.Мұқанов).

Заттың ерекше қасиетін білдіреді: Дәулет майданда қаза тапса, *жігіттің жігітін* жоғалтқан қыз жалғыз осы ғана ма еді?.. (С.Мұқанов). *Ақынның ақындығын*, жақсының сырын тыңдайын деп ауыл-ауылды адақтап жүргені (Т.Сәукетаев).

Кейде мақал-мәтелдердің, тұрақты тіркестердің құрамында кездесіп, меншікті заттың иесімен қатар, түрлі мағына қосады: «*Келіннің – аяғынан, қойшының – таяғынан*» деп, бір қонғанда жан сақтап отырған жалғыз иттерің жоғалды (Т.Сәукетаев).

Сөйлемде тіркескен сөзімен матаса байланысқан форманы түзеді. Зат есім мен зат есімнен құралған сөз тіркестері, олардың сөз табылық қатысын сөз тіркесін зерттеген ғалым Талғат Сайрамбаев атап өткен болатын [65, 187].

Жалқы есім мен жалқы есімнің тіркесі: Ол тек – *Еламанның Еменалы екенін*, Мүсірептің түбі құл түрікпен екенін тал түсте таныса ғана таппақ (Ғ.Мүсірепов). Бұл *Сұлтанның Сұлтан болғалы* ең бірінші алған ақысы еді, ең бірінші жеген таяғы еді (І.Есенберлин).

Жалпы есім мен жалпы есімнің тіркесі: *Әжелердің әжесінен* бері тартып

келе жатқан әйел зарын естумеген, әйел зары азабын көрмеген, алмаған құдайды меніреу деп, құрғыр деп қарғайды (Ғ.Мүсірепов).

Сын есім мен сын есім тіркесі: Нанды күлге көміп пісіру, *баяғының баяғысынан* бері келе жатса да көшпелі қазақтың аузынан әлі дәмі кетпеген асы (Ғ.Мүсірепов).

Прагматика коммуникативтік қызметке әсер ететін тілдің қолдануын зерттейтін бағыттарда қарастырылады. Тілдік бірліктің қандай мақсатта қолданылғанын, не айтпақ болғандығын, сөйлемдегі лексика-грамматикалық мағынасын қарастырады. Біздің жұмысымызда прагматика септік жалғауларының грамматикалық мағынасы мен сөз тіркесін жасауда, сөйлем құраудағы ерекшелігі қарастырылады. Сонымен бірге қолданыста біртұтас семантикалық мағына туғызады. Мысалы, матаса байланысқан сөз тіркестері арқылы жасалған туынды сөздер де тілімізде баршылық. Солардың мағынасын салмақтап қаралық. Олардың негізгі ұғымдары арқылы өздері белгілеп тұрған денотатты айқындап көрелік. Құжаттың кіріс нөмірі, Қазақстанның халық суретшісі, өрт сөндірудің кезекші қызметі, газ-түтіннен қорғау қызметінің өрт сөндірушісі сөздері белгілі бір денотатты белгілей алады, әрқайсысының өзінің денотаттық мағыналары бар. Құжаттың кіріс нөмірі – кез-келген құжатты тіркегенде кіріс нөмірі болады, өрт сөндірудің кезекші қызметі – қызметтің аты.

Денотаттық мағынаның екіге бөлінетіні белгілі: идеалды және материалды денотат. Денотаттық компонент шындық болмыстағы объективті және субъективті зат не құбылыстарды бейнелейтін мағынаның заттық бөлігі.

Зерттеудің жүйелі болуы үшін, олардың тақырыптық топтарын анықтау керек. Матаса байланысқан сөз тіркестерінен пайда болған терминдерді былайша мағыналық қатынаста жүйелейміз:

1. Кісінің тегін білдіретін атаулар: Бабас руы, Шапырашты руы, Сәкен немересі, әскер басы, милиция майоры т.б. *Боздақ би* де осыдан аса алмады (Ғ.Мүсірепов). *Қала әкімі* содан кейін осы аумақ тұрғындары тарапынан 2011 жылғы есепті кездесу барысында түскен өтініштер мен сын-ескертпелердің орындалу жағдайын тілге тиек етті. Ол ауылға келгенде алғашқы қадамын *Гүлнәш апай* туралы очерк жазудан бастамақ болды (Т. Әлімқұлов). – Қытайдың бір данышпаны: «Іріп-шіруге айналған, болашағы бұлыңғыр *елдің басшысы* амалсыздықтан ел-жұртына атақ-данқ үлестіреді» депті (Б. Садыр). Осы сәт, Құдай өзі кешірсін, *бас мүфти Шәкірдің* өткен өткелектері қаздай тізіліп көз алдымнан өте берді (Б.Садыр). Ақалақты атам заманнан білсем, ал ана бас мүфтидің келесі *орынбасары Оңғақпен* бала күніміз бірге өтті (Б. Садыр). Реті келіп, бас бәсекең – тікелей *бастығым Тәкең* екеуімізді уақыт белгілеп «кілемге» шақыра қалғанда, Тәкеңнің «міз бақпас мінезінің» сырын сұрай қалдым (Б. Садыр).

2. Туыстық қатынастар атауы: немере інісі, ата баласы, ата бабасы, ағайын інісі, т.б. – Қоя-ақ қойыңдар осыны, *төре тұқымы* емеспіз, бізге не лайығы бар деп ем, балалар болмады, қожеке... (Ғ. Мүсірепов). *Көпей бәйбішесінің* қай жерден қапы кетерін аңдып, ақырып қалуға әзір отыр

(Ғ.Мүсірепов). Байжан Жұманның *аталас ағайыны* еді (Ғ. Мүсірепов). Осында, онжылдық мектепте *немере қызы* оқиды екен (Т. Әлімқұлов). Гүлнәштің қарқаралы қыз кезінде әкесі оны Шоңбай деген *байдың баласына* бермек болады (Т. Әлімқұлов). Малға сатылған кешегі *қазақ қызының бүгін ірі* ферманы басқарып отыруының өзі қызық факт сияқтанды (Т. Әлімқұлов). – Қылмысы қырық аяқ боп шырматылып шыға келген Елбасының кешегі *күйеу баласын* өзге елден өзімізге әкеле алмай әлек болудамыз (Б. Садыр). *Күйеу баласы* көп жылдан соң *қайын атасымен* оңашада емен-жарқын әңгімелесіп отыр (Б. Садыр). – Е, мен де, өзіңдей біздің қаладағы компьютердің бірден-бір қожасы болып отырған *күйеу балама* да ризамын (Б. Садыр).

3. Қызмет атауы: аудан әкімі, үкімет мүшесі, ауыл шаруашылығы министрі, оқу министрі, т.б. Мен мұны жер және *мемлекеттік қазына министрінің* алдына қоямын! – деді (Ғ. Мүсірепов). Ол ятаған ба, укрюк пе, ол арасын *участок фельдшері* Стефан Иннокентьевич Самойлов айыра алмады», - деп бір тоқтады да, Боткин ас үйге кетті (Ғ. Мүсірепов). Кейде ақша жағынан қысылысы барлығы байқалып қалатын *орыс купесіне* қол ұшын бергісі келмеді (сонда). Онда *бөлім редакторы* боп істейтін жерлесі Жаныбек Шақабаевпен таныстырды (Т. Әлімқұлов). *Партияның төрайымы* – жазушы-журналист екен, мүмкін би билеп, ән салмасақ та кітап оқып көзіміз ашылып қалар... (Б. Садыр). Шен тағып офицер болып жүріп бір күрделі оқиғадан күрт құлдилап шен-шекпенін шешіп беріп, ауданға *спорт жаттықтырушысы* болды (Б. Садыр). Сөйтсем, бүгінгі жаңа құрылған діни басқарма мені өздеріне *баспасөз хатшысы* етіпті де, аймақтық діни-қоғамдық журналға бас редактор етіп тағайындапты (сонда).

4. Меншіктік мағынаны білдіретін атаулар: ұғымдар дүниесі, әңгіме әдісі, сайлау жүйесі, өндіріс шығындары, т.б. – Жоқ, Бозеке, жұрт айттының бәрін *құран сөзіндей* көретініңіз не осы? (Ғ. Мүсірепов) Қара барқытпен оюланған туырлықтың иығын шығара кернеп тұрған алтын бояулы уықтар *шам жарығында* бұрын бір көрмеген салтанат сияқтанады (Ғ. Мүсірепов). Сонымен, жұрт бұл үңгірді де «*Байжан құдығы*» деп атап кетті (Ғ.Мүсірепов). Сейіттің әке-шешесі даланың бір айналсоқ қырғыны обадан өлгеннен кейін, Игілік қалған *мал мүлкін* жинап алғысы келіп, жетім баланы өз қолына алдырған (сонда). *Майқұдық бұлағының* аяқ жағы мен *Көкпекті өзенінің* бойларында суға аңтарылған көп жылқы ұзын бір жал ормандай қозғалыссыз, қимылсыз елестейді (сонда). Жер мен *жесір дауын* кәсіп қылып алған кәнігі, қиядан қылаң беріп көз ілестірмейтін майталмандар бұл жолы айқасуға түсе алмай, қапы кетті (сонда). Екпінінде *ызғырық лебі* бар сияқтанады (сонда). Жүгі босатылмаған түйелерді бакыртып-бажылдатып тұрғызып, біріне-бірін тіркеп, жүкшілер де Жұманның *жөн сілтеуін* күтіп тұр (сонда). Шоқпар шың етіп *көз сүйегіне* қатты тиіп еді (сонда). Қасында бір жанашырлар барын сезініп, Жабайдың құлазып жатқан *жан жүрегі* де жылынып кетті (сонда). Әр үйдің қасында бір сиыр, селдіреген *ешкі тұқымы* көрінеді (сонда). Тұрсынбай Ушаковқа Попов дейтін қазақ даласынан ең алғаш *кен өндірісін* ашқан Семейдің атақты байынан ауысып келіп еді

(сонда). Жаз бойы *киіз үйлерінде*, қысты жаппамен де өткізе береді (сонда). Мәккәи Мүкәэррәмә мен Мәдинәи Мұнаууәрадан соң Бұқара-Шәріптен басқа *дүние жүзінде* мұндай сыр бояу бар деп естіген емеспіз (сонда). Бұдан бірнеше жыл ғана бұрын *Бенарес шаһарында* үш жүз мың үнді ағылшындардың шектен тыс талан-таражына қарсылық көрсетті (сонда). Өздерінің біреуіне *қамшының ұшы* тиіп кетсе, қандай сергелдең салар еді! (сонда). Мыңдаған жылқының қашаннан бері қорланып жатқан құйрық-жалын үш жүз түйемен Қызылжар құлатып, алпыс көк арба, он бес *шөп машинасын* әкелді (сонда).

Зерттеушілердің пікірінше, изафеттің бұл түрі арқылы жаңа атау жасау процесі көнеден келе жатқан тілдік құбылыс [53,18]. Мысалы, халық ұлы, халық қалаулысы, полк баласы.

Қазіргі күрделі сөздер деп танылатын сөздердің барлығының да негізі – сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің бір жұп болып жұмсалудың негізінде дами келе, бірте-бірте жаңа ұғымды атайтын туынды мағынаға ие болып, жеке сөз сипатына енген. Сөз тіркестерінің атау ретінде танылуының өзіндік қырысыры айқындалуы қажет. Қазіргі тілімізде әбден қалыптасып кеткен мынадай атаулар бар: Қазақстанның халық әртісі, Еңбек Ері, ұзартылған күн режимі, үйлестіру кеңесі, магнит таспасы, сөз орамы, еңбек нормасы, тіл білімі, экономика факультеті, дыбыс жүйесі, т.б.

Қазақстанның халық әртісі немесе Еңбек Ері деген сөздер ХХ ғасырдың тек орта кезінен бастап қалыптасқан атаулар. Қазақстан, халық, әртіс сөздері бұрын жеке-жеке қолданылып, кең мағынасында жұмсалып келген еді. Олардың бір атау ретінде жұмсалудың өзінің тарихи даму жолы бар. Кеңес заманында енген ұғыммен сәйкес Қазақстанның халық әртісі деген атау қалыптасты. Кеңес дәуіріне болған әртістердің мұндай атағы, даңқы болмағандықтан, ондай атау да болған жоқ. Еңбек ету, еңбек ету арқылы жоғары атаққа жету де Кеңес кезеңінің ең негізгі жетістіктерінің бірі. Еңбек Ері, Социалистік Еңбек Ері атақтарының болуы атау ретінде жұмсалудың өзінің әлеуметтік-саяси негізі, астары, уәжі бар.

Туынды атау жасап тұрған сөздердің мағынасы толық сәйкес келеді. Мысалы: *топырақ құнарлығы, ішкі еңбек тәртібінің ережесі, мал тұқымы, редакция коллегиясы, фонеманың тармақтануы, сауда келісімі, семантикалық кеңеюі, тұқым шаруашылығы*, т.б. бұл атаулардың мағынасы тұлғаның ішкі формасын көрсетіп тұр. Топырақ құнарлығы, ана тілі, ішкі еңбек тәртібінің ережелері сияқты сөздердің ішкі мағыналары өздері білдіріп тұрған ұғыммен өте жақын. Кез келген атау өзі туындап тұрған түбір сөздің немесе өзін құрап тұрған сөздің мағынасы арқылы айқындала алады. *Ішкі еңбек тәртібінің ережелері* деген терминнің құрамында төрт сөз бар: ішкі + еңбек + тәртіп + ережелер. Ішкі – сөзінің мағынасы белгілі бір нысанның іші, сырт сөзіне қарама-қарсы ұғым. Еңбек – адамдардың қолымен, ойымен, санасымен жасалатын іс-әрекет. Тәртіп – белгілі бір заң мен заңдылыққа негізделген жүйе. Ереже – адамдардың келісуі арқылы жасалған заңдардың, ережелердің жиынтығы. Жеке-жеке алғандағы осы мағыналар ішкі еңбек тәртібінің ережелері атауының бойында сақталған.

Қазақ тіліндегі септік жалғауларының қолданыстағы мәнмәтіндік мағыналары қарым-қатынастың берілу жолы сөз тіркестері арқылы көрінеді. Бұл қарым-қатынас барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары арқылы беріледі. Жұмысымызда, ең бірінші, мәнмәтіндік мағыналы қатынастың берілу жолын жатыс септігінің көмегімен талдап көрсетеміз. Жатыс жалғаулы есімдер сын есімнің жетегіне ергенде, олардың байланысынан толықтауыштық (объектілік қатынас) және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері жасалады. Объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында толықтауыштық қызметте зат есім, есімдік қолданылады. Мысалы: Сенің қолыңда қарымды *найза*, өткір сапы бар (М.Мағауин). Жаңа салынып жатқан биік үйлердің *айналасында* мыңдаған адам, жүздеген машиналар құмырсқадай қайнайды (Ғ.Мүсірепов). Сонымен бірге, жатыс жалғаулы сөздер сын есімдермен де тіркесіп, объектілік қатынасты білдіреді. Мысалы: *Бізде де* жазушылар аз (З.Шашкин). Ол *өздеріңізде жеткілікті*. Бірақ қалай ойлайсыздар? (Ғ.Мүсірепов). *Жандыда* балық үлкен, *жансызда* қамыс үлкен (мақал). Осындағы *бізде, өздеріңізде* деген сөздер – есімдік те, *жандыда, жансызда, қолыңда*, дегендер - зат есім, айналасында – үстеу.

Жатыс септігі арқылы объектілік қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларында, көбінесе заттың сан мөлшерін білдіретін *көп, аз, мол, жеткілікті* сияқты сын есімдерді қолданады. Мысалы: Қайталап айтқанда, поэзиялық жағынан бұл өлеңде *кемшілік көп* (С.Мұқанов). Онда досымнан *қасым көп* (З.Шашкин).

Тіліміздегі сөз тіркестері, олардың септік жалғаулар арқылы байланысы, прагматикалық аспектісі синтаксистік мағыналардың барлық түрінде кездеседі деуге болады. Сол мағыналарды «Қазақ грамматикасы» зерттеу еңбегінде үлкен екі топқа бөліп қарастырады:

- объектілік қатынастағы сөз тіркестері;
- пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестер [57].

Етістікті сөз тіркестерінде объектілік қатынаста жиі байланысатын шығыс жалғаулы сөздер. Шығыс жалғаулы есімдерді етістіктер меңгеріп, солардың байланысынан толықтауыштық және пысықтауыштық қатынас жасалады. Мысалы: Кісі *жұмыстан шаршамайды*. Кісінің *қаһарынан қорықпайтын* жыртықш көрдім (М.Мағауин). Объектілік қатынас құрайтын етістіктерге *шығу, қайтару, келтіру, қарату, алдыру, өткізу, тігу, асу* т.б. жатады. Мағыналық ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, көбіне қимыл және қабылдау мәнді білдіреді. Мысалы: Неше мың *метрден секіретініміз* де белгісіз. Шегенде баяғы қыса құшақтау жоқ, *арқадан қақты* (Ғ.Мүсірепов). Мақсат – жолбарысты *қамыстан* тысқыра *айдау* (М.Мағауин). Таудан асу, сисадан тігу, жүннен тоқу, ағаштан жасау, тастан құру, т.б. тілімізде жиі кездеседі. Қабылдау мәнді объектілік қатынасқа мысалы, *көру, қорқу, қарау, үйрену* етістіктері қатысады. Мысалы: Соғыс аспанын кесек-кесек қара бұлт торлап алғанын біз *жұрттың жүзінен көретінбіз* (Ғ.Мүсірепов). Кегі таусылды ма, бір сәт абдырап, артынша ақыра қаптаған *жұрттан қорықты ма*, ырғи жүгіріп, аулаққа қарай шапты (М.Мағауин).

Прагматикалық мағыналы сөздер әртүрлі мағынада жұмсалады, әсіресе шығыс жалғауда тұрып тіркесетін сөздерде кездеседі. Олардың тіркесінен түрлі объектілік қатынастағы мағыналық сөз тіркестері жасалады. Мысалы, шығу етістігімен тіркесетін сөздер *мектептен шығу, көліктен шығу, судан шығу, орманнан шығу, т.б.* Көрсету етістігімен тіркесе алатын сөздер: *алыстан көрсету, айнадан көрсету, тақтадан көрсету, экраннан көрсету, т.б.* Бұл тіркестер пысықтауыштық қатынаста тұрып, мекендік мағынада жұмсалады. Ал *сымнан тоқу, матадан тігу, кірпіштен салу* дегендер толықтауыштық қатынаста тұрып, іске қатысты заттың объектілік тегін (материалын) білдіреді.

Толықтауыштық қызметте жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің мағыналарына тоқталамыз. Біріншіден, заттың басқа заттан істелу тегін, объектісін білдіреді. Мысалы: *Тастан жер ошақ жасап, май қайнаттым* (Ғ.Мүсірепов). Жоқ, құлаштай сермеген күйі аттар *ағаштан жасалған* көпірді бір-ақ гүрс еткізіп өте шықты (сонда). Өнер-білім бар жұрттар *тастан* сарай салғызды (Ы.Алтынсарин). Екіншіден, әрекеттің, істің шығу көзін білдіреді, ол кісінің қабылдау әрекетін білдіретін сабақты етістіктермен объектілік қатынасқа түседі. Мысалы: Жүсіп оның жайын *Күңшеден* сұрап білді (Ғ.Мүсірепов). Қазақ аттары бұндайда өзінен-өзі есеңгіреп, *болмашыдан* үркеді (сонда). Жұмыскерлер *Ереміннен* естігенін *айтты* (М.Әуезов). *Әмияннан табылған* хаттар мен әртүрлі суреттерін ақратыстырды (Ғ.Мүсірепов). Осы сөйлемдерде нені Күңшеден сұрап алды, нені Ереміннен айтты деген сабақты етістіктердің тура толықтауыштармен қатынасын байқаймыз. Сол сияқты, *кісіден* нені *есту*, нені *кітаптан алу*, *үлкеннен* нені *үйрену*, нені *сөзінен тану*, *жолдасынан* нені *сұрады*, *әмияннан* нені *тапты*.

Шығыс жалғаулы сөздер етістіктермен тіркескенде, бірденеден құтылу немесе арылу мағынасында да жұмсалады. Мысалы: Тиынды қызғанып, *теңгеден айрылу* осындайда туады (Ғ.Мүсірепов). Дұрыс болды, өңшең *шуылдақтан* бөліне *көшкенім* (М.Мағауин). *Көзден кетсе, көңілден кетеді* (мақал). Сондай-ақ, құтылу, айығу, жазылу, тазару, безу секілді етістіктер де тіркесуге қабілетті, осы мағынада объектілік қатынасты тудырады.

Сан есімнен, анықтауыш құрамында сан есімі бар, ол шығыс жалғаулы тұрып, етістікпен тіркескенде, заттың сандық бөлшегін, не болмаса дараланған мөлшерін білдіреді. Мысалы: *Әлі бір сомнан беретін болады* (Ғ.Мүсірепов). *Сегіз жүз жылқыдан* бір тай қалмаған екен. Әрбір қонақтың сыртында *екіден, үштен* жастықтар *жатыр* (М.Әуезов).

Септік жалғауларының осындай мәнмәтіндік мағынасы етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары етістікпен тіркескенде, үшіншіден, қимыл процесінің көлемдік мағыналарын, істелетін істің басталу орнын көрсетуге бағытталады. Мысалы: Ағаш табанды *арбадан түсті*. Үйдің кішкене-кішкене *терезелерінен* жарығы *көрінеді* (Ғ.Мүсірепов). Жылқы айдаған жігіттер *шоқыдан асып, Ойқұдықтан өтіп*, Ералыға жеткен (М.Әуезов).

Көлемдік мағыналы сөз тіркестерінің бірқатары қимыл-әрекеттің басталу орнын білдіреді: Бұл *Нілдіден* осы кесек күйінде *табылған*

самородок еді. *Қар астынан, он шақты жерден құлдырап шыққан қою қара түтіндер көрінеді* (Ғ.Мүсірепов).

Жатыс жалғаулы сөз тіркестері объектілік қатынаста қимыл процесіне жанама объект болатын заттар мен нәрселерді атап көрсетеді. Мысалы: Тым құрыса, сүйектен қалған қаңқасы таяу *жерде жатуға тиіс еді* (М.Мағауин). *Заңда көрсетілген* әйел теңдігі есінде болар, Қожеке (С.Мұқанов). Объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің мағыналары қимыл процесінің байланысын, қандай затпен, белгілі бір заттың кімде екенін білдіреді. Мысалы: *Аузында бел омыртқасын опыра, кесе көлденең тістеген, өне бойы қылшық түкті тайдай қабан бар* (М.Мағауин). *Бүгінгі күресте көрсеткен* күшінді өлеңге шығар (С.Мұқанов). *Қалада* бейбіт шақта тәртіп үшін жанжалдасып жатқан адамды сирек *көруші едік* (Ғ.Мүсірепов).

Осындай қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында зат есімдер мен есімдіктер қолданылады. Мұндай қатынаста қолданылатын сөз тіркестерінің мағыналық тұрғыдан әртүрлі болып келуі, біріншіден, көмектес септікті сөздердің нені білдіретіндігімен байланысты болса, екіншіден, ондай сөздерді талап ететін етістіктердің мағыналық жағынан әр тарапты болуымен тікелей байланысты. Осының негізінде, мұндай типті тіркестер әртүрлі мағыналарда қолданылады. Негізгілеріне тоқталып өтсек, құрал-сайманның атын білдіретін көмектес жалғаулы сөздер кісінің қимыл-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, құралдық мағынаны білдіретін сөз тіркестерін құрайды. Мысалы: Бұл жолы немістер алыстан ұратын *зеңбіректермен атып жатыр* (Ғ.Мүсірепов). Бұл күнге дейін Игілік шөпті *машинамен шабатын* болыпты дегенді естігені болмаса, машинаның қалай шабатынын өз көзімен көрген жоқ (сонда). Қосаяқ былқ-сылқ жатқан өлі жолбарыстың зілмауыр денесін шалқалата аударып, екі қабырғадан екі *томаршамен орнықтырды* да, табанынан іріп, терісін соя бастады (М.Мағауин). *Балғамен нені соғу, мылтықпен нені ату, пышақпен нені кесу* секілді объектілік қатынасты байланысады.

Келесі мағына басыңқы сыңары етістіктер болып келетін көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің бірқатары істелетін істің неден, қандай заттан немесе ненің қатысымен істелетінін білдіреді. Мысалы: Байжекең үңгірдің айналасын *қарағанмен қоршап*, аузына қазақ арбаның бір доңғалағын қақпақ қылып қойды (Ғ.Мүсірепов). Түнде жауған ұлпа (барлық дүниені *ақ жібекпен орап алыпты* (сонда). Қамыспен қоршалған, киізбен тысталған, күміспен қапталған деген объектілік қатынастағы тіркестер.

Шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің бірқатары іс-әрекеттің объектісі болатын затты атап көрсетеді. Мысалы: *Ертеден кешке дейін* осы жұмыспен әуреленіп жатқаным, ботам (С.Мұқанов). Басыңқы сыңары етістіктер болып келген көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің көпшілігі бірлескен қимыл-әрекетті білдіреді. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында адамдар мен жануарлар атауларын білдіретін зат есімдер жұмсалады. Мысалы: *Ағайын-туысқандарымен ақылдасып*, болыстан өтініп Әбдірахманды қайтармақ болды (Б.Майлин).

Ғалым М.Серғалиев қазақ тілінің түрлі мағыналық қатынасты

білдірудегі септіктердің мүмкіндігінің мол екендігін айта келіп, ол мүмкіндіктерді жүзеге асыру жолын септік жалғаулары мен шылаулардан, көмекші сөздердің қызметінен іздейді. Осы аталған тұлғалардың бір-бірімен ауыса, алмаса жұмсалуының нәтижесінде синтаксистік синонимдер жасалады деп жазады. Объектілік мағынада қолданылатын етістікті сөз тіркестері синоним болу үшін бағыныңқы сыңардағы грамматикалық тұлғалардың орын ауыстыру тәртібі мынадай болып келеді:

- септік жалғаулары мен септік жалғаулары;
- көмекші есімдер мен көмекші есімдер;
- септік жалғаулары мен көмекші есімдер.

Бұлардың ішіндегі ең өнімді тәсіл - септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің қолданылуы арқылы синоним тудыру тәсілі. Бұлай болуы септік жалғауларының сөйлем ішіндегі, сөз тіркестеріндегі қызметіне байланысты.

Етістікті сөз тіркестеріндегі объектілік қатынастар бірнеше шағын топтарға бөлініп қарастырылады. Олардың негізгілері: әңгіме, сөз нысанын (объектісін) білдіретін сөз тіркестері, құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері, бөліну, даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері, бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері, қимылдың нысанға (объектіге) әсерін білдіретін сөз тіркестері, тура нысанды (объектіні) білдіретін сөз тіркестері т.б. Бұл жоғарыда мысалдармен талданды.

М. Серғалиев сөз тіркестеріндегі объектілік қатынастар жайлы айта келіп, олардың жасалу жолдарының бірнеше түрлеріне атап көрсетеді [66]. Соларды нақтылап, көркем шығармалар негізінде талдап өтеміз.

Атау септік тұлғадағы сөздер арқылы объектілік қатынастың берілуі. Бұл мағынадағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары атау септігіндегі сөздер мен шылаулардың селбесуінен жасалған тіркестер. Атау септігі – септіктердің ешбір қосымша қабылдамай, септеуге алынған сөзді сол күйінде танытатын түрі. Сондықтан атау септігіндегі сөздің сол күйінде басқа септіктегі сөзбен орын алмастыруы сирек кездеседі. Мысалы: атау септігіндегі сөздің барыс септігіндегі сөзге алмасуы: Мен өзімді бұл жолдаспен талай жолыққан, сөйлескен, кейде сырын түйген адамдардың *бірі санаймын. Салыстырамыз* – Мен өзімді бұл жолдаспен талай жолғасқан, сөйлескен, кейде сырын түйген адамдардың *біріне санаймын.*

Атау септігіндегі сөздің шығыс септігіндегі сөзге алмасуы: Патшалық Россияның бір кездегі *шет аймақтары саналып келген* Орал қаласы қазір... ірі әкімшілік облыс орталығы ретінде гүлденіп, өркендеп келеді.

Салыстырамыз – Патшалық Россияның бір кездегі *шет аймақтарынан саналып келген* Орал қаласы қазір... ірі әкімшілік облыс орталығы ретінде гүлденіп, өркендеп келеді.

Атау септігіндегі сөз шылау, көмекші есім, көмекші етістікпен тіркесіп, объектілік қатынасты білдіру жолы жиі кездеседі. Көп жағдайда, атау тұлғадағы сөзбен тіркесіп, объектілік қатынасты білдіретін шылаулар [66, 32]. Шылаулардың ішіндегі *туралы, турасында, жайында (жайынан), жөнінде* деген түрлері әрдайым атау септікті қатынаста жұмсалады. Мысалы:

Сырбай *Дәулет туралы емес, Масақбай туралы көп ойлап келеді*. Мұрат өзінің Айшаға деген *сезімі туралы көп ойлайды*.

Барыс тұлғасындағы объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің бірқатары ұнатқандықты, бір нәрсеге сүйсінгендікті білдіреді. Ұнату, сүйсіну мағынасында жұмсалатын сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында зат есім, есімдік, есімше, тұйық етістік қолданылады да, ал басыңқы сыңарлардағы *риза, рахмет, құлдық, гашық* секілді дерексіз зат есімдер жалпылық мағынаны нақтылап, айқындап, дәлдеп көрсетеді. Мысалы: *Пейіліңізге мың да бір рахмет, жеңгесі* (Ә.Әбішев). *Әлеумет, құрметіңізге құлдық* (Қ.Әбдіқадыров).

Мен *оган гашықпын* (Ш.Хұсайынұлы).

Сондай-ақ, мәнмәтіндік мағына сөз тіркестерінің бірқатары болған немесе болатын уақиғаның айқындығына сеніммен қарауда жұмсалады. Мұндай сөз тіркестері *куә, ем, сын* деген абстракті зат есімдердің барыс жалғаулы зат есімдермен, есімдіктермен, есімшелермен, тұйық етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *Ана қыз жайында – екеуінің бір түн ұйықтап шыққанына* өзім куәмін (З.Шашкин). *Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек, Көзінен жасы шықса, бойына ем* (Абай).

Меншіктілікті білдіреді. Меншіктілікті білдіру мағынасында жұмсалатын сөз тіркестері *ие* деген зат есімнің барыс жалғаулы сөздермен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *Елге, жерге біз ие!* (І.Жансүгіров). *Қазақ шопандарының ең сорлысы бір рулы елге ие* (Ғ.Мұстафин).

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан барыс септігінің объектілік қатынастағы сөз тіркестерін жасауда көп қолданатынын аңғаруға болады. Біз объектілік қатынасты білдіруде жалпы септік жалғауларының ролі ерекше екендігіне көз жеткіздік. Дегенмен бұған қарап, көмекші сөздердің маңызын кемітуге болмайды. Мағынаны үстемелеп, нақтылауда, бір ойды әр қырлы етіп, құлпыртып жеткізуде бұлардың да үлкен септігі бар.

Ғалым Н.Оралбаева «Қазақ тілі – көмекші сөзге бай тіл. Өте дамыған көмекші сөз системасы сөздің аналитикалық формасына да қатысты. Бұл тұрғыда, әсіресе, көмекші есімдер, септеулік шылаулар өзіне назар аудартады» деп жазады [67,26].

Барыс жалғаулы сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарлары толықтауыш қызметін атқаратын сөздер болып келеді. Сондықтан да объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында, негізінен, адам атаулары не солардың орнына жүретін есімдіктер болып келеді де, бағыныңқы сыңарлары осылармен мағыналық жағынан орайлас жатқан қозғалыс мәнді етістіктер болады. Мұндай қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің мағыналары мынандай болады. Біріншіден, қозғалыс-әрекетінің кімге, неге бағытталғандығын білдіреді: *Таң құлан иектей келе Мүсіреп иттерін ертіп еліне қайтып кетті* (Ғ.Мүсірепов). *Есенейдің ойын әлі күнге тани алмай жастар жағы кезек-кезек Ұлпанға қырындайды* (сонда). *Абай ең алдымен әжесіне келді* (М.Әуезов). Бұл жерде сөз тіркестері құрамындағы барыс септігі қозғалыс-әрекетінің тірелер орнын атап көрсетеді. Екіншіден, қозғалыс-әрекетінің бағыт, бағдарын білдіретін

етістіктердің бірқатары барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, аттану, жорыққа шығу, тартысу мағынасында қолданылады. Мысалы: *Ұлпан да ығыспай төрге шықты* (Ғ.Мүсірепов). *Жорыққа аттандырған барымтаға түсетін құмалақ бұларға да түсер еді* (М.Әуезов).

Үшіншіден, қақтығыс, сүйкеніске түскен заттарды атап көрсететін соқтығу, тию, сүріну, сүйену, жантаю сияқты қозғалыс мәнді етістіктерді барыс жалғаулы сөздермен тіркестіріп, объектілік қатынас турдыра аламыз. Мысалы: *Ұлпан басын Еснейдің тізесіне салып, жантайып жатты* (Ғ.Мүсірепов). *Табалдырыққа сүрініп барып* бойын тіктеп алған Мәкіш, Жәнібектерге тіке қарады (М.Әуезов).

Қазақ тілінде бір сөйлемнің құрамынан қосарлы меңгеруді көреміз, олар мағыналық жағынан көп емес, мынандай қатынасты білдіретіндер.

1) Беру, өткізу мәнін білдіретін сабақты етістіктер тек табыс жалғаулы сөздермен ғана емес, барыс жалғаулы сөздермен де тығыз байланысқа түсіп, қабаттасқан, жұптасқан түрін құрайды. Мысалы: *баланы әкесіне беру*. Бұл тіркесте баланы беру – табыс жалғаулы, әкесіне беру – барыс жалғаулы. *Мүлікті иесіне қайтару, қойды қойшыға тапсыру, т.б.*

2) Біреуге арнай, бағыттай сөйлеу мағынасын білдіретін сабақты етістіктер әрі табыс, әрі барыс жалғаулы сөздермен берік байланысқа түседі. *Тапсырманы оқушыға хабарлау*. Тапсырманы хабарлау – табыс жалғаулы, оқушыға хабарлау – барыс жалғаулы. *Ойын тыңдаушыға жеткізу, жоспарын жұмысшыларға ұсыну, т.б.*

3) Белгілі бір затты қозғалысқа түсіру мәнін білдіретін сабақты етістіктер қатарынан табыс және барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, жұптасқан берік объектілік қатынасты құрайды. *Затты үйге апару, тамақты егіс даласына апару, көлікті арт жаққа итеру, т.б.*

Семантикасы жағынан топтастырылған сабақты етістіктердің ішінен іс-әрекетті білдіретін етістіктердің орны ерекше. Өйткені бұл етістіктер, негізінен, кісінің еңбек процесімен, іс-әрекетімен байланысты болып келеді. Мұндай мағынаны білдіретін етістіктер етістіктің тура объектіге бағытталуы, қимыл-әрекеттің объектілі болуы жағынан ерекшеленеді. Сондықтан да мұндай етістіктер ең алдымен табыс жалғаулы сөздерді керек етіп тұрады. Нақтырақ айтсақ, табыс жалғаулы сөз тіркесінде сабақты етістіктің байланысында қимыл, іс-әрекеттің сабақтылық мәні тура объектіге бағытталып қана қоймайды, сонымен бірге, оның орындалуына субъектінің тікелей ықпалы да білдіріледі. Іс-әрекетті білдіретін етістіктер табыс септік жалғаулы сөздерді меңгереді. Мұндай мағынаны білдіретін етістіктердің әртүрлі септік жалғаулы сөздермен тіркесуі олардың мағыналық жағынан ерекшелігіне байланысты. Мәселен, бағытталған қимыл-әрекет объектіні толық қамтитындай бола, табыс жалғаулы сөзді меңгереді де, іс-әрекетті білдіретін етістіктер сабақтылық мәнінің үстіне қимылдың бағытын және немен іске асқандығын білдіретін мән жамап алса, табыс және барыс, көмектес жалғаулы сөздерді меңгереді: *дәнді жерге септі, күрішті комбайнмен орды, т.б.*

Қимыл-әрекетті білдіретін сабақты етістіктер объектіні толық

қамтымай, жартылай қамтитын болса немесе заттың, нәрсенің неден жасалғандығын білдірсе, табыс және шығыс жалғаулы сөздерді меңгереді: *малды бастан ұрды, үйді кірпіштен салды, суретті қарындашпен салды, нанды қолмен үзді, т.б.*

Септік жалғауы мәнмәтіндік мынандай мағыналық топтарды меңгереді:

а) бір нәрсені жетілдіру, жақсарту мағынасын білдіретін етістіктердің тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы: Осы ата-бабалардың ежелгі *дәстүрін қайта тірілт* (М.Мағауин). *Жерді суландыру, шыршаны безендіру, алаңды көгалдандыру, т.б.* Мұндай мағынаны білдіретін етістіктер табиғатында, заттық мағынасы бар нақтылы зат есімдермен тіркесуге бейім тұрады. Осындай тіркесімділік қасиеті бар сөздер бірімен-бірі табыс септігі арқылы байланысқа түседі де, объектілік қатынастағы сөз тіркестерін құрайды: *Киіз үйді серпе ашып, сырттан құшағын толтыра қамысты сүйрей кірген Ажар* (М.Мағауин). *Мықты болсын деп әкеміз етікті таспамен тігетін* (С.Мұқанов). *Жасау, құру* етістіктерінің ең негізі, өзіне тән мағынасы – объектілік мағына.

ә) адамның ішкі көңіл-күйін білдіретін армандау, сағыну тәрізді етістіктердің меңгерілуі арқылы. *Ғалым болуды армандау, баласын сағыну, т.б.*

б) ұнату, құрметтеу, құшақтау мағынасын білдіретін етістіктердің меңгеруі арқылы: Омардың толып жатқан *еңбегін қатты бағалайтын* (Ғ.Мүсірепов). Шақан ошақ басында бір тізесін бүгіп, жүрелей отырған *Ажарды белінен құшақтады* (М.Мағауин). *Үлкенді сыйлау, ананы құрметтеу, оқу озаттарын мадақтау, т.б.*

в) қирату, күйрету, жоқ ету мағынасын білдіретін өрттеу, езу, сындыру, мылжалау мағынасын білдіретін объектілік қатынастағы етістіктермен меңгеріле байланысу: *балшықты езу, жауды күйрету, жауды талқандау, т.б.* Амал-әрекеттің нәтижесінде бүтін тұрған нәрсенің жарақаттанып, қирап, бүлініп, істен шыққандығын білдіреді. *Жерін тартып алып, малын талауға салған* (М.Мағауин). Бұзу, қирату мәнді етістіктердің меңгеруінен мынандай ерекшелікті байқауға болады. Біріншіден, қолмен ұстап, көзбен көруге болатындай нақты ұғымды білдіретін зат есімдер тіркеседі. Екіншіден, қимыл иесінің активті әрекетімен тікелей байланысты болғандықтан, әрі мұндай етістіктер мен тура толықтауыштарға екпін түсетіндіктен, іс-әрекет ең алдымен, тура объектіге бағытталып, оны нақты атап көрсетеді. Міне, осы ерекшелік табыс септік жалғауының, негізінен, түсірілмей қолданылуына ықпал жасайды. Мұндай ерекшелікті құру, жасау етістіктерінің табыс септікті жалғаулы сөздерді меңгеруін өзара салыстыру арқылы айқындауға болады. Мысалы: *үй салды – үйді бұзды, хат жазды – жатты жыртты, кірпіш қалады – кірпішті қиратты, т.б.* Мұның себебі бұзу, қирату өзгерістері объект мәніндегі зат пен нәрсенің жалпылығын қаламайды, неғұрлым нақтылығын қалайды. Мысалы: *Ақылды мақтанса, істі тындырар, Ақылсыз мақтанса, аяғын сындырар* (мақал).

г) күту, мәпелеу, тәрбиелеу мағынасын білдіретін етістіктердің меңгеруі

арқылы: *балан тәрбиелеу, аағашын өсіру, балаларын тамақтандыру, әжесін күту, т.б.* Жабайға жаны ашитынын да, ауруды күтуге қалғысы келетінін де Көпейден жасырған жоқ (Ғ.Мүсірепов).

ғ) Объектіні қозғаушы мәнді етістіктердің меңгеруі арқылы құрылған сөз тіркестері. Қозғалыс әрекетін білдіретін міну, бату, ұмтылу, сүңгу тәрізді сал етістіктердің меңгеруі арқылы объектілік қатынастар: *батпаққа бату, суға сүңгу, т.б.* Объектіні қозғаушы мәнді етістіктер қозғалыс мәнді етістіктермен сырттай қарағанда ұқсас, айырмашылықтары жоқ тәрізді. Өйткені екі топқа жататын етістіктердің екеуі де, түптен келгенде, қозғалыс арқылы іске асады. Салыстырып көреміз: 1) айдау, апару, жүргізу, жеткізу, итеру, қозғау, т.б. – объектіні қозғаушы мәнді етістіктер; 2) жүру, жету, келу, бару, өту, т.б. – қозғалыс мәнді етістіктер. Бірақ бұлардың да өзара айырмашылықтары бар, олар мынадан байқалады. 1. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктерде қимыл әрекет тура объектіге бағытталып тұратын болса, қозғалыс мәнді етістіктерде ондай қасиет болмайды. 2. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктерде қимыл иесі объектіні қозғалысқа түсетін болса, қозғалыс мәнді етістіктерде қозғалысқа түсетін объект болмайды, қозғалысқа субъектінің өзі түседі. 3. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктер табыс жалғаулы сөздерді тілеп тұратындықтан, сабақты етістіктердің қатарына жатады да, ал қозғалыс мәнді етістіктерде мұндай қасиет болмайтындықтан, салт етістіктердің қатарынан орын алады.

Объектіні қозғаушы мәнді етістіктер объектімен байланысты болғандықтан, табыс септікті сөздерді меңгереді. Мұндай мағынаны білдіретін етістіктермен қозғауға, жылжытуға, орын ауыстыруға болатындай конкретті зат атаулары мен осындай зат есімдердің орнына жүретін есімдіктер, есімшелер тіркеседі. Мысалы: Жабайдың *басын* жастығымен бірге *көретін* сүйей беріп, *сусынды* әрең *жұтқызды* (Ғ.Мүсірепов). Бүркіт *қоянды* қарға бір-екі рет *домалатып алды да, үнін өшірді* (С.Мұқанов).

д) бөлу, жару және жинау мәнді етістіктердің объектілік мәнінен құралған сөз тіркестері. Мұндай етістіктерге тән қимыл-әрекет тура объектіге бағытталады, толықтауыштық қатынаста сөз тіркестері жасалады. Бұл тәрізді сөз тіркестерінің бағыныңқы сынарларында бөлу, жаруға немесе жинауға болатындай нақтылы зат атаулары мен солардың орнына жүретін есімдіктер, құрал-сайманның атын білдіретін зат есімдер мен заттанған сан есімдер ғана болмаса, кез келген сөздер қолданылмайды. Мысалы: жерді *жырту*, шөп *жинау*, т.б. Алдымен *сексеуілді бөліп таста* (М. Мағауин). Бұл екі ортада қаншама *қамысты сындырып үлгерді* (сонда).

е) ішіп, жеу, қоректену әрекетін білдіретін ертістердің объектілік мағына білдіретін меңгерулі сөз тіркестері. Қоректенуді білдіретін етістіктер, негізінен, табыс жалғаулы сөздерді жетегіне алып, объектілік қатынастағы сөз тіркестерін құрайды. Мысалы: тамақты *жеу*, сорпаны *ішу*, етті *шайнау*, т.б. *Етті жеудің* алдында Ісләмді әлдеше кісі жіберіп таба алмайды (М.Әуезов). Ішіп-жеу мағынасында жұмсалатын зат есімдер кісінің, жан-жануарлардың қоректену әрекетін білдіретін етістіктермен табыс жалғауы арқылы байланысқанда, қимыл-әрекет тура объектіге бағытталып, тура

объект мәніндегі затты атап көрсетеді. Мысалы, *нанды асықпай жеді, сорпаны ыстықтай ішті, жілікті сүйсіне кемірді, т.б.* Қоректену мағынасында жұмсалатын етістіктер объектіні әрі толық, әрі жартылай қамтитын болса, аталған етістіктер табыс және шығыс жалғаулы сөздерді қатарынан меңгереді. Мысалы: Ертең бұйырса, сол *қымызды* сабаның өзінен *ішесің*, қарағым (Х.Есенжанов).

ж) сөйлеу, ойлау, сезу, қабылдау мәнді етістіктер де қолданылу ыңғайына қарай сабақты етістіктер тобын құрап, табыс жалғаулы сөздермен байланысқа түседі. Іс-әрекетті білдіретін етістіктермен салыстырғанда сабақтылық мағынасы шектеулі болады. Екіншіден, іс-әрекетті білдіретін етістіктермен тіркесе алмайтын нақты зат есімдер сөйлеу, ойлау, сезу, қабылдау мәнді етістіктермен еркін тіркесе алады. *Уақиғаны баяндады, тапсырманы сұрады, жағдайды баяндады, т.б.*

Сонымен, осы тарауды тұжырымдайтын болсақ, мынандай жайттарды байқауға болады:

- сөздерді өзара байланысқа түсіретін қосымшалар жоқ кезде сөздер бірімен-бірі мағына жақындықтарына қарай селбесіп тіркескенде, соның бірі – сабақты етістіктер мен тура объект мәніндегі сөздер. Бұлар табиғатында, органикалық байланыста болғандықтан, араларына сөз салмай, ешқандай қосымшасыз іргелес тұрып байланысқан. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында ертеректе жалпылық мәні бар жалпы есімдер жұмсалған, өйткені жалпы есімдер жалқы есімдермен салыстырғанда, тура объект болуға бейім сөздер. Бірақ тілдің дамып, синтаксистік құрылыстың жетіле түсуі септік жалғаусыз байланысқан объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің өзгеріске түсуіне ықпал жасады.

- синтаксистік құрылыстың жетіліп, күрделене түсуіне байланысты тура объект мәніндегі сөздер мен сабақты етістіктер арасына басқа бір сөздер сыналатын болды: *жерді күрекпен қазды, суды кесемен ішті, етті қолмен жеді, т.б.*

- тура объект мәніндегі жалпы есімдердің орнына жүре келе жалқы есімдер де, есімдіктер де, сан есімдер де, заттанған сын есімдер де жұмсалатын болды. Бұл объект мәніндегі сөздердің табыс жалғаулы түрінде қолданылуына түрткі болды: оны көрді, Айгүлді көрді, онды екіге бөлді, қыздарды байқады, т.б.

белгілі бір сөзге назар аударып, логикалық екпін түсіріп айту тәжірибеде орын тепті, бұл сөз тіркесі құрамындағы сөздердің бұрыннан қалыптасқан орнын өзгертуге түрткі болды, нәтижесінде табыс септігі жалғаулы түрінде қолданылады: *сой қойды, кес нанды, жон ағашты, иір жіпті, тоқы қамшыны, т.б.*

Септік жалғауы етістіктерге жалғанып, көмекші етістіктермен тіркесіп, күрделі етістік тудырады. Мысалы: Есімді білген күннен бастап, шешем маған осы мінезін *сіңіруге тырысты* (С.Мұқанов).

Кішірек қалалардың бір салты – шеттен *көзге түсерлік* біреу келсе біле қояды ғой (сонда).

Осы тарауда айтылғандарды жинақтай келе, мынандай тұжырымдарға

келуге болады:

- Тілдік деректерге, талдауға алынған мысалдардан септік жалғаулары мен септеулік шылаулардың көмегімен жасалған сөз тіркестері мәнмәтіндік мағынаны білдіреді;

- Прагматикалық аспектіде септік жалғауларының байланысу дәрежесі мен мағыналық сипаты ерекше, байланысу дәрежесі бірдей емес;

- Септік жалғаулары арқылы жасалған сөз тіркестері құрамдары біркелкі емес, олар мағыналық жағынан контексте өзгеріп отырады.

3 СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН МЕНҒЕРТУДЕГІ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ

3.1 Септік жалғауларын меңгертудегі тиімді әдістер мен тәсілдер

Оқыту біртұтас жүйе болып есептеледі де, оның құрамына бірнеше бір-бірімен байланысты элементтер кіреді: оқытудың мақсаты, оқу туралы ақпарат, мұғалім мен оқушының коммуникациясы мен педагогикалық іс-әрекетті іске асыруға көмектесетін ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер және құралдар. Оқытудың құрамына енетін мәселелердің барлығы бір ғана мақсатты көздейді. Ол – білімнің түпкі нәтижесі. Түпкі нәтиже сапалы әрі жоғары болғанда ғана оқыту жүзеге асырылды деп есептеуге болады. Яғни оқытудың теориясы төмендегідей ұғымдарды топтастырады:

- оқытудың ұстанымдары;
- оқытудың әдістері;
- оқытудың формалары;
- сабақ құрылымы;
- оқыту құралдары;
- білімді бағалау әдістері.

Міне, осы педагогикалық категориялар оқытудың сапалы болуының негізі болып саналады.

Бізге белгілі болғандай, септік жалғауларды оқытудың интерактивтік әдістері оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен тікелей байланысына негізделеді. Осылайша әдісті неғұрлым мақсатына сай қолдану тәжірибелік немесе семинар сабақтарында өткізу болып табылады. Осындай сабақтарды өткізудің танымал нысандарына пікірталастар, іскерлік және рөлдік ойындар, ойға шабуыл, тренингтер, кейс-әдіс, ойын түріндегі сабақтар жатады. Сабақтардың интерактивтілігі теориялық сұрақтардың тәжірибелік тапсырмаларға және проблемалық жағдайларды шешуге алмастырылуымен сипатталады. Мұғалімдердің алдында шынайымен шамалас нақты жағдайлар құрылады. Оқушылардың алдында айқындалған тапсырма тұрады, ол – осы немесе өзге мәселені шешу қажеттілігі. Осылайша оқушылар білім беру үдерісіне белсенді түрде атсалысады.

Топтық жұмыс жалпы білім беретін мектептің 7-сыныптарында ұйымдастырылатын оқыту формасы. 7- сынып оқушыларын шағын бірлескен топтағы жұмысқа тарту арқылы оқушылардың тілдік қатынасын дамытуға бағытталады. Септік жалғауларды әдістері мен тәсілдерін тәжірибеден өткізу барсында топтық жұмыстарды ұйымдастыру өз тиімділігі мен басымдылығын көрсетті. Қазіргі білім беру үдерісі мұғалімнен оқушылардың психологиялық жағдайын, бастамашылдығын, бір-бірімен қарым-қатынас жасауда қалыптасатын дағдыларын назарда ұстауын талап етіп отыр. Топтық жұмыста оқушылар қажет кезде бір-бірінен көмек сұрай алады, қойылған міндеттерді біріге отырып шешеді т.б. Сондай-ақ әрбір оқушы жеке идеясын айтып қана қоймай, оны жүзеге асыра алады. Шығармашылық ойлауын

жетілдіріп, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дарытады.

Оқушыларды топқа бөлудің екі жолы бар. Бірінші, құрылымдалмай бөлінген топтардағы топтық жұмыс / Групповая работа с неструктурированным делением на группы / Unstructured group work - топтық жұмысты ұйымдастыру нысаны. Білім беруші білім алушылардың қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін ескермей, кездейсоқ таңдау әдісімен топқа бөледі. Екіншісі, құрылымдалып бөлінген топтардағы топтық жұмыс / Групповая работа со структурированным делением на группы / Structured group work - топтық жұмысты ұйымдастыру нысаны. Білім беруші білім алушыларды шағын топтарға бөлуді бүкіл топтың, сондай-ақ жекелеген білім алушылардың ерекшеліктерін (мысалы, оқу үлгерімі, аталған пәнді оқуға деген қабілеті, көшбасшылық қасиеттері, қарым-қатынас жасау қабілетінің деңгейі) ескере отырып, алдын ала жоспарлайды.

Оқушының қабілетін барынша көрсетіп, барлығын жұмылдырып, толық қамтитын жұмыс түрі – **топтық жұмыс**. Сонымен қатар нәтижеге, мақсатқа жетуге әсер етуге бағытталған өзара әрекеттестік жүзеге асады. Топтық жұмыстар мақсаттарға сәйкес немесе сабақ тақырыбына сай түрлі формада өткізіледі. Топтық жұмыстың нәтижелі болуы – алдын ала белгілі бір мақсатты көздеуіне байланысты. Топпен жұмыс істеу барысында оқушылар өзара пікір алмасады, өзара қарым-қатынас жақсарады, бір-бірінен үлгі алып, дұрыс сөйлеу дағдысына машықтанады. Сабаққа деген қызығушылығы артып, білімді өздігінен меңгереді. Топтық жұмыста мұғалім ереже бар екендігін, ал оқушылар болса, сол ережеге бағыну керектігін түсінеді. Соңында оқушылар ережеге бағынуды, ұйымшыл болуды, мақсатқа қол жеткізуді үйренеді. Сөйтіп әр оқушы берілген жұмыстың нәтижелі болуына өзінше үлес қосқанын сезініп, алдағы жұмысқа деген ынтасы артады. Үнемі шаршы топ алдында сөз сөйлеуге қорқатын оқушылар туындаған психологиялық және коммуникативтік кедергілерді жеңуге мүмкіндік алады. Мысалы, «*Ілік сентік*» тақырыбын тәжірибелік сабақта меңгертуде топтық жұмыс жүргізілді. Алдымен топ жұмыстарын бағалайтын, сабақ барысын бақылап отыратын 6 сарапшы тағайындалды.

Оқушыларды топқа бөлу тәртібі де басқаша болды. Алдымен оқушыларға сөздер жазылған қағаздар таратылды. 23 оқушыға 23 сөз таратылып берілді. Ол қағаздарда төрт мақал-мәтел жасырынды. Оқушылар мақал-мәтел құрастыру үшін сыңарларын іздестіре бастайды. Сөйтіп жасырынған мақал да табылып, әр мақал бір топ болып шықты. Әр топқа мақал-мәтелдерге байланысты төрт түрлі жұмыс берілді (1-топ мақал-мәтелдерді қолдана отырып, партияның сайлауалды сөзін; 2-топ мақал-мәтелдерді қолдана отырып, жарнама сөзін; 3-топ мақал-мәтелдерді қолдана отырып, блогер сөзін; 4-топ мектеппен қоштасу сәтіндегі бітіруші түлектің сөзін даярлау).

Тапсырмаларды орындауда оқушылар тарапынан көптеген қиындықтар кездесті: мақал-мәтелдердің мағынасын түсінбей, орынсыз қолдану; мақал-мәтелдерді тым асырып, шектен тыс қолдану және т.б. Мақал-мәтелдердің көркемдік мәнін, яғни аз сөзбен көп мағына беруге болатындығын

түсінбегендіктен, тәжірибелік сабақ барысында осындай олқылықтарды болдырмау үшін көптеген жұмыстар жүргізілді.

Рөлдік ойындар – оқушы өзінің теориялық білімін «өмірде (практикада) кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады» [68,292]. Рөлдік ойында оқушылар өздерін басқа бір адамның орнына қойып, мәселені өз қолымен шешуге тырысады. Мұғалім рөлдік ойынды ұйымдастырарда, мына жайттарды назардан тыс қалдырмауы тиіс:

- ойынды өткізудің әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезеңдері және т.б.

- ойынның мүмкін болатын нәтижелерін болжау;

- ойынның нәтижелерін қорытындылау [68,293].

Интерактивтік әдіс арқылы жүргізілетін ойын үдерісі құрылымы келесі кезеңдерден тұрады: *бағдарлау* – ойынға қатысушылар мен эксперттердің дайындық кезеңі. Бұл кезеңде мұғалім оқушылармен бірлесе отырып, жұмыстың мақсатын, міндетін жоспарлайды; *ойынға дайындық кезеңі* – жағдаяттармен танысу, өту тәртібін, шартын және басқа да мәселелерді талқылайды. Мұғалім сценарийді оқып, ойын тәртібіне, рөлдерге, ұпай жинау тәртібіне тоқталады; *ойынның өту кезеңі* – бұл ойынның өту үдерісі. Ойын басталғаннан бастап, ойынға кедергі келтіруге, ойын тәртібін өзгертуге, рөлдерді ауыстыруға, ойыннан бас тартуға болмайды; *ойынды талқылау кезеңі* – қорытынды жасау, ұпайды санау кезеңі. Мұғалім эксперттерге сөз бере отырып, ойынды қорытындылап, ұпай санын есептеп, нәтижесін шығарады. Ал қатысушылар болса, өз ұстанымдарын қорғап, ойынның қиындығы мен қызығын айтып, пікір алмасады.

«Аквариум» әдісі. Мақсаты: оқушылардың септік жалғаулары туралы теориялық білімін нақты жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік беру; сөйлеу әрекеті арқылы септік жалғаулардың қызметін меңгерту; коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, яғни оқушылардың сауатты сөйлеу, сұрақ қою, жауап беру, ойын дәлелді жеткізу дағдыларын жетілдіру. Шарты: мұғалім түрлі жағдаяттық суреттер дайындайды. Мысалы: «қолында доп ұстап тұрған бала», «гүлмен тұрған қыз», «кітапханадан шығып келе жатқан оқушы» т.б. Әр суретті жеке оқушыларға таратады. Суреттердің біреуінде ғана «алтын балық» белгісі болады. Алтын балық түскен оқушы ортаға шығып, өзінің суретін сипаттайды. Бұл сипаттамада кемінде 3-4 септік жалғауын қолданып сөйлем құрауы міндет. Қалған оқушылар сұрақтар қояды, қолданылған септіктерді анықтайды, мағынасын талдайды. Қажет болса, топтық қолдау көрсетіледі: басқа оқушылар дұрыс жауап құруға көмектеседі, баламалы сөйлемдер ұсынады. Мысал тапсырма: Суретте – «қолында кітабы бар қыз». Оқушы сипаттайды: «Қыздың қолында кітап бар. Ол кітапты кітапханадан алды. Кітаппен дос болу керек». Осы сөйлемдерде ілік, жатыс, табыс, шығыс, көмектес септіктері бар. Оқушылар бұл септіктерді талдайды, сұрақтар қояды:

- Кімнің қолында кітап бар? (Ілік)

- Неден алды? (Шығыс)

- Немен дос болу керек? (Көмектес)

Нәтижесі: Оқушылар септік жалғауларының мағыналық және синтаксистік қызметін тәжірибе арқылы тереңірек меңгереді; Коммуникативтік дағдылары (тыңдау, сұрақ қою, жауап беру, пікір білдіру) дамиды; Топтық өзара әрекет пен тілдік рефлексия жүзеге асады; Сабаққа деген қызығушылық артады, оқушының белсенділігі мен танымдық мотивациясы күшейеді; Саралап, деңгейлеп оқыту мүмкіндігі туады – әр оқушы өз мүмкіндігіне қарай жауап береді, сөйлем құрайды.

«Қар кесегі» әдісі. Бұл әдістің тәртібіне сәйкес бір оқушы тақырыпқа байланысты бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің ойын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. Оқушыларға «Табыс септігін» қайталау барысында «Қар кесегі» ойыны бойынша табыс септігінде тұрған сөздермен сөйлемдер құрастырылды.

«Өрмекші» әдісі. Сабақтың қорытынды кезеңінде немесе өткен тақырыпты еске түсіру кезінде қолдану өте тиімді болды. Біз бұл әдісті «Септіктер» тақырыбын қорытындылауда қолдандық. Алдымен оқушылар ортаға дөңгелек шеңбер құрып тұрып, ал мұғалім тоқыма жіпті алып, кез келген оқушыға сұрақ қоя отырып лақтырды (Қазақ тілінде неше септік бар?). Жіпті қағып алған оқушы жауап беруі тиіс. Сөйтіп жауап берген оқушы келесі бір оқушыға сұрақ қоя отырып лақтырды (Табыс және жатыс септіктерінің сұрақтарын ата?). Осы әрекет дәл осылай бірнеше рет қайталанады. Ең соңында шеңберде өрмекшінің торы пайда болады. Оқушылар үшін бұл әдіс өте қызықты болды.

Ойлан, жұптас, бөліс әдісі. Бұл оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді. Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. Сөйлемдерінде міндетті түрде септік жалғаулары болу керек.

«Гаухарлар иерархиясы» әдісі. Бұл шағын топтарда орындалады. Ол ақпараттың артықшылығын айқындауға бағытталған. Оқушыларға белгілі бір сұраққа қатысты тоғыз идея беріледі немесе оқушылар өздері жазады. Олар өздері бірінші басымдық беретін идеясын жоғарығы қояды, содан кейін екінші солай барлық тоғыз идеяны қойып шығады. Топта ең маңызды деген идеяны анықтау үшін оқушылар арасында талқылау жүреді. Әрқайсысы идеяның маңыздылығына қатысты пікір білдіре отырып, бір-бірін тыңдау арқылы мол мәліметтер алады. Немесе оқулықта берілген пікірлерді оқып танысумен қатар, маңыздылық реттілігімен орналастыру арқылы оқушылардың топтық пікірін зерделеуге болады.

Пікірталас (discussion лат. тілінен – қарастыру, зерттеу) – бұл шаршы топ алдында белгілі бір сұрақ, мәселе төңірегінде вербалды түрде еркін білім алмасу, пікірталасу, идеяларын ортаға салу. Оның ерекшелігі түрлі позиция, пікірлердің қақтығысуы, талқылау-тартыс. Кең таралған лекция, семинар

формаларға қарағанда, пікірталастың төмендегі басымдықтары бар:

1. Пікірталас білімді тереңінен, белсенді түрде меңгеруге септігін тигізеді. Егер дәстүрлі сабақта мұғалім біржақтылық танытып, тек өзі ғана сабақта сөйлеп шықса, оқушылардың есінде ештеңе қалмауы мүмкін. Ал пікірталас оқушылардың өзара әрекетімен, эмоционалдық пікірлесумен, қызығушылықпен жаңа білімді меңгеру оңайға түседі. Пікірлесу оқушыны ойлантуға, басқаның пікірін тыңдай алу қабілетінің қалыптасуына, алдына қойған мақсатын өзгертуге әсер ете алады.

2. Пікірталас кезінде оқушылар белсенді түрде өзара әрекеттеседі.

3. Оқушылармен кері байланыс.

Дискуссияның көмегімен оқушылардың талқыланып отырған мәселені қаншалықты түсініп отырғандығын білуге болады, сонымен қатар бағалаудың басқа да әдістерін қажет етпейді. Пікірталас әдісі төмендегі міндеттерді шешуге көмектеседі:

- реалды жағдаяттарды талдауға үйрету, түрлі мәселелерге сыни көзбен қарау, өз пікірін білдіру, бағалау, қорғау.

Ғалым Ж. Дәулетбекова өз сабақтарында пікірталас ұйымдастыратын мұғалімдерге төмендегі жайттарды ескеру қажеттігін көрсетеді:

- 1) Пікірталастың барысын қатысушылардың диалог үстінде айтқан пікірлерінің даму бағытымен сәйкестендіріп отыру;
- 2) Теориялық тұжырымдарды практикалық жаттығулармен бекітіп отыру;
- 3) Қатысушылардың өзара тілдесуіне қолдау көрсету;
- 4) Пікірталас барысында қатысушылардың өзі айтқан сөздерінің, ұсыныстарының, идеяларының, сұрақтарының мәнін түсінуіне көмектесу;
- 5) Айтылып жатқан сөздерді дұрыс тыңдай білуі, пікірталасқа қатысушылардың өзара тыңдау мәдениетін көтермелеп отыру;
- 6) Пікірталас үстінде өзіндік ой-пікірін, дәлелдемелерін ұтымды жеткізе білетін қатысушыларды қолпаштау;
- 7) Қатысушылардың әр сөзі өзгелерді ойландыратындай болуын қадағалау;
- 8) Қатысушылардың ойлауына мол мүмкіндік беруге тырысу;
- 9) Әңгімеге, диалогқа, пікірталасқа өз билігін жүргізуге жол бермеуі;
- 10) Өз пікірін өтімді ету мақсатында пікірталасты бұрмалаудан бойды аулақ салу» [42, 232].

Мәселен, 5-сынып оқушыларына «Септіктер» тақырыбын тәжірибелік сабақта меңгертуде пікірталас ұйымдастырдық. Оқушыларға «Интернеттің адам өміріне әсер етуі» тақырыбы ұсынылды. Пікірталасқа қатысушыларға түрлі мысалдар келтіріп, адамның назарын аударту үшін, сендіру, әсер ету үшін қолданылған септік жалғаулы сөздерді тапты. Кейін осы амал-тәсілдердің адам психологиясына оң, не болмаса теріс әсер еткені жайлы дау-дамайға түсті. Пікірталас соңында интернеттің адам көңіл-күйіне тигізетін әсері туралы қорытынды жасалды.

Жобалай оқыту әдісі – мұндай оқытуда оқушылар таңдалған жоба жоспарын құрып, жүйелі түрде қойылған міндеттерді өздігенен орындай отырып, білім мен дағдыны меңгереді. Жоба – зерттеу, талдау, есептеу, салыстыру, анықтау және графикалық жұмыстар кешені. Мұндай

жұмыстарды оқушылар өздігінен орындайды, алайда жоба жазу барысында туындаған теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Жобамен жұмыс барысында келесі негізгі кезеңдерді назарға алу керек (кесте 9).

Жалпы жоба жұмысының құрылымы мен кезеңдері: проблема – жоспарлау (жобалау) – шешімді іздеу – нәтиже – презентация. Алтыншысы портфолио – папка, бұл папкаға жобаны жазу барысында жинақталған барлық жұмыс материалдары салынады (күнделікті жоспарлар, есептер және т.б.). Жобалай оқыту әдісінің негізінде «жоба» түсінігінің мәнін құрайтын идея жатыр. Идеяның прагматикалық бағыты практикалық және теориялық мәні бар мәселені шешу арқылы ғана қол жеткізуге болатын нәтижеге бағдарланған. Бұл нәтижені шынайы өмірде қолдануға болады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін оқушыларға проблеманы өздігінен табуға, өздігінен сол проблеманы шешуге және де нәтижені болжауға дағдыландыру қажет.

Кесте 3 – Жобамен жұмыс жасау кезеңдері

Жоба жұмысын орындау кезеңдері	Жұмыс мазмұны	Оқушылардың атқаратын жұмыстары	Мұғалімнің атқаратын жұмыстары
1	2	3	4
Дайындық	Жоба тақырыбын, мақсатын анықтау.	Мұғаліммен бірге тақырыпты талқылап, қосымша ақпарат алады. Мақсаты мен міндеттерін айқындайды.	Жобаның мәнін түсіндіріп, оқушының қызығушылығын арттырады.
Жоспар құру	а) тақырып бойынша әдебиеттермен танысу; ә) материал жинақтау; б) жинақталған материалды сұрыптау; в) нәтижені бағалау мен қорытындылау критерийін анықтау; г) әр топ мүшесінің міндеттерін айқындау.	Жұмыс жоспары мен міндеттерін нақтылайды.	Идеялар ұсынып, күтілетін нәтижені болжайды.
Зерттеу	Ақпарат жинау, міндеттерді орындау. Негізгі құралдар, сауалнамалар,	Қойылған міндеттерді жүйелі орындап, зерттеу жұмысымен	Бақылайды, ақыл-кеңес береді.

	интервью, бақылау, эксперимент жүргізу.	айналысады.	
Қорытынды жасау	Ақпараттарды талдау, қорытындылау.	Ақпараттарды талдап, қорытынды жасайды.	Бақылайды, кеңес береді
Есеп беру немесе жобаны қорғау	Жобаны қорғау немесе есеп беру формалары: презентация дайындап ауызша қорғау, жазбаша есеп беру.	Есеп береді, талқылайды, қорытындылайды.	Оқушыларды тыңдайды, түрлі сұрақтар қояды.
Жобаның жұмысын бағалау		Ұжыммен, топпен бірлесе отырып бағалайды.	Жұмыстың сапасын, креативтілігін, дереккөздерді ұтымды қолдануын, жобаны одан әрі жалғастыру әлеуетін бағалайды.

3.2 Септік жалғауларының мағыналарын меңгертудегі деңгейлеп оқытудың маңызы

Деңгейлік тапсырмалар – оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейлері мен олардың жеке қабілеттерін ескере отырып құрастырылған тапсырмалар. Бұл тапсырмалар оқушылардың қазіргі мүмкіндіктеріне қарай білім, білік, дағдыларын дамытуға және бағалауға бағытталған. Деңгейлік тапсырмалардың негізгі идеясы – әрбір білім алушы тапсырмаларды сәтті орындай алатын, бірақ сонымен бірге оның дамуын ынталандыратын қалыпты интеллектуалдық жүктемені бастан кешіретін жағдай жасау. «Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушының өз мүмкіндігіне қарай білім алуы, шығармашылықпен айналасуы қамтамасыз етіледі. Бұл оқушыны өзін-өзі дамытуға жетелейді», – деп М.Қ. Жанпейсова өз әдістемелік оқулығында айта кеткен [68,114].

Деңгейлік тапсырмалар – оқушылардың білім деңгейіне, қабілетіне, танымдық мүмкіндіктеріне қарай сараланған, бір тақырып аясында күрделілік деңгейі әртүрлі тапсырмалар жиынтығы. Мұндай тапсырмалар оқушыны табысқа жетелейді, өзіндік даму траекториясын қалыптастырады.

7-сыныпта септік жалғауларды меңгертуде деңгейлік тапсырмаларды қолдану ерекшеліктері оқушылардың жас және когнитивтік ерекшеліктеріне, тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру қажеттілігіне байланысты. Бұл кезеңде мектеп оқушылары техникалық оқу дағдыларына бағытталған

бастауыш сыныптар мен мәтінге анағұрлым мағыналы және аналитикалық тәсілді қажет ететін орта мектеп арасындағы өтпелі кезеңде. Сондықтан 7-сыныпта деңгейлік тапсырмаларды қолдану ерекше мәнге ие болады, өйткені ол оқу дағдыларын дамытудағы жеке айырмашылықтарды ескеруге мүмкіндік береді және әр оқушының өз қарқынымен қозғалуына көмектеседі.

7-сыныпта деңгейлік тапсырмаларды қолданудың басты ерекшеліктерінің бірі оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейлерін ескеру қажеттілігі. Кейбір мектеп оқушыларында септік жалғауларын жалғауларын білу деңгейі, ал басқалары қолдана алу деңгейі, мәтіннен септік жалғауларын тауып алу қиындықтарына тап болады. Деңгейлік тапсырмаларды қолдану мұғалімге әр оқушының әлсіз оқушыларды шамадан тыс жүктеместен және сонымен бірге күшті оқушылардың дамуына жағдай жасамай, олар үшін оңтайлы деңгейде жұмыс істеуіне, жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұған тапсырмалардың күрделілігін өзгерту арқылы қол жеткізіледі: мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған қарапайым сұрақтардан бастап түсіндіруді және өзіндік қорытындыларды қажет ететін күрделі аналитикалық және шығармашылық тапсырмаларға дейін.

Қазіргі заманда білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуына, оның тілдік, мәдени және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін құзыреттіліктерді қалыптастыруды мақсат етеді. Осы тұрғыда қазақ тілі пәнінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – аса өзекті мәселе. Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз – оқушының тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі жағдаяттарда еркін сөйлеу, өз ойын сауатты жазу және тыңдаған ақпаратты дұрыс түсіну қабілеті.

Сөйлем ішіндегі сөздердің грамматикалық байланысын дұрыс құру тілдік құзыреттілікке тікелей әсер етеді. Бұл байланыс көбінесе септік жалғаулары арқылы жүзеге асады. Септік жалғауларының мағынасын дұрыс меңгеру оқушының ойды жүйелеуіне, байланыстырып сөйлеуіне, жазба және ауызша тілде еркін қарым-қатынас жасауына негіз болады. Алайда 7-сынып оқушылары үшін бұл тақырып күрделі болып көрінуі мүмкін. Сондықтан деңгейлеп оқыту әдісін қолдану – олардың бұл тақырыпты тиімді меңгеруіне жағдай жасайтын әдістемелік жол.

Бүгінгі таңда оқушылардың тілдік білімін дамыту ғана емес, сонымен қатар оны өмірлік жағдаяттарда дұрыс пайдалана білу, яғни коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Тілдік қатынас барысында септік жалғаулары арқылы сөздердің мағыналық байланысы орнайды. Бұл грамматикалық байланыстарды нақты меңгеру оқушының ойын дәл жеткізуіне көмектеседі. Сондықтан бұл тақырыпты меңгертуде тиімді әдістердің бірі – деңгейлеп оқыту.


Деңгейлеп оқыту – оқушылардың білім деңгейіне, қабілетіне және жеке ерекшелігіне сай оқу материалын сатылай беру арқылы оқытуды ұйымдастыру. Бұл әдіс арқылы әр оқушы өзінің мүмкіндігіне сай білім алады. Әсіресе грамматикалық күрделі тақырыптарда – бұл тәсіл өте тиімді. Септік жалғауларын деңгейлеп меңгерту арқылы оқушы біртіндеп теорияны түсінеді, тәжірибеде қолдануға дағдыланады және ең бастысы – тілдік

қатынас жағдайында еркін сөйлеуге үйренеді.

Сыныптағы әртүрлі білім деңгейіндегі оқушылардың барлығын қамтып, олардың білім алуына тең мүмкіндік беретін бұл әдіс – қазіргі білім беру жүйесіне сай келетін, тиімді әрі нәтижелі тәсіл.

Сондықтан септік жалғауларын меңгертуде деңгейлеп оқытуды пайдалану – қазақ тілі пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын және коммуникативтік қабілетін арттыратын маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

Кесте 4 - деңгейлік оқытудың талаптарын жүйелеу



Осы ретте біз зерттеуімізде Ж.А.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясын теориялық-әдістемелік негіз ретінде таңдап алдық. Өйткені бұл технология білім алушының тұлғалық ерекшелігін, даму қарқынын ескеріп, оқу үдерісін саралап ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ғалымның пікірінше, деңгейлеп оқыту оқушылардың қабілетіне қарай білім алуын

қамтамасыз етіп, біртіндеп дербес білім алуға дағдыландырады. «Әр оқушының өзінің даму деңгейінде жұмыс істеуі – оның жеке жетістігіне жетуінің алғышарты», – деп көрсетеді Ж.А.Қараев [69,25].

В.П.Беспалько да оқыту сапасын арттырудың басты шарты – білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды бірізділікпен ұсыну деп есептейді. Ол өз еңбектерінде оқытудың технологиялық үлгісін ұсынып, оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін төрт сатыға бөліп қарастырады: оқушылық, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейлері [70,42].

Ж.А.Қараев пен В.П.Беспальконың ғылыми ұстанымдарын салыстыра келе, екеуінің де басты мақсаты – оқыту сапасын арттыру, оқытуды тиімді ету, тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру екені байқалады. Алайда Ж.Қараевтың жүйесі мектеп тәжірибесіне, әсіресе қазақ тілді аудиторияға бейімделгендігімен ерекшеленеді. Ол тапсырмаларды үш деңгейге – репродуктивтік, эвристикалық және шығармашылық – бөліп, оқушының қабілетіне сай білім алуға жағдай жасайды [69,30].

Қазақ тілінде жеті септік бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Әр септік өзіндік сұрағы, мағынасы, сөйлемдегі қызметі арқылы ерекшеленеді. Мысалы, атау септігі бастауыш қызметін атқарса, табыс септігі – тура толықтауыш қызметін атқарады. Осылайша әр септіктің синтаксистік қызметі мен семантикалық ерекшелігі бар.

Септік жалғаулары арқылы сөздер арасында мағыналық байланыс орнайды. Мысалы: «Мектепке бардым» сөйлемінде «мектепке» – барыс септігінде тұр және іс-әрекеттің бағытталу объектісін білдіреді. Егер оқушы бұл құрылымды дұрыс меңгерсе, ол сөйлем құрауда қате жібермейді, ойын нақты, жүйелі түрде жеткізе алады. Бұл – коммуникативтік құзыреттіліктің негізі.

Деңгейлеп оқытудың басты ерекшелігі – оқу материалының оқушының жеке мүмкіндігіне сай берілуі. Бұл әдіс арқылы оқушыларда оқу мотивациясы артады, өйткені олар өзіне түсінікті тапсырмадан бастап, біртіндеп күрделірек деңгейге өтеді. Сонымен қатар бұл әдіс арқылы оқушының жеке ерекшелігі ескеріледі.

Төменгі деңгейде – септіктің анықтамасы, сұрақтары, мысалдары беріледі. Орта деңгейде – сөйлемдер құрау, сөйлемнен септік жалғауын табу тапсырмалары ұсынылады. Жоғарғы деңгейде – мәтінмен жұмыс, өз ойынан мәтін құрау, пікір білдіру, диалог құрастыру тапсырмалары арқылы оқушының тілдік қатынаста еркін сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Осылайша деңгейлік тапсырмалар жүйесі оқушыны біртіндеп жоғары нәтижеге жеткізеді. Бұл жерде мұғалім – бағыттаушы, кеңесші рөлінде болады. Оқушы – өз оқуына жауапты тұлға ретінде қалыптасады.

Деңгейлік тапсырмалар үлгілері I деңгей – Білу және түсіну:

1. Сөздерді атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септігіне қойыңыз: мұғалім, кітап, оқушы.

2. Әр септіктегі сөздермен сөйлем құраңыз.

3. Септік түрлерін сұрақтарымен және жалғауларымен бірге жатқа жазыңыз.

II деңгей – Қолдану:

1. Берілген сөйлемдерден септік жалғаулы сөздерді табыңыз және түрін көрсетіңіз.

2. Берілген сөздерге септік жалғауын жалғап, сөйлем құраңыз.

3. Сурет бойынша сөйлемдер жазыңыз және септіктерді көрсетіңіз.

III деңгей – Талдау:

1. Қысқа мәтінді оқып, септік жалғаулы сөздерді анықтаңыз.

2. Берілген сөйлемдерден бастауыш пен толықтауышты табыңыз.

3. Өз ойыңыздан шағын диалог құрастырыңыз (кемінде 6 сөйлем).

IV деңгей – Жинақтау және бағалау:

1. «Менің мектебім» тақырыбында шағын мәтін жазыңыз (кемінде 10 сөйлем).

2. Жазған мәтініңізден әр септікте тұрған сөздерді тауып, астын сызыңыз.

3. Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырып, сыныптасыңызбен сөйлесіңіз.

Септік жалғауларын меңгеру – оқушының сөйлеу мәдениетін, жазу сауаттылығын, ойды жүйелі жеткізу қабілетін дамытады. Бұл өз кезегінде коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Мәселен, дұрыс септік жалғауын қолдана алмаған бала ойын толық жеткізе алмайды немесе грамматикалық қате жіберуі мүмкін. Ал дұрыс меңгерілген септік жүйесі сөйлеу барысында сөздердің байланысын реттеп, мағынаның толық ашылуына мүмкіндік береді.

Оқушының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін әр тапсырма сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу әрекеттерін қамтуы тиіс. Топтық жұмыс, диалог, пікірталас, пікір жазу, сұхбат жүргізу сияқты әрекеттер арқылы тілдік қарым-қатынас дамиды. Осы тәсілдерді сабақта деңгейлік тапсырмалармен бірге қолдану – тілдік білімді тәжірибемен ұштастырудың тиімді жолы.

Септік жалғаулары – сөздердің мағыналық байланысын қамтамасыз ететін негізгі грамматикалық категориялардың бірі. Бұл тақырыпты деңгейлеп оқыту – оқушылардың оқу материалын біртіндеп, жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәсіл оқушылардың логикалық ойлауын, жазу, сөйлеу қабілетін дамытып, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

Қорытындай келе, септік жалғауларын деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертуде оқу сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық маңызы зор. Мұндай жұмыс мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын кезең-кезеңімен дамытуға, сараланған оқытуды ұйымдастыруға және оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруға жағдай жасайды. Деңгейлік тәсіл оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін, ақпаратты игеру қарқынын және жақын даму аймағын ескеруге мүмкіндік береді, бұл оқу үдерісін икемді әрі тиімді етеді. Тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру принципіне негізделген бұл тәсіл – мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған қарапайым сұрақтардан бастап, оқуды талдауды, түсіндіруді және сыни тұрғыдан

түсінуді қажет ететін тапсырмаларға дейін дамытады. Бұл тек негізгі оқу дағдысын ғана емес, сондай-ақ, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, ақпараттың дұрыстығын бағалау, қорытынды жасау және өз пікірін дәлелді түрде айту сияқты күрделі интеллектуалды дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Деңгейлеп оқыту – жоспарлы әрі ойластырылған үдеріс. Әрбір оқушының өзіндік қабылдауы ерекше. Кей оқушылар топтық жұмыс кезінде ашылса, енді біреулері жеке тапсырмада өз қабілетін танытады. Кейбіреуі шығармашылыққа бейім болса, өзгелері сөйлеуге немесе жазуға ынталы. Сондықтан оқушы ерекшелігі мұғалім үшін маңызды. Әр оқушыны жан-жақты танып, физиологиялық, психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту – тиімді білім берудің кепілі. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану мұғалімдерге әр оқушының мүмкіндіктеріне сай тапсырмаларды жоспарлауға, оқушыға ыңғайлы қарқынмен білім беруге, сенімді әрі жауапты тұлға тәрбиелеуге жағдай жасайды.

3.3 Септік жалғауларды тиімді оқыту эксперименттік жұмыстың мен нәтижесі

Магистрлік жұмыстың ең маңызды бөлігі эксперимент болып саналады. Бұл бөлімде әдістемлік жүйенің тиімділігін анықтап, тәжірибелік жұмыстың қорытындыларын ұсынамыз. Оқушылардың септік жалғауларын таба алуы, қолдана алуы – білім деңгейінің көрсеткіші. Септік жалғауларын меңгерту барысында тапсырмалар деңгейлеп оқыту технологиясын басшылыққа ала отырып әзірленді. Оқушылардың танымдық қабілеті мен білім деңгейін ескере отырып, оларды қарапайымнан күрделіге қарай бағыттап оқытатын технология. Білім берудегі заманауи талаптар әр оқушының жеке қабілеті мен дайындық деңгейін ескеруді қажет етеді. Осы орайда деңгейлеп оқыту технологиясы оқыту үдерісінде ерекше орын алады. Бұл технология оқушыларды білім деңгейіне қарай топтап, тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай сатылай ұсынуға мүмкіндік береді. Әр оқушы өз мүмкіндігінше жұмыс істеп, біртіндеп жоғары деңгейге көтеріледі. Эксперимент үш кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – бақылау кезеңі. Оқушылардың септік жалғауларын меңгерудегі деңгейін анықтап, бастапқы деңгейдегі оқушылармен жұмыс жасау. Тілдік дағдыларының деңгейі тексеріліп, экспериментке қатысатын сыныпты анықтау.

Екінші кезең – қалыптастырушы кезең. Қазақ тілі сабақтарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес оқу бағдарламасына сәйкес деңгейлік тапсырмалар жүйесі жасалып, оқушыларға ұсынылады.

Үшінші кезең – қорытынды кезең, алынған нәтижелер өңделіп, эксперимент бойынша қорытынды шығарылады.

Эксперимент жасау үшін ең алдымен зерттеу жұмысымызда үлкен рөл атқаратын екі сынып таңдап алынды. «Алматы облысы, Алматы қаласындағы №82 қазақ мектеп-гимназиясының» 7 «А» және 7 «Ә» сыныптары. Біздің

таңдап алған тақырыбымыз «Септік жалғаулар туралы түсінік» бойынша жаңа тақырыпты таңдап алып осы бойынша тапсырмалар дайындадық. Сондай-ақ эксперименттік жұмысымызды бастамастан бұрын 7 «А» және 7 «Ә» сынып оқушыларының тізімімен, олардың білім көрсеткіштері, оқу деңгейімен танысып шықтық. Бірінші сынып оқушыларымен және де олармен жұмыс жасау барысында ешқандай қиындық туындамауы үшін сабақ басынан өзіміздің оларға қоятын талаптарымызды айтып өттік.

Қазақ тілін оқытуда септік жалғаулары – маңызды грамматикалық тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпты оқушыларға жеңіл әрі қызықты түрде меңгерту – мұғалімнің басты мақсаты. Осы мақсатта мен 7-сынып оқушыларына септік жалғауларын деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертуді көздедім. Сонымен қатар бұл жұмыс барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, яғни тілдік қатысым қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

Жоғарыда атап көрсетілген зерттеу жұмысының кезеңі бойынша сабақты негізгі екі бөлімге бөле отырып қарастырдық әрі соған байланысты қысқа мерзімді сабақ жаспарын жүйелеп алдық. Әрбір көрсетілген қысқа мерзімді сабақ жоспарына керек тапсырмалар мен қолданылатын әдіс-тәсілдер қарастырдық әрі өзіміз нәтижеге бағытталған бағдарламадағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сол арқылы 7 «Ә» сыныбының оқушыларына жүйелі тапсырмалар тізбегін ұсына алдық. Ең алдымен берілген сыныптардың білім деңгейін анықтау үшін бақылау тестін алдық. Анықтау кезеңінің мақсаты – 7-сынып оқушыларының септік жалғаулар туралы білімдерін тереңдетіп, оларды дұрыс қолдана білуге дағдыландыру, оқушылардың тілдік қатысым, өз ойын дәл және еркін жеткізу қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- Септік жалғаулардың түрлері мен қызметін түсіндіру;
- Сөйлеу және жазу барысында септіктерді орынды қолдануға үйрету;
- Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру: ойды жүйелі жеткізу, пікір білдіру, диалогқа түсе білу;
- Оқушылардың ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Google форма арқылы алынған бақылау тест үлгісі

<p>1. Зат есімнің септелуі дегеніміз не? A) Көптелуі B) Тәуелденуі C) Септік жалғау арқылы түрленуі D) Жіктелуі</p> <p>2. Септік жалғау жалғанған сөзді табыңыз. A) кітап B) кітаптар C) кітаптың D) кітапша</p> <p>3. Барыс септігіндегі сөзді табыңыз. A) мектепке B) мектептен C) мектептің D) мектепте</p> <p>4. Шығыс септігінің жалғауы. A) -ға, -ге B) -дан, -ден C) -мен, -пен D) -ның, -нің</p> <p>5. Көмектес септігінде тұрған сөзді көрсетіңіз. A) оқушымен B) оқушыдан C) оқушыға D) оқушының</p>	<p>6. Ілік септігінің сұрағын көрсетіңіз A) кімде? B) кімге? C) кімнің? D) кіммен?</p> <p>7. Атау септігінде тұрған сөзді белгілеңіз. A) баланың B) балаға C) баладан D) бала</p> <p>8. «Кітапты оқыды» сөйлемінде сөз қай септікте тұр? A) Атау B) Барыс C) Табыс D) Көмектес</p> <p>9. Табыс септігінің жалғауы. A) -ды, -ді, -ты, -ті B) -ның, -нің C) -мен, -пен D) -дан, -ден</p> <p>10. Мектептен кейін үйге бардым. Сөйлемінде қандай септік жалғаулары бар? A) Ілік, барыс B) Шығыс, барыс C) Атау, көмектес D) Табыс, шығыс</p>
--	--


Кесте 5 – білім деңгейін анықтауға арналған көрсеткіш

1-5 балл	«3» өз оқу жетістіктерін бағалау дағдылары дамудың төмен деңгейінде;
5-7 балл	«4» өз оқу жетістіктерін бағалау дағдылары дамудың орташа деңгейінде;
7-10 балл	«5» өз оқу жетістіктерін бағалау дағдылары дамудың жеткілікті деңгейінде;

Бақылау тестінің нәтижесі

Талдау нәтижесі бойынша 7 «А» және 7 «Ә» сыныптарынан 44 оқушы бақылау тестін тапсырды, олардың тесттен жинаған нәтижесі төменде диаграммада көрсетілген.

Диаграмма 1 – 7 «А» сыныбы тапсырған тест нәтижесінің қорытындысы



7 «А» сыныбынан тест тапсырғандар саны: 22 оқушы

Орта балл: 7


Білім сапасы: 57%

Диаграмма 2 – 7 «Ә» сыныбы тапсырған тест нәтижесінің қорытындысы



7 «Ә» сыныбынан тест тапсырғандар саны: 16 оқушы. Орташа балл: 7 ұпай. Білім сапасы: 56, 7%.

Диаграмма 3 – Қорытынды кезең бойынша білім сапасы және үлгерімі



Алынған тест нәтижесінен оқушылардың сабақ барысында қызығушылық танытпай, тапсырманы орындауда қателік жібергенін және де білімінің аздығын көреміз. Осы тест нәтижесінің негізінде оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру басты назарға алынды. Сондай-ақ олардың сабақ соңында білім сапасын, үлгерімін қалай көтереміз деген сұрақты өзімізге қойып, сол бойынша жұмыс жасадық. 7 «Ә» сыныбына өткізілетін сабақты бөліп қарастырдық. Төменде «Септік жалғауларға» байланысты деңгейлік тапсырмалар берілген.

Екінші кезеңде, 7-сынып оқушыларына қазақ тіліндегі септік жалғауларын меңгерту, сонымен қатар септік жалғаулары арқылы олардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру, яғни **қалыптастырушы эксперимент** жүргізілді.

Мақсаты: Септік жалғауларды меңгертуде деңгейлік тапсырмаларды жүйелі қолдану арқылы оқушылардың грамматикалық сауатын және коммуникативтік құзыреттілігін арттыру.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- а) экспериментке қатысатын сыныптарды анықтау;
- ә) қосымша тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін әзірлеу;
- б) пәнінің мазмұнына сәйкес сабақ жоспарларын әзірлеу;
- в) ұсынылған әдістемелік жүйе негізінде арнайы сабақтар өткізу.

«Септік жалғау» тақырыбына арналған А, В, С деңгейіндегі тапсырмалар:

А деңгейі

Тапсырма:

Төмендегі сөйлемдерден септік жалғауы жалғанған сөздерді тауып, қай септік екенін анықта.

1. Досымен бірге киноға барды.
2. Мұғалімнің кеңесін тыңдадым.
3. Ата-анама хат жаздым.

Жауап үлгісі: «Досымен» – көмектес септік, «мұғалімнің» – ілік септік т.б.

В деңгейі

Тапсырма:

Төменде берілген сөздерге септік жалғауларын жалғап, мағынасы бар сөйлем құра.

Сөздер: кітап, бала, мектеп

- Кемінде 3 түрлі септік қолданылсын.
- Сөйлем ішінде әр септіктің қызметін түсіндір.

С деңгейі

Тапсырма:

«Білім – болашақтың негізі» тақырыбында кемінде 5 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жаз.

- Әр сөйлемде әртүрлі септік жалғауы жалғанған сөз болсын (барлық 7 септік қамтылса – артықшылық).

- Жазып болған соң, әр септікті бөліп көрсетіп, грамматикалық талдау жаса.

Ұсынылып отырған әдістемелік жүйе мен қалыптастыру экспериментінде қолданылған жұмыстардың нәтижесін бағалау үшін **қорытынды эксперимент** іске асырылды. Қорытынды кезеңде оқушылардың оқу үлгерімін тексеру мақсатында «Quiz» платформасы арқылы тест алынды. Алынған нәтижелерге зерттеу жүргіздік.

Кесте 4 – Қорытынды бағалау тесті


<p>1. Шығыс септігі қатысқан сөйлем: A) Досыма хат жаздым. B) Ол үйден ерте шықты. C) Мектепке бардым. D) Кітаппен бөлістім.</p> <p>2. Көмектес септігін көрсет: A) -ның, -нің B) -мен, -пен C) -ға, -ге D) -ты, -ті</p> <p>3. Келесі септік жалғауын табыңыз: «Сыныппен» A) Ілік B) Көмектес C) Барыс D) Шығыс</p> <p>4. Табыс септігінің сұрағын табыңыз: A) Кімнің? B) Нені? C) Қайда? D) Кіммен?</p> <p>5. Ілік септігі жалғанған сөзді белгіле: A) досым B) досқа C) досы D) досының</p>	<p>6. Бала кітапты оқыды. Сөздер қай септікте тұр? A) Атау – табыс B) Ілік – барыс C) Атау – ілік D) Табыс – көмектес</p> <p>7. «–мен» жалғауы қай септікке жатады? A) Табыс B) Ілік C) Көмектес D) Атау</p> <p>8. Барыс септігінің жалғауы: A) -дан, -ден B) -ға, -ге C) -ның, -нің D) -мен, -пен</p> <p>9. Үйге дейін бардық. Сөйлеміндегі «үйге» сөзі қай септікте? A) Атау B) Табыс C) Барыс D) Шығыс</p> <p>10. Атау септігінің жалғауы қалай көрінеді? A) Жұрнақ жалғанады B) Ешқандай жалғау болмайды C) Тек ілік жалғанады D) Септік шылау жалғанады</p>
--	--

Кесте 5 – 7 «Ә», 7 «В» сыныбының тест нәтижелері

№	7 «А» СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ	7 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ	10 бал	9
1	Абуталип Санжар	Абильтаев Сулейман		9
2	Агжанов Дильшат	Ақұлбай Әлихан		10

3	8	Бәкібай	Алдияр	Бауыржанқызы Анеля	8
4	10	Болат	Ясмин	Дәулетқан Айзере	10
5	7	Жантасова	Амина	Жайық Әмір	9
6	10	Жусупова	Амина	Жақұп Нұркен	9
7	6	Иманбек	Мирас	Жамарбалина Алия	6
8	9	Кабдиров	Ибрагим	Жандос Ерасыл	9
9	9	Қомантаева	Анель	Жұмабек Ернұр	8
10	8	Қайдар	Абылайхан	Жұмажан Иса	8
11	7	Макенов	Темирхан	Жұмажан Мұса	9
12	7	Серкебаева	Жансая	Казеева Нариман	10
13	7	Уразбаев	Тамерлан	Капарова Жазира	9
14	8	Социал	Айзат	Қуанын Ислам	9
15	8	Хамзина	Анеля	Мұрат Данил	8
16	6	Тілеухан	Инабат	Науқанбай Жақайым	9
17	7	Кажмухан	Алина	Сайран Ахметали	8
18	10	Талғат	Махаббат	Сақыпкерей Дидар	10
19	9	Сәрсенбай	Шуғыла	Жақанбай Аяулым	9
20	10	Жұмабек	Балауса	Сәрсенбек Назира	10
21		Асан Аят	7	Бекзатқызы Айш	9
22	7	Ермахан	Саяжан	Аманжол Арман	10

Диаграмма 6 – Қорытынды кезең бойынша білім сапасы және үлгерімі



Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің ұтымдылығын дәлелдеуге ықпал етті. Жалпы эксперимент нәтижелері негізінде төмендегі **қорытындыларға** қол жеткіздік:

1. Эксперимент нәтижесінде деңгейлік тапсырмалардың септік жалғауларды меңгертуде және коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда тиімді екені дәлелденді.

2. Ұсынылған әдістер мен тәсілдер оқушылардың белсенділігін арттырып, өз ойын еркін жеткізуге ықпал етті.

3. Грамматикалық білім мен сөйлеу дағдысы қатар дамыды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – басты мақсаттардың бірі. Қазақ тілі пәнін оқытуда бұл құзыреттілікті дамыту грамматикалық білім мен сөйлеу әрекетін қатар ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Осы зерттеу жұмысы аясында қазақ тіліндегі септік категориясы оқушылардың тілдік қатысымын жетілдіру құралы ретінде қарастырылып, оны меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдері сараланды.

Бұл зерттеу жұмысында қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мәселесі ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан жан-жақты қарастырылды. Ең алдымен, коммуникативтік құзыреттілік пен тілдік құзыреттілік ұғымдарының ара-жігі ажыратылып, олардың бір-бірінен айырмашылығы мен өзара байланысы нақты анықталды. Тілдік құзыреттілік оқушының грамматикалық құрылымдарды меңгеруін білдірсе, коммуникативтік құзыреттілік осы білімді тілдік жағдаяттарда орынды қолдана алу, мағыналы әрі түсінікті қарым-қатынас жасау қабілетімен сипатталатыны дәлелденді.

Зерттеу барысында септік жалғаулардың семантикалық ерекшеліктері жан-жақты талданып, олардың коммуникативтік құзыреттілікті дамытудағы рөлі анықталды. Әрбір септіктің мағыналық-қызметтік сипаты мен сөйлеу жағдаятындағы қолданыс ерекшеліктері сараланып, оқушының ойын нақты, түсінікті, жүйелі жеткізуіне қалай ықпал ететіні көрсетілді. Сонымен қатар, септік формаларының прагматикалық әлеуеті зерттеліп, олардың тілдік бірліктер арасындағы мағыналық байланыстарды, тыңдаушыға әсер ету тетіктерін, сөйлеушінің көзқарасын білдірудегі рөлі айқындалды.

Оқу үдерісінде деңгейлік оқыту жүйесінің маңыздылығы ерекше назарға алынды. Бұл әдістің әртүрлі қабілет деңгейіндегі оқушыларға тілдік материалды тиімді меңгеруге мүмкіндік беретіні тәжірибе арқылы дәлелденді. Зерттеу аясында коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі құрылып, олар тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы сынақтан өткізілді. Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімді екенін көрсетті. Жұмыс нәтижелері болашақта қазақ тілін оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдануға бағыт береді.

Зерттеу барысында септік жалғауларының грамматикалық сипаты ғана емес, олардың сөйлеу жағдаяттарында атқаратын қызметі де жан-жақты талданды. Әрбір септік жалғауының сөйлемдегі мағыналық рөлі, сөздердің байланысын реттеудегі қызметі оқушылардың тілдік ойлауын, сөйлеу мәдениетін дамытуда ерекше маңызға ие екендігі анықталды. Септік жалғаулары арқылы оқушылар сөйлем құрылымын дұрыс құрауға, мағыналық дәлдікпен ойды жеткізуге дағдыланады. Бұл – коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі шарты.

Жұмыс барысында дәстүрлі грамматиканы оқыту мен қатысымдық бағытты ұштастыру қажеттілігі алға шықты. Осыған сәйкес, зерттеу шеңберінде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге арналған практикалық тапсырмалар жүйесі, деңгейлік тапсырмалар және интерактивті әдістер ұсынылды. Бұл тәсілдер оқушылардың қазақ тілінде еркін, сауатты және дәл сөйлеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорытындылай келе, септік жалғауларын меңгерту – тек грамматикалық білім беру емес, сонымен қатар оқушылардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады. Сондықтан қазақ тілі сабағында септік категориясын коммуникативтік тұрғыдан меңгерту – уақыт талабына сай әдістемелік бағыт болып табылады.

Зерттеу нәтижелері практикалық тұрғыда мұғалімдер үшін әдістемелік көмек ретінде қолдануға қолайлы, әрі оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруда тиімділігі жоғары деп есептеуге негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. –120 б.
2. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. 2019, желтоқсан 31. – № 250.
3. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / Дж.Равен. – М.: Когито-Центр, 2002. –396 с.
4. Философский энциклопедический словарь. – М.: Сов.Энциклопедия. 1983. –816 с.
5. Chomsky N. Language and thinking . – М.: MSU publishing house, 1972. –р.122.
6. Nutmacher Walo. Key competencies for Europe // Report of the Symposium Berne (Switzerland 27-30 March, 1996) Council for Cultural Co-operation (CDCC). – Secondary Education for Europe Strasburg, 1997. P. 215.
7. Зеер Э.Ф. Личностно-ориентированное профессиональное образование. – Екатеринбург: Победа, 1998. – 125 с.
8. Сериков В.В. Личностно-ориентированный подход в образовании: концепция и технологии: Монография – Волгоград, 1994. – 150 с.
9. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образования. – 2003. – № 5.
10. Краевский В.В. Общие основы педагогики. –М: Изд.центр Академия, 2003. – 256 с.
11. Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образования. – М.: Уфа Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 34-38 бб.
12. Ниязова Г.Ж. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану – кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың маңызды элементі: дис. ... пед.ғыл.канд. – Алматы, 2008. – 121 б.
16. Оразбаева Ф.Ш. Практикалық стилистика. – Алматы, 1985. – 102 б.
17. Демьяненко М.Я., Лазаренко К.А., Кислая С.В. Основы общейметодики обучения иностранным языкам. – Киев, 1976. – 280 с.
18. Wuman, J. Theory of communicative competence. 1957. – P. 57-61.
19. Данцигер К. Малая группа как наиболее оптимальная форма удовлетворения образовательных потребностей личности учащихся // Научные труды международной научно-практической конференции ученых. – М., 2002. –59 с.

20. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М.: педагогика, 1990.
21. Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: дисс. ... докт. пед. наук.: 13.00.02. – М., 1998.
22. Радовель, М.Р. Теория коммуникативно-диалоговых отношений / М.Р. Радовель; Южный Федеральный ун-т; Пед. фак. – Ростов-на-Дону: ИПО ПИ ЮФУ, 2010. – 140 с.
23. Гойхман, О.Я., Надеина, Т.М. Речевая коммуникация: Учебник. / О.Я. Гойхман, Т.М. Надеина. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФА-М, 2007. – 272 с.
24. Евменова, Т.И. Речевая коммуникация: учебное пособие / Т.И. Евменова. – Министерство образования и науки Российской Федерации, государственное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Санкт-Петербургский гос. инженерно-экономический ун-т», Санкт-Петербург: СПбГИЭУ, 2011. – 150 с.
25. Клюев, Е.В. Речевая коммуникация: Успешность речевого взаимодействия: учеб. пособие для ун-тов и ин-тов / Е.В. Клюев. – М.: РИПОЛ Классик, 2002. – 320 с.
26. Недосека, О.Н. Основы теории коммуникации: курс лекций / О.Н. Недосека. – Москва, ВЛАДОС. – 2010. – 104 с.
27. Соколов, А.В. Общая теория социальной коммуникации: Учебное пособие / А.В. Соколов. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2002. – 461 с.
28. Хабермас, Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие: перевод с немецкого; под ред. Д.В. Скляднева / Ю. Хабермас. – Санкт-Петербург, Наука, 2006. – 377 с.
29. Емельянов Ю.Н. Обучение паритетному диалогу / Ю.Н. Емельянов. – Л., 1991. – 106 с.
30. Петровская, Л.А. Компетентность в общении / Л.А. Петровская. – М., 1989. – 216 с.
31. Холодная, М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования / М.А. Холодная. – Томск: Изд-во Томск. ун-та, 1997. – 392 с.
32. Берн, Э. Трансакционный анализ и психотерапия / Э. Берн. – СПб., 1994. – 224 с.
33. Петровская, Л.А. Компетентность в общении / Л.А. Петровская. – М., 1989. – 216с.
34. Транскомуникация: преобразование жизненных миров человека / Под ред. В.И. Кабрина. – Томск: Изд-во Том. ун-та, 2011. – 400 с.
35. Муравьева, О.И. Стратегии общения в структуре коммуникативной компетентности: учеб. для студентов вузов, учащихся по направлению и специальностям психологии / О.И. Муравьева. – Министерство образования Российской Федерации, Томск. Гос. у-т, 2003. – 116 с.
36. Культура и коммуникация: глобальные проблемы и локальные изменения: монография / Под общ. ред. Ю.В. Петрова. – Томск: Изд-во научн.-техн. лит., 2004, - 397 с.

37. Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация: Пер. с англ. / Сост. В.В. Петрова; Под. ред. В.И. Герасимова; Вступ. ст. Ю.Н. Караулова и В.В. Петрова. – М.: Прогресс, 1989. – 312 с.
38. Клюев Е.В. Речевая коммуникация: Коммуникативные стратегии. Коммуникативные тактики. Успешность речевого взаимодействия. Учеб. пособие для ун-тов и ин-тов / Е.В. Клюев. – М., 1998. – 224 с.
39. Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи / О.С. Иссерс. – Изд. 5-е. – М.: Издательство ЛКИ, 2008. – 284 с.
40. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2000. – 322 б.
41. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
42. Дәулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2008. – 290 б.
43. Шишов С.Е., Кальней В.А. Мониторинг качества образования в школе. – М.: Педагогическое общество России, 1999. – 354 с.
44. Рахметова Р. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 230 б.
45. Кондурар М.В. Понятия компетенция и компетентность в образовании. – Вектор Науки ТГУ, 2012. – № 1(8). – С. 189-191.
46. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: Баянжүрек, 2007. – 296 б.
47. Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы // Концепция гуманитарного образования в Республике Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1994. – 40 б.
48. Нестеров В., Белкин А. Педагогическая компетентность. – Екатеринбург. 2003. –186 с.
49. Рауандина А. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6 сыныптары): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 152 б.
50. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. –320 б.
51. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. –Алматы: Ғылым, 2002. –368 б.
52. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1966. –163 б.
53. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986. –192 б.
54. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 348 б.
55. Исаева С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. –180 б.
56. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 2003. –240 б.

57. Қазақ грамматикасы: Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис / Жауапты ред. Е. Жанпейісов. – Астана: Елорда, 2002. – 784 б.
58. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалды және семантикалық аспектісі. Филол.ғылым.докт.диссертациясы. –Алматы, 2006. - 282 б.
59. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматика. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 736 с.
60. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивтік грамматикасы. –Алматы: Қазығұрт, 2014. –392 б.
61. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтініндегі прагматикалық функция атқаратын микрокомпоненттер// «Филологиялық ғылымдар» Хабаршысы.– 2001. – №3. –101-110 бб.
64. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. –Москва, 2014, https://vk.com/doc40219838_324657401?hash=UD78ZxvNnOaSzx81du2qUwtKmHDwBS02H7pDWpfS0kT&api=1&no_preview=1
65. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2010. – 640 б.
66. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. -Астана, 2000. -125 б.
67. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Астана, 2007. – 390 б.
68. Жанпейісова М.Қ. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құрал ретінде. –Алматы, 2002. -180 б.
69. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.К. технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. –Алматы: Зерде, 2018. – 480 с.
70. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. –М., Педагогика, 1989. -385 с. +